

Р. Сәуенова, Н. Нұғыманова

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

ӘДІСТЕМЕЛІК НҮСҚАУ

Жалпы білім беретін мектептің
қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы
11-сынып мұғалімдеріне арналған құрал

Өңделіп, толықтырылған екінші басылымы

*Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігі бекіткен*



Алматы «Мектеп» 2011

УДК 373(072)
ББК 74.263.3
С28

Сәуенова Р., Нұғыманова Н.
С28 **Қазақстан тарихы: Әдістемелік нұсқау: Жалпы**
білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық
бағытындағы 11-сынып мұғалімдеріне арналған
құрал. — Өңд., толықт. 2-бас. — Алматы: Мектеп,
2011. — 160 б.

ISBN 978—601—293—405—2

С $\frac{4306020600-058}{404(05)-11}$ 27(2)—11

УДК 373(072)
ББК 74.263.3

© Сәуенова Р., Нұғыманова Н., 2007
© «Мектеп» баспасы, көркем
безендірілуі, 2011

Барлық құқықтары қорғалған

ISBN 978—601—293—405—2

Басылымның мүлдіктік құқықтары
«Мектеп» баспасына тиесілі

АЛҒЫ СӨЗ

Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 11-сынып мұғалімдеріне арналған бұл әдістемелік нұсқау оқушыларға Отан тарихының аса маңызды кезеңдері мен басты-басты ғылыми мәселелері жөнінен мектеп бағдарламасы көлемінде терең де толық білім беруге көмектеседі.

Құралда пәнді оқытудың жалпы түсініктемесі қарастырылып, «Қазақстан тарихын» оқытудың кейбір мәселелері, жекелеген тақырыптарды оқытудың жоспарлары сөз болады. Олар авторлардың өзіндік әдістемелік тәжірибесі ретінде көрініс береді. Бұлардың ішінде соңғы жылдары көп қолданылып жүрген оқушылардың өзара белсенділігін арттыру (*интерактивті*) әдісін қолдану үлгілері де бар.

Тарих пәнін оқыту теориясы мен әдістемесінде сабақтың мақсатын, міндеттері мен нәтижесін анықтау жөнінде бұлжымайтын қағида жоқ, яғни бұлардың бәріне мұғалімдер шығармашылықпен қарағаны дұрыс.

Негізгі мақсат — жаңа бағдарлама мен оқулықтағы білім негіздерін оқытып, үйретуге және оқушыларды мұғалімнің берген шығармашылық тапсырмасына байланысты кітапханаларда каталог-карточкалармен, мұрағаттарда түрлі құжаттармен жұмыс істеуге, қажетті монографиялармен, көпшілікке арналған әртүрлі әдебиеттермен танысып, баспасөз материалдарын пайдалана отырып қысқаша хабарлар, баяндамалар, рефераттар дайындауға, сөйлегенде өз пікірін анық айтуға дағдыландыру екеніне мұғалімнің назарын аудару.

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫН ОҚЫТУДЫҢ КЕЙБІР ӘДІСТЕМЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мектепте Қазақстан тарихын оқытудың басты мақсаты — жастарды Отан тарихымен таныстыру, қазақ халқы мәдениетінің басты-басты жетістіктерімен сусындату, өткен тарихты өздігінше сын көзбен талдап, сараптай алатын, келешекті бағдарлайтын, тарихи деректермен өз бетінше жұмыс істеп, білімін үнемі толықтырып отыратын, сол білімін күнделікті өмірде қолданып, қоғам пайдасына жарата алатын азамат тәрбиелеу.

Біз жастарымызды, соның ішінде, ең алдымен, мектеп оқушыларын, сырттан үздіксіз болып жатқан рухани экспансиядан қорғауымыз және оларды саяси сауатты болуына тәрбиелеуіміз, машықтандыруымыз керек. Міне, нақ сол үшін мектепте қоғамдық-гуманитарлық пәндерді, соның ішінде тарих пәнін әдіснамалық тұрғыда сапалы оқытуды, тарих ғылымының мектеп көлеміндегі әдіснамалық мәселелерін тереңірек ашып, жан-жақты түсіндіру зор маңызға ие.

Тарихты оқыту барысында демократияландыру ұстанымын жүзеге асыру деп қарапайым халық бұқарасының тарихта алатын орнын көрсете білуді, барлық игілік пен байлықты жасаушы халық екенін оқушылар зердесіне жеткізуді айтамыз.

Тарих сабағында гуманитарландыру үдерісі тарихта болған барлық ізгілік пен игіліктердің адам қолымен жасалғанын, оның қызметін, рөлін, еңбегін көрсетуді бірінші орынға қоя білуден көрінеді. Тарихтағы аса көрнекті қайраткерлердің өмірі мен қызметін жан-жақты ашып көрсету, оқушыларды соларды үлгі етіп тәрбиелеу, олардың халыққа жасаған жақсы істерін дәріптеу.

Мұғалім осы ұстанымды оқушыларымен қарым-қатынасында қолдана білуі тиіс. Мұның өзі өте күрделі де қиын міндет, оның үдесінен шыға алу мұғалімнің шәкірттерін, мектеп оқушысының психологиясын қаншалықты білетіндігіне байланысты. Бұл талапты жүзеге асыру үшін оқушылардың орындайтын әртүрлі тапсырмаларын бірте-бірте қиындатуға, олардың ішінде ойлау қызметін дамытуға бағытталған тапсырмалардың көбірек болуына көңіл бөлген жөн. Мұның өзінде де әр оқушының өзіндік ерекшелігін — қабілетін, ынтасын, қызығушылығын мұқият ескеріп отырған дұрыс.

Тарих пәнінің, оның әрбір тақырыбының, сабағының алдына қойылатын басты үш мақсат (*білімдік, тәрбиелік, дамытушылық*) бар. Қазіргі күнде де бұлардың маңызы арта түсуде. Сабақтың дамытушылық мақсаты оқушылардың ойлау қабілетін арттыруға баса назар аударып отыруды талап етеді.

Тарихты оқытудың дәстүрлі ұйымдастыру нысандары: *сабақ, семинар, дәріс, біліктерді қалыптастыруға және қолдана білуге үйрету; конференция, консультация, экскурсия және тағы басқалар*. Әрине, мұғалімнің семинар мен дәрісті ұйымдастыруына оқушылардың алдын ала дайындығы қажет.

Тарих сабағының бұрыннан пайдаланылып келген тиімді түрпатымен қатар, қазір озат мұғалімдер тәжірибесінде сабақтың дәстүрлі емес: *пікірсайыс, рөлдік, түрлендірілген, театрландырылған, топқа бөліп жарыстыратын, саяхат, сабақ-конференция, кеңес беру, кіріктірілген, аукцион, тарих дөңгелегі, ойын-сабақ, сабақ-викторина, сабақ-бәйге, мұражайдағы сабақ* сияқты түрлері де қолданылып жүр. Оқытудың қандай нысаны мен сабақтың қандай түрін таңдау материалдың мазмұнына тікелей байланысты. Демек, оқу материалының ойдағыдай меңгерілуі сабақтың тиімді түрін таңдау арқасында жүзеге асады. Жиі қолданылатын *дәстүрлі безендірулер* көмегімен тақырып мазмұнын ұғындыру әдістерімен қатар, жоғары сыныптарда оқушының жауабына қатысты пікір айту; мәтіндегі негізгі мәселені табу; кескін картамен, жұмыс дәптерлерімен және қосымша дидактикалық материалдармен жұмыс істету; туған өлке материалын пайдалану; түрлі жазбаша жұмыстарды (баяндама, хабарлама) орындату, т. б. әдіс-тәсілдерін оқу барысында тарихи оқиғаларды таразылай білуде көп септігін тигізеді.

Тарих пәнін оқыту теориясы мен әдістемесінде оқытуды өмірмен, қазіргі кезеңмен байланыстыру талабы қойылған. Бұл талапты орындауда тарих пәнінің мүмкіндігі мол. Мысалы, «Қазақстанда тұратын өзге этникалық топтар» немесе «Тәуелсіз Қазақстан Республикасы» тарауларындағы тақырыптардың мазмұны күнделікті өмірмен, қазіргі кезеңмен тығыз ұштасып жатады. Бірақ осы пән бойынша сабақ беретін ұстазға күнделікті сабақ материалын қазіргі қоғаммен, Қазақстанның ішкі, сыртқы жағдайымен

байланыстырып қана қоймай, қажетті деректерді талқыға сала отырып, оқушыларды сол деректерден тиісті, дұрыс қорытынды шығаруға үйрету міндеті жүктеледі.

Қазір 4 млн-нан астам қазақ шетелдерде тұрады, олардың бәрі дерлік тарихи Отаны — Қазақстанға оралғысы келеді, ал осы орайда тілек білдірушілердің бәрін бірдей көшіріп алып, орналастыру әртүрлі себептерге байланысты қазірше мүмкін болмай отыр. Неге? Осы сияқты сұрақтарға оқушылардың ойын ашық айтқызу, пікірталас туғызу, соңынан дұрыс қорытынды шығару сабақтың негізгі міндетін қатар жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Талқыланған деректер, оқиғалар оқушы есінде берік сақталады, демек, *сабақтың білімдік* міндетін орындауға көмектеседі. Қойылған сұрақтарға оқушылар біраз ойланып барып жауап береді, жауаптар түзетіледі, толықтырылады, нәтижесінде *сабақтың дамытушылық* міндеті жүзеге асырылады.

Мемлекеттік білім стандартының енгізілуіне байланысты енді *оқытудың нәтижесін анықтауға* баса назар аударылуда:

а) оқыту нәтижесін тексеру әдіс-тәсілдерінің уақыт өткен сайын күрделене түсетіндігін өмір көрсетті;

ә) оқушылардың білімін, біліктілігін, ойлау деңгейінің дамуын, тәрбиелілігін тексеру аса маңызды болғандықтан, оны үлкен дайындықпен және жауапкершілікпен, жоспарлы түрде жүргізіп отыру қажет;

б) оқушылардың алған білімдері олардың тәрбиесіне әсер етсе, оқушының ішкі сезіміндегі, сеніміндегі, жандүниесіндегі өзгерістерді білдірсе, тарихи оқиғалар мен үдерістерге, оқиғаның, құбылыстың мазмұнына өз тұрғысынан баға беріп, ренжу, қуану, өкіну, ұмтылу, көмектесу, сезіну, ұялу, түсіну сезімдерін байқатса;

в) 11-сынып оқушылары тарихи оқиғалар арасындағы байланыстарды ашып көрсетсе және олардың белгілері арасындағы айырмашылықтардың себептерін түсіндіріп бере алса, мұның өзі оқушылардың ойлау деңгейінің дамығандығы болып есептеледі.

Оқыту нәтижесін тексерудің басқа да жолдары бар. Ол — оқушылардың *білім дәрежесін деңгейлерге бөлу*. Яғни *міндетті* және *мүмкін деңгейлер*. Оқушылардың тарих пәнінен меңгерген білім дәрежесін берілген сұрақты

бірнеше элементке бөлу арқылы анықтау қажет. Ол үшін сұрақтың білім элементтерін айыра білуге жаттығу керек.

Оқыту нәтижесін тексеруді ұйымдастыру нысандары және тексерудің әдіс-тәсілдері мәселесіне келсек, оқушылардың білімі, алдымен, жаңа материалды оқып үйрену барысында байқалады. Мұнда оқушылардың негізгі тірек-деректерді, ұғымдарды, жасалған ғылыми қорытындылар мен тарихи деректерге берілген бағаларды қаншалықты дәрежеде түсінгендігі анықталады. Оқылған материалды оқушылардың терең меңгергенін анықтаудың тағы бір тәсілі — *олардың өздеріне қорытынды жасату*.

Білімді тексерудің екінші жолы — *үйге берілген тапсырманы сұрау*. Мұнда білімді тексерудің ауызша және жазбаша тәсілдерін қолдануға болады. Оқушылардың білім деңгейін ауызша тексергенде оларға қойылатын сұрақтарды алдын ала дайындау қажет және сұрақтардың түрі мен деңгейлері түрліше болуы керек. Оқушының жауабын мұқият тыңдап, жауаптың толықтығына, нақтылығына, тереңдігіне, дәлдігіне назар аударған дұрыс.

Сабақ үстінде оқушылар білімін жазбаша тексерудің түрлері: толық жоспар құру; тезисін жасау; тақырыпты сұрақтарға бөлу және жауап жазу; кескіндеме жасау тапсырмаларын орындату; диаграммаларды, сұлбаларды, кестелерді сыздырту. Жазба жұмыстың барлығы мұқият тексеріліп, бағаланады.

Білімді тексеруде қайталау сабақтарының маңызы зор. Көлемді тақырып бойынша қайталау сабақтарында, оқу тоқсанының аяқталуына, белгілі тарихи дәуірді қайталап-қорытуға, тірек білімдерді жүйеге келтіруге арналған жинақтап-қорыту сабақтарын оқытудың нәтижесін анықтауда үлкен маңызға ие.

Кейінгі уақытта оқушылардың білімі тарих пәнінен ұйымдастырылған аудандық, қалалық байқау жарыстары мен олимпиадаларында білім тестік тәсілмен тексеріледі. Бұл әдіс — өмір талабы. Оның артықшылығы мынада: аз уақытта көп оқушының білімі тексеріледі, барлық оқушы баға алады, оқушылар тестік сұрақтарға жауап беруге жаттығады.

Мектептердегі оқу үдерісін жетілдіру, жаңғырту бағытында нақты қадамдар жасалуда. Олардың ішінде ең бастысы білім беру барысында *жаңа педагогикалық және*

ақпараттық технологияларды кеңінен қолдану. Оны жүзеге асыру үшін мұғалімге біраз еңбектенуге, шығармашылықпен жұмыс істеуге тура келеді. Мұғалімнің осы бағытта жаңа педагогикалық, ақпараттық технологиялар тақырыбындағы әдебиеттерді, журнал мақалаларын оқып, зерделегені дұрыс болмақ. Бұларды өз тәжірибесінде біртіндеп қолданып көрумен қатар, осы жаңалықтар бойынша жұмыс жасап жатқан ұстаздардың іс-тәжірибесінен үйрену қажет. Демек, біз қысқаша атап өткен жаңалықтар, өзгерістер жастарды ХХІ ғасырдың талабына сай оқыту, дамыту, тәрбиелеу талаптарынан туындап отыр.

Әдістемелік ұсыныстармен мұқият танысқаннан кейін кейбір ұстаз сабақ жоспарын, оларды ұйымдастырып өткізу жобаларын басқаша жасауы мүмкін. Осындай жағдайларды ескере отырып, авторлар оқулықтағы тоғыз тараудың әрбір тақырыпшасын оқытудың тақырыптық-сабақтық үлгі жоспарын түрлі әдіс-тәсілдермен қатар ұсынуды жөн көрді.

I тарау. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК ЖОЛЫНДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КҮРЕСІ

Қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы ұлт-азаттық күрес тарихы — Қазақстан тарихы курсындағы негізгі тақырыптардың бірі.

Мұнда XVII—XVIII ғасырлардағы қазақ-жоңғар қатынастары мен XVIII—XIX ғасырлардағы ұлт-азаттық қозғалыстар және олардың туу себептері, негізгі оқиғалары, нәтижелері мен салдары ашып көрсетіледі. Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстардың дамуы мен ерекшеліктерін анықтауға және оны дүниежүзілік тарих тұрғысынан саралай білуге назар аударылады.

Тараудағы тақырыптарды оқытудың білімдік мақсаты — ұлт-азаттық қозғалыс, көтеріліс, төңкеріс ұғымдарына талдау жасап, Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстың дамуын, ерекшелігін дүниежүзілік ұлт-азаттық қозғалыс тарихымен салыстыра отырып түсіндіру.

Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстар мен күрестердің даму кезеңдеріне сипаттама беріп, тарихи маңызын ашып көрсету.

Тараудағы тақырыптарды оқытудың тәрбиелік мақсаты — ұлт-азаттық қозғалыстың тарихи мәнін, қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы ерлік күресінің ерекше сипатын түсіндіру арқылы оқушының отаншылдық сезімін қалыптастыру.

Ұлттық тәуелсіздік, тәуелсіз мемлекет идеяларын жандандыру.

Тараудағы тақырыптарды оқытудың дамытушылық мақсаты — ұлт-азаттық қозғалыс оқиғаларына талдау жасап, дүниежүзілік тарих тұрғысынан саралай білу.

Азаттық қозғалыстың себептерін анықтап, нәтижелеріне қорытынды жасап, өз пікірлерін айта білуге дағдыландыру.

§ 1. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАРДЫҢ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ, ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ, ТАРИХИ МАҢЫЗЫ

Сабақтың білімдік мақсаты. Сабақ барысында ұлт-азаттық қозғалыс ұғымы турасында түсінік қалыптастыра отырып, оның туу себептерін ашып көрсету. Ұлт-азаттық қозғалыстың даму кезеңдері мен ерекшеліктеріне және олардың ішіндегі неғұрлым ірілеріне тоқталып сипаттама беру.

Қазақ халқының XVIII—XX ғасырлардағы жүргізген азаттық күрестерінің бір-бірімен байланысына оқушылардың назарын аудару.

Кеңестік дәуірдегі республика тұрғындарының Коммунистік партияның орталық органдарының саясатына білдірген наразылықтарын айтып, 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі қазақ халқының ғасырлар бойғы күресін аяқтап, тәуелсіздікке жол салғанын әңгімелеу.

Сабақтың тәрбиелік мақсаты. Қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысының күрделі жолдан жүріп өткендігін, сондай-ақ осы жолда негізгі мақсат пен мүддесінен ауытқымағандығын айғақтайтын деректік материалдар мен тұжырымдар келтіре отырып оқушылардың отаншылдық сезімін қалыптастыру.

Сабақтың дамытушылық мақсаты. Жаңа материалдың тақырыбымен, мақсат-міндеттерімен, негізгі мәселелерімен таныстыру арқылы алдын ала проблемалық, логикалық тапсырмалар беріп, оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыту.

Базалық білім. Қазақстан Ресей империясының құрамында, отарлаудың ерекшеліктері. Қазақ халқының саяси тәуелсіздігін жоғалтуы.

Тірек ұғымдар. Ұлт-азаттық қозғалыстың мақсаты, себебі, сабақтастығы, ерекшеліктері. Ұлт-азаттық қозғалыс ұғымы.

Көрнекі және дидактикалық құралдар. XVII—XVIII ғасырлардағы Қазақстан картасы, 11-сыныпқа арналған дидактикалық материалдар ұлт-азаттық қозғалыстардың кестесі, тірек-сызбалар.

Сабақ өткізудің әдісі. Жаңа материалды оқып үйренуге арналған сабақ.


Сабақтың нәтижесі. Сабақ барысында оқушылар қазақ халқының елдік, ерлік тарихының маңызды кезеңдерінің бірі — ұлт-азаттық қозғалыс туралы түсінік алады.

Сабақтың барысы. Алғашқы сабақ қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы ұлт-азаттық күресі туралы болғандықтан сабақ түсінік беруден басталады.

Сабақтың бұл кезеңінде жаңа материалдың оқушылар бұрыннан білетін қайсыбір элементтері ұғымдар, дата-лар, т. б. сәйкес пәндерді, курстарды өткендегі біліктері, сондай-ақ оқушылардың осы тақырыпқа байланысты мерзімді баспасөзден, көркем әдебиеттен білетіндері естеріне түсіріледі. Мұғалім оқушылармен жүргізілетін жұмыс түрлерін таңдағанда олардың түрлі тұрпатта болғанына назар аударуы керек. «Ұлт-азаттық қозғалыс ұғымының

жалпы сипаттамасы» атты бірінші тақырыпшаны өңгіме, сұрақ-жауап әдістерін қолдану арқылы түсіндіруге болады.

Оқушыларды тақырыптағы негізгі ұғымның маңыздылығына көңілін аудартып, мәнін ашу үшін мұғалім төмендегі сұлбаны пайдалана отырып түсінік береді.



Тақырыпты талдауға оқушыларды қатыстыру үшін мынадай тапсырмалар беруге болады:

1. Ұлт-азаттық қозғалыс, көтеріліс, төңкеріс ұғымдарының мәнін түсіндіріңдер.
2. Отан соғысы мен ұлт-азаттық көтеріліс ұғымы арасында қандай сабақтастық бар екенін дәлелдеп беріңдер.
3. Қазақ халқының ұлт-азаттық күресін әлемдік деңгейдегі Үндістан халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық күресімен салыстырыңдар. Олардың бастапқы алғышарты, себебі, сипаты, қозғаушы күші, көтеріліс аумағы, көтерілістің ұзақтығы мен нәтижесіне жекелей тоқталыңдар.

Сынып оқушыларының дамытушылық қабілеті сұлба арқылы өрі қарай жалғасады.

Отан соғысы мен ұлт-азаттық қозғалыстың ортақ мақсаты мен ерекшеліктері



Мұғалім тақырыпты саралай келе оқушылардың Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстардың әлемдік, шығыстық, өз ішіндегі ұлт-азаттық қозғалыстардың өзара сабақтастығы туралы түсінігін қалыптастырады. 1783—1797 жылдары Сырым Датұлы бастаған көтерілістен 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысқа дейінгі кезеңдегі көтерілістерді кесте түрінде дәптерге түсіріп, пайдалануға болады.

Екінші тақырыпшаны қарастыру барысында мына сұрақтарға назар аударуды ұсынады:

1. Неліктен Ресейдің Кіші жүз бен Орта жүзді өзіне қосып алуы күрделі де қайшылықты жүрді?
2. Саржан және Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысты тудырған себептерді айтыңдар.
3. Қазақстанның Ресейге қосылу дәуіріндегі ұлт-азаттық қозғалыстарды атап, себебін түсіндіріңдер.

Үшінші тақырыпшаны оқушылардың өздік жұмысы арқылы талдауға болады. Ол үшін мынадай топтық жұмыс ұсынылады. Әр топқа берілетін тапсырма тақтаға жазылады.

Ұлт-азаттық қозғалыс кезеңдері	Кезеңнің қысқа сипаттамасы	Көтерілістер, бас көтерулер
I кезең		
II кезең		
III кезең		

Тақырыпты бекіту параграф соңындағы сұрақтар бойынша жүргізіледі.

Үйге тапсырма. Параграфты оқып 1783—1797 жж. Сырым Датұлы бастаған қозғалыстан 1916 жыл аралығын қамтыған ұлт-азаттық қозғалыстарды дәптерге жазу.

§ 2. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЖОҢҒАР БАСҚЫНШЫЛАРЫНА ҚАРСЫ АЗАТТЫҚ КҮРЕСІ

Сабақтың білімдік мақсаты. XVII ғасырдың соңы мен XVIII ғасырдың басындағы Қазақ хандығының ішкі және сыртқы жағдайына сипаттама беріп, Тәуке хан тұсында ішкі тартыстар тоқталып, сыртқы шапқыншылықтан қорғану ісі жолға қойылғанын түсіндіру. “Ақтабан шұбырынды” кезеңінің зардаптары мен Жоңғар шапқыншылығына қарсы қазақ халқының ерлік күресін, батырлар бастаған халық жасақтарының рөлін нақты деректермен ашып көрсету.

Сабақтың тәрбиелік мақсаты. Жаугершілік жылдары елдің басын құрап, халық мүддесін қорғаған ұлт-азаттық қозғалысының қаһарман батырларының ерліктері негізінде оқушыны ұлттық патриоттық тәрбиеге баулу.

Сабақтың дамытушылық мақсаты. Тарихи құжаттарды талдап, өз бетінше қорытынды жасап, өз ойын, көзқарасын ашық айту қабілетін қалыптастыру.

Сабақ өткізудің әдісі. Аралас сабақ (өңгіме, өздік жұмыс, сұрақ-жауап). Семинар сабақ.

Базалық білім. Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстардың туу себептері, даму кезеңдері, ерекшеліктері осы тақырыпқа базалық білім болып табылады.

Тірек ұғымдар. XVII ғасыр соңы мен XVIII ғасырдың басындағы Қазақ хандығының ішкі және сыртқы жағдайы, “Ақтабан шұбырынды” кезеңі, ұлт-азаттық қозғалыстың қаһарман батырлары.

Көрнекі және дидактикалық құралдар. XVII—XVIII ғасырлардағы Қазақстан картасы, Аңырақай шайқасының суреті, “Қазақ батырлары”, “Қазақ билері” суретті альбом. Оқулық хрестоматиясы, тірек-сызбалар.

Бірінші тақырыпшаны Қазақстан тарихының хрестоматиясындағы құжаттарды қарастырудан бастаған жөн.

Мұғалім XVII—XVIII ғасырлардағы Қазақстан картасын пайдалана отырып, оқушылардың назарын қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық күресіне аударып, Қазақ хандығының ішкі және сыртқы жағдайына қатысты нақты деректер келтіріп, сипаттама береді.

«XVIII ғасыр басындағы Қазақстанның жағдайы», қазақ-жоңғар қатынасы туралы хрестоматияда берілген құжаттарды пайдалануға болады.

Екінші тақырыпша бойынша оқушыларды топ-топқа бөліп, олардың өздік ізденісін ұйымдастыру ұсынылады. Мысалы:

I топ — жоңғар әскерлерінің толассыз жорықтарын дәптерге тізіп жазып, мына тарихи даталарға сәйкестендіру.

- а) 1643, 1681—1684, 1698 ж.;
- ә) 1710 ж.;
- б) 1718 ж.;
- в) 1723 ж.;
- г) 1725 ж.

II топ — Қазақ хандығының ішкі-сыртқы жағдайы.

III топ — «Аңырақай шайқасы» туралы қосымша құжат (Параграф соңындағы құжат) материалын пайдаланып, шайқас жоспарын жасап, дүниежүзіндегі ірі шайқастардың қатарында екені жөнінде түсінік береді.

Мұғалім өздік-ізденіс жұмысты талқылап, пікірталас ұйымдастырып оқушыларды бүкіл қазақ күштерінің бірігуі қажет болғаны туралы қорытындыға әкеледі. Бірігу идеясының бүгінгі күнгі Тәуелсіз Қазақстан үшін қандай мәні бар екеніне назар аударылады.

Қазақ-жоңғар соғысында ерекше көзге түскен тұлғалар жайындағы тақырыпшаны семинар түрінде өткізуге болады. Оқушылар алдын ала семинар жұмысының сұрақтарын және әдебиеттер тізімін алады. Баяндамалар бөлініп беріледі. Сабаққа дайындықты екі тәсілмен ұйымдастыруға болады.

1-тәсіл — сынып үш топқа бөлінеді. Әр топ тақырып жоспарының бір мәселесіне тиянақты дайындалады. Қосымша құжаттарды іздеп, іріктеп, мәселені жан-жақты талдап, мазмұнын ашып көрсетеді.

2-тәсіл — сынып оқушыларының толықтай қатыстыру үшін баяндамалар, рефераттар бөлініп беріледі. Баяндама көлемі шағын (ұзақтығы 3—5 мин шамасында), әрбір қайраткерге арналып жазылады.

Семинар жұмысының жоспары:

1. Азаттық қозғалыстың жеңіспен аяқталуына үлес қосқан қаһарман батырлар:

- Қаракерей Қабанбай батырдың ерліктері.
 - Қанжығалы Бөгенбай Ақшаұлы — аса көрнекті қолбасшы, елші, елін жаудан қорғаған батыр.
 - Шақшақұлы Жәнібек — көрнекті қолбасшы, мемлекет қайраткері, жоңғарларға қарсы азаттық күресті ұйымдастырушы.
 - Шапырашты Наурызбай батырдың ерліктері.
2. Азаттық күресті ұйымдастырушы ел билеуші хандар:
 - Әбілқайыр хан — даңқты қолбасшы, көреген саясаткер, мемлекет қайраткері.
 3. Азаттық күреске белсене қатысқан билер:
 - Төле би Әлібекұлы — қоғам қайраткері, азаттық күресті ұйымдастырушы, шешен.
 - Қазыбек би Келдібекұлы — қоғам қайраткері, мәмілегер, азаттық күресті ұйымдастырушы.
 - Әйтеке би Бәйбекұлы — қоғам қайраткері, азаттық күресті ұйымдастырушы.

Сабақтың қорытынды бөлімінде оқушылардан жолдастары жасаған баяндамаларға баға беруі сұралады.

Дұрыс жасалған баяндамалардың мынадай белгілері болады: материалды тиімді іріктеп алуы; қысқа уақытта азаттық қозғалыстағы тарихи тұлғаларға сипаттама бере білуі; тарихи кезеңге сәйкес материалдарды ерекшелігімен байланыстыра білу; қолданылған материалдардың құндылығын баса көрсетіп, жеткізе білуі тиімді.

Семинар сабағы оқушылардың сөйлеу шеберліктері мен дағдыларын қалыптастыруға және өз бетімен қосымша іздену жұмыстарын жүргізуге үйретеді. Бекіту үшін қойылатын сұрақтар мен тапсырмалар.

1. Неліктен XVIII ғасырдың бірінші жартысы қазақ халқы өміріндегі ең ауыр, азапты кезең деп сипатталады?
2. Жоңғар басқыншылығының және ауыр кезеңнің күшеюіне қандай жағдайлар әсер етті?
3. Шөкәрім Құдайбердіұлы өзінің “Қалқаман — Мамыр” дастанында “Ақтабан шұбырынды” кезеңін қалай бейнелейді?

Үйге тапсырма: “Менің туған өлкем жоңғар шапқыншылығы жылдарында” деген деректі өңгіме құрастыру.

§ 3. XVIII ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ РЕСЕЙ ОТАРШЫЛДЫҒЫНА ҚАРСЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАР

Сабақтың мақсаты. XVIII ғасырдың екінші жартысында патша өкіметінің Кіші жүз бен Орта жүздегі жүргізген отаршылдық саясатын нақты деректермен ашып көрсетіп, оқушылардың назарын жер мәселесіндегі отаршыл саясатқа аудару.

Патша өкіметінің отаршыл саясатына қарсы Кіші және Орта жүз қазақтарының Е.Пугачев басқарған 1773—1775 жылдардағы шаруалар соғысына қатысуын түсіндіру.

Сырым Датұлы басқарған ұлт-азаттық қозғалыстың алғышарттарын, себептерін, мақсатын ашып көрсетіп, көтерілістің жеңілу себептерін анықтау.

Отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің зор тарихи маңызын ұғындыру.

Сабақтың дамытушылық мақсаты. Оқушылардың оқулық мәтінімен өздігінен жұмыс істеу дағдыларын, картаға және тарихи оқиғаларға талдау жасап, деректерді салыстырып, тұжырым жасау дағдыларын дамыту.

Базалық білім. Жоңғар шапқыншылығына қарсы қазақ халқының ұлт-азаттық күресі. 1710 жылы, 1726 жылы, 1729 жылдары біріккен қазақ жасағының жеңіске жетуі. 1710 жылы Қарақұмдағы I Құрылтай және 1726 жылы Ордабасыдағы жиын шешімдерінің маңызы.

Тірек ұғымдар. XVIII ғасырдың екінші жартысындағы патша өкіметінің Кіші жүз бен Орта жүздегі отаршылдық саясаты. Қазақтардың 1773—1775 жылдардағы Е.Пугачев басқарған шаруалар соғысына қатысуы. 1783—1797 жылдардағы Сырым Датұлы бастаған Кіші жүздегі ұлт-азаттық қозғалыс. Көтерілістің тарихи маңызы.

Көрнекі және дидактикалық құралдар. XVIII ғасырдағы Қазақстанның картасы, ұлт-азаттық қозғалыстардың жеке карта-сұлбалары, кестелер, суреттер.

Сабақ өткізудің өдісі. Аралас сабақ.

Сабақтың нәтижесі. Оқушылар қазақ халқының отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себебін, мақсатын, қозғаушы күші, барысы мен нәтижесін және тарихи маңызын оқып біледі.

Патша өкіметінің Қазақстандағы отаршылдық саясатының тереңдей түсуін біледі.

Ұлт-азаттық қозғалыстың тарихи маңызына баға береді.

Сабақтың барысы. Жаңа тақырыпты түсіндіруде мұғалімнің ұстанатын басты қағидасы оқушының логикалық ойлау қабілетін үнемі дамыта отырып, оларда білімдік, дамытушылық, тәрбиелік міндеттердің қалыптасуын қамтамасыз ету.

Сабақтың жоспары:

1. XVIII ғасырдың екінші жартысындағы патша өкіметінің Кіші жүз бен Орта жүздегі саясаты.
2. Қазақтардың 1773—1775 жылдардағы Е.Пугачев басқарған шаруалар соғысына қатысуы.
3. 1783—1797 жылдардағы Сырым Датұлы бастаған Кіші жүздегі ұлт-азаттық қозғалыс.
4. Хандық биліктегі өзгерістер.

Мұғалім осы мәселелерді жүйелі қарастыра отырып, оқушылардың тақырыпты меңгерудегі жалпы міндеттерін түсіндіреді.

XVIII ғасырдың екінші жартысындағы патша өкіметінің Кіші жүз бен Орта жүздегі отарлық саясатының күшеюін мұғалім өңгімелеп айтып береді.

Мұғалім мына міндеттерді түсіндіреді:

- Халықаралық жағдайдың шиеленісуі.
- Патша өкіметінің Қазақстанға қатысты жоспары.
- Патша өкіметінің Кіші жүзге және Орта жүзге жүргізген саясаты.

Мұғалім осы міндеттерді түсіндіру арқылы оқушылардың бұл кезең жөніндегі түрлі ой қорытындыларын ұсынуына жағдай туғызады, сонымен қатар оқушылардың ынтасын тексеру үшін және олардың ойына түрткі болар болжамдар іздеуі үшін төмендегідей сұрақтар қойып, бағыт-бағдар бергені орынды.

1. Қазақ хандығының саяси бытыраңқылығы патша өкіметінің отарлау саясатына тиімді болды. Неліктен?
2. Патша өкіметі қазақ жерінде бекіністер салғанда қандай мақсатты көздеді?
3. Ресейге бірінші болып қай жүз қосылды?
4. Орыс мемлекетінен алғаш жалақы алған қай хан?
5. Патша үкіметі 1742—1765 жылдардағы заң актілерін шығарды. Бұл неге қазақтардың мүддесіне қайшы келді?

Қазақтардың 1773—1775 жылдардағы Е.Пугачев бастаған шаруалар соғысына қатысуы оқушылардың оқулық мәтіні бойынша өздігінен оқып талдауына негізделеді:

1. Қазақтардың көтеріліске қатысуының алғышарттары мен себептері, қозғаушы күші.

2. Кіші жүз және Орта жүз қазақтарының шаруалар соғысына қатысуы.

3. Қазақтардың қатысуымен болған маңызды оқиғалар (қоршау, қауіп төндіру әрекеттері).

Параграфтың келесі тақырыпшасы 1783—1797 жылдары Сырым Датұлы бастаған Кіші жүздегі ұлт-азаттық қозғалыс туралы қарастырғанда көрнекі және дидактикалық құралдарды ретімен пайдаланған жөн. Сырым Датұлы туралы жазылған қосымша құжат материалдарын да пайдаланған тиімді. Көтерілістің алдын ала даярланған карта-сұлбасы, Кіші жүз руларына салынған салық мөлшерін көрсететін кесте және көтеріліс кезеңдерінің кестесі пайдаланылып, көтеріліске даярланған жоспар бойынша түсінік беріледі.

Көтерілісті түсіндіру жоспары

1. Көтерілістің алғышарттары мен себептері.
2. Көтерілістің басталуына түрткі болған жағдай.
3. Көтерілістің мақсаты.
4. Көтерілістің сипаты.
5. Қозғаушы күші.
6. Көтеріліс басшылары.
7. Көтерілістің барысы мен кезеңдері.
8. Нәтижесі.
9. Жеңілу себептері.
10. Тарихи маңызы.

Мұғалім оқушылардың ойын дамыту мақсатында шағын пікірталас ұйымдастыруына болады.

Пікірталаста мына мәселе қарастырылады:

Қазақ халқының алдында өмірлік маңызды екі мәселені шешу міндеті тұрды:

а) ыдырап бара жатқан дәстүрлі қазақ ділін (қазақтың мемлекеттігін) сақтап қалу;

ә) жер мәселесін шешу.

Сынып оқушылары екі топқа бөлінеді:

I топ — көтеріліс өзінің алдында тұрған міндеттердің шешілуімен аяқталуы мүмкін деп есептеушілер.

II топ — көтеріліс сәтсіздікпен аяқталуы тиіс деп есептеушілер.

Әр топ өз нұсқаларын дайындап, көзқарастарын дәлелдейді. Соңынан мұғалім қорытынды жасайды.

Мұғалім көтеріліс барысын әңгімелегенде, оқушыларды қатыстыра отырып, өзара талқыға салады. Мына мәселелерге назар аударылады.

— қозғалыстың жалпыхалықтық сипаты;

— Кіші жүз рубасыларының құрылтайында қаралған мәселелер;

— Игельстром реформасы және оның сәтсіздікке ұшырауы;

— Сырым Датұлының патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарсы ашық күреске шығуы;

— Көтерілістің жеңілу себептері.

Оқушының біліктік сапасын жүйелеп, білімін жинақтау үшін өзара байланысты, бірін-бірі дамытатын сұрақтар қойылады.

1. Көтерілістің басты талабы — жер мәселесі болды. Неліктен?
2. Тарихи деректерде көтерілісшілер саны қанша адам деп көрсетіледі?
3. Көтеріліске Кіші жүздің қандай рулары қолдау көрсетті?
4. Нұралыны хандықтан тайдыруда екі жақ екі түрлі мақсат көздеді. Ол қандай мақсаттар?
5. 1797 жылы Сырым Датұлы күресті тоқтатады. Неліктен?

Мұғалім оқушылардың білімін жинақтау, бекіту сұрақтарына берген жауаптарын қорытындылап, толықтырады. Тақырыпты қорытындылау мұғалімнің тәрбиелік бағыттағы қағидаларына тікелей қатысты.

Үй тапсырмасы ретінде көтерілістің хронологиялық кестесін жасауды беруге болады.

Жылдар	Негізгі оқиғалар

§ 4. XIX ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАР

Сабақтың білімдік мақсаты. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы ұлт-азаттық қозғалыстардың себебін, мақсатын, барысын түсіндіріп, осы қозғалыстардың бір-бірінен және басқа ұлт-азаттық күрестерден айырмашылығын, ұқсастығын ашып көрсету. Оқушылардың назарын ұлт-азаттық күрестердегі ұрпақтар сабақтастығына аудару.

Сабақтың дамытушылық мақсаты. Тарихи оқиғаларды салыстырып, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтай білу. Тарихи деректер мен құжаттарды оқып талдау жасап, өз ой-пікірін білдіруге баулу.

Сабақтың тәрбиелік мақсаты. Ұлт-азаттық қозғалыстың тарихи мәнін, қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы ерлік күресінің тарихи маңызын түсіндіру арқылы оқушының отаншылдық сезімін қалыптастыру.

Сабақтың жоспары:

1. Орта жүздегі патшалық реформаларға қарсылық. Саржан Қасымұлы бастаған қозғалыс (1825—1836 жж.)
2. Кіші жүздегі Жоламан Тіленшіұлы бастаған қозғалыс.
3. Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс (1837—1847 жж.).

Базалық білім. 1822 жылғы «Сібір қазақтары туралы» Жарғы. Орта жүздегі Саржан Қасымұлы бастаған көтеріліс. XIX ғасырдың 20—30-жылдарындағы Кіші жүздегі Жоламан Тіленшіұлы бастаған қозғалыс.

1837—1847 жылдардағы Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс.

Тірек ұғымдар. Хандық биліктің жойылуы, округтердің құрылуы, Кіші жүздегі көтерілістің ұлт-азаттық сипаты, Кенесары Қасымұлы көтерілісінің басты мақсаты, қазақ жерінің тұтастығы мен ұлттық бірлігін қалпына келтіру.

Сабақтың типі: аралас сабақ.

Мұғалім тақырыпты түсіндіру барысында патша өкіметінің 1822 жылғы «Сібір қазақтары туралы» Жарғыны енгізу арқылы Орта жүзде хандық билікті жойғанын оқушылардың естеріне түсірген жөн.

Патша өкіметінің Қазақстанда жүргізген бірінші реформасының отаршылдық мәніне оқушылардың назарын ауда-

рып, оқулық мәтінінен Орта жүздегі реформаға қарсылық туралы өздігінен оқып, осыған қатысты сұрақтар ұсына отырып, талдауды тапсыруға болады.

1. 1825—1836 жылдардағы көтерілісте Абылай ұрпақтары қандай мақсатты көздеді?
2. Осы көтерілістің ұлт-азаттық сипатта болғанын қандай фактілер дәлелдейді?
3. Ресей отаршылдығына қарсы күресте қазақ қоғамында бірлік болмады. Оны неден көруге болады?
4. Орта жүздегі Саржан Қасымұлы бастаған көтерілісті Кіші жүздегі Сырым Датұлы бастаған көтеріліспен салыстырыңдар. Ұқсастығы мен айырмашылығы неде?

Жоламан Тіленшіұлы бастаған Кіші жүздегі бас көтерулерді оқушылар жеңіл меңгереді. Мұғалім патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарсы қазақ халқының азаттық күресі бір сәт тоқтамағанын айтып, сабақтың тәрбиелік мәніне оқушылардың назарын аударғаны дұрыс. Қартаны пайдалана отырып көтерілістің негізгі мазмұны жер және жайылым үшін күрес екенін айтып, патша өкіметінің қазақтардан тартып алған жерлерге, орыс-казактарды және орыс шаруаларын қоныстандырғанын қосымша мәліметтер арқылы түсіндіреді (Қазақстан тарихы хрестоматиясындағы құжаттар).

Осы мәселені бекіту үшін оқушылармен сұрақ-жауап арқылы әңгімелескен тиімді болмақ.

1. XIX ғасырдың 20—30-жылдарындағы Кіші жүздегі күрес әскери-шептер салуға байланысты болды. Қандай рулар жерінен айырылды?
2. Кіші жүздегі азаттық көтерілістер арасындағы ұрпақтар сабақтастығын түсіндіріңдер.
3. Жоламан Тіленшіұлымен бірге күрес жүргізген батырлардың есімдері белгілі. Олар туралы не білесіңдер?
4. Жоламан Тіленшіұлы неліктен қарулы күрес жолына түсті. Оның себебі неде?

Келесі қарастыратын тақырыпша Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық күрес туралы. Тақырыпша төмендегі құрылым бойынша оқушылардың оқу, танымдық қызметінде жүйелілік, проблемалық, зерттеушілік бағытында қарастырылады. 22—23-беттегі кесте пайдаланылады.

Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс және Кенесары хандығының құрылымы

Мәліметтерді талдау	Көтерілістің мақсаты	Зерттеу
1	2	3
<p>1. Көтерілістің себептері, мақсаты, сипаты және қозғаушы күштері, құрамы</p> <p>2. Көтерілістің басталуы</p> <p>3. Қазақ жерінде мемлекеттіліктің қайта орнауы</p> <p>4. Көтерілістің жеңілгі және тарихи маңызы</p> <p>Ықпал етуші факторлар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. 2. 3. 4. 5. 	<p>1. Аумақтық тұтастықты және ұлттық бірлікті қалпына келтіру. — Қазақ жерлеріне бекіністер салу мен жана округтік билеу арқылы жан-жақты отарлауды тоқтату. — Қазақстанның Ресейдің құрамына кіріп үлгермеген өңірлерінің дербестігін сақтап қалу. — Түркістан, Өулиеата қалаларымен қоса Ұлы жүздің көп бөлігін Қокан езгісінен азат ету.</p> <p>2. Көтерілістің кезеңдері:</p> <p>I кезең. 1837 жыл, қараша, 1841 жылғы көтерілістің Орта жүз бен Кіші жүздің негізгі аумақтарына тарауы.</p> <p>II кезең. 1841 жыл, жаз — 1843 жыл, тамыз. Кенесары жасақтарының Ташкентке жорығы, Созақ, Жанақорған, Жүлек бекіністерін алуы.</p> <p>III кезең. 1844 жыл, жаз — 1845 жылдың көктемі — қазақ ауылдарының Кенесарының қол астына өтуі.</p> <p>IV кезең. 1845 жыл, жаз — 1847 жыл көтерілістің шешуші кезеңі.</p> <p>3. Кенесары хандығының құрылымы.</p>	<p>Рефераттар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Кенесары Қасымұлы аса көрнекті қолбасшы, мемлекет қайраткері, мәмілегер, саясаткер 2. Бопай Қасымқызының әскери ерліктері 3. Кенесарының інісі Наурызбайдың азаттық күрестегі ерліктері <p>Проблемалар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. 2. 3. 4.

1	2	3
<p>1. Қазақ жерлерін бекіністер мен жаңа округтік билеу арқылы жан-жақты отарлау</p> <p>2. Орта жүз қазақтарын Қоқан және Хиуа феодалдарының езушілікке ұшыратуы</p> <p>3. Саржан Қасымұлының өлтірілуі</p> <p>4. Жоламан Тіленшіұлы бастаған көтеріліс</p> <p>5. 1822 жылғы реформа бойынша хан билігінің жойылуы</p> <p>Көрнекіліктер: Қарталар, сұлбалар, кестелер, суреттер</p>	<pre> graph TD HS[Хандық сот] --> H[Хан] HK[Хандық Кеңес] --> H BT[Бақылаушы топ] --> H A[Әскер] --> H A --> M[Мындық] A --> J[Жүзлік] H --> E[Экономика] E --> S[Сауда] E --> JS[Жер шаруашылығы] </pre>	<p>1. Қазақ қоғамында руаралық және саяси бірліктің болмауы</p> <p>2. Феодал топтары тарапынан көтеріліске көмектің көрсетілмеуі</p> <p>3. Қырғыз манаптарының екі жүзді саясат ұстауы</p> <p>4. Патша өкіметінің қырғыздар мен қазақтарды жауластыру саясаты</p>

§ 5. ИСАТАЙ ТАЙМАНҰЛЫ МЕН МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫ
БАСТАҒАН ІШКІ (БӨКЕЙ) ОРДАДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ
КӨТЕРІЛІС

Сабақтың мақсаты. Көтерілістердің алғышарттарын, себептерін, нақты деректермен ашып көрсету.

Көтерілістердің барысын, жеңілу себептерін қарастыру.

Оқушыларды көтерілістің тарихи маңызын және ХІХ ғасырдағы ұлт-азаттық қозғалысында қазақ халқының басына түскен ауыр жағдайды түсінуге жетелеу.

Сабақтың дамытушылық мақсаты. Оқушылардың логикалық ойлау, өздігінен және топ болып жұмыс істеу, құжат материалдарын тиімді пайдалану дағдыларын жетілдіру.

Сабақ өткізудің өдісі.

1-сабақ: семинар сабақ. **2-сабақ:** проблемалық ізденіс, материалды жүйелеп құру.

Базалық білім. 1837—1847 жылдары Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық күрестің себебі, мақсаты, тарихи маңызы, ұлт-азаттық күрестердің сабақтастығы.

Тірек ұғымдар. Ішкі орданың құрылуы. Жәңгір ханның басқару жүйесін өзгертуі. Шаруалар көтерілісінің басталу себептері және барысы, Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы, Есет Көтібарұлы және Жанғожа Нұрмұхамедұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілістер.

Көрнекі және дидактикалық құралдар. ХІХ ғасырдағы Қазақстан картасы, карта-сұлбалар, Ішкі (Бөкей) ордадағы ұлт-азаттық көтеріліс, Есет Көтібарұлы бастаған көтеріліс, 1856—1857 жж. Жанғожа Нұрмұхамедұлы бастаған көтеріліс. Көтерілістердің кезеңдерін және салық мөлшерін көрсететін кестелер. Көтеріліс басшыларының портреттері.

Сабақ семинар түрінде өтеді. Мұғалім оқушыларды алдын ала сабақтың жоспарымен таныстырады, қажетті әдебиеттердің тізімін береді, баяндамаларды бөледі. Мұғалім оқушыларға әдебиеттерді, қажетті қосымша құжат материалдарын іріктеп алуларына, мәселені талқылағанда картаны, дидактикалық құралдарды тиімді пайдаланып тақырыптың мазмұнын ашуға бағыт береді. Көркем әдебиеттерден үзінді келтіруге болады.

Семинар жоспары:

1. Ішкі (Бөкей) орданың құрылуы:
 - Ішкі орданың құрылуының алғышарттары, саяси-экономикалық жағдайы (мұғалім дәрісі);
 - Бөкей ордасының құрылуының отаршылдық саясат икемдеген себептері;
 - Ішкі орда хандары — Бөкей және Жәңгір (шағын баяндама).
2. Көтерілістің сипаты:
 - Көтерілістің себептері;
 - Көтерілістің мақсаты, көтеріліске түрткі болған жағдай;
 - Көтерілістің кезеңдері.
3. Көтеріліс басшылары:
Исатай Тайманұлы және Махамбет Өтемісұлы (шағын баяндама).
4. Көтерілістің өрлеу кезеңі:
 - Хан ордасы — Жасқұсты қоршау;
 - Тастөбе шайқасы.
5. Көтерілістің жеңілу себептері.
6. Көтерілістің тарихи маңызы.

Сабақтың барысында мұғалім қосымша тарихи құжаттарды, Кіші жүздің карта-сұлбасын пайдалану арқылы Ішкі (Бөкей) орданың құрылуының алғышартын және саяси-экономикалық жағдайын қамтиды. Қажетті материалды Қазақстан тарихы хрестоматиясынан және «Қазақ тарихы» журналынан (2001, № 6) алады.

— XVIII ғасырдың басындағы Кіші жүздің экономикалық дамуы, шаруашылық жағдайы және Әбілқайыр ханның Еділ-Жайық арасын қайтаруға ұмтылуы.

— 1742 жылы 30 қыркүйекте қазақтардың Жайықтың батысына өтуіне тыйым салу туралы патша Жарлығы және Кіші жүз қазақтарының бұған қарсылығы.

— Патша өкіметінің Кіші жүз қазақтарын империяға бағындыру саясаты — Кіші жүзді саяси тұрғыдан бөлшектеу болды.

— Игельстром реформасы, одан кейін оқушылардың ұлт-азаттық күрес туралы жұмыстары және баяндамалары талданады.

Семинарда құжат мәліметтерін пайдалануға болады.

1. *Көтерілісшілердің хан ордасы Жасқұсты қоршауы.*

«... Жасқұста талай шайқастар болған және бұл кезде (1837) жалпы саны 3000 адамнан асқан көтерілісшілер хан қолын жеңген.

Хан сасып, Орынбормен Астраханға елшілерді бірінің соңынан бірін жіберіп, неше түрлі айла-шарғы істеген Шыман төре (Шыңғали Орманов) осы уақытта Исатайға жақтас болғансып, екі арада келіссөз жүргізіп, уақыт ұтуды Жәңгірге түсіндірген. Үш атты күймесін жектіріп, шұбар атын ерттетіп қашуға әзірленіп отырған Жәңгірді би, сұлтандардың: «Қашпа, қашсаң тағыңнан айырылып, атаң Нұралы секілді далада қаңғып өлесің», — деген сөзбен тоқтатып қалған. Ел аузында мынадай сөз бар:

«Хан қорқып Исатайдың өскерінен.
Жәңгір хан, «ат әзірле, қашам» деген.
Шомбал мен Шыман төре қашырмаған,
Хандық жоқ, енді қашсаң саған деген.
Алдында сенен бұрын біз өлелік,
Билігін бер осының маған деген».

Бұл, қарусыз шаруалар көтерілісінің күшін ыдыратып, алдау, уақыт ұту әрекеттері еді.

«Хан ұлы қара жылан шақпай қоймас,
Қайырлатпай көзін жойып шабалық деп,
Махамбет көп ішінде айтқаны рас», —

деп.

Махамбет бұл келіссөздің алдау екенін түсініп, ханның елшісі Еспембет Исатайға келгенде, хан сұраған 10 күн мерзімді бермейік деп қарсы тұрған.

Махамбеттің пікірін Науша Қаржаұлы, Қараторғай Мәмбетұлы (Қара, Сарыөзендер бойынан келген), Қабыланбай, т.б. қолдаған. Мәселе қалың көпшілік талқысына салынады. Шаруалардың бір тобы 600-ге тарта адам қол қойып, ханға арыз жазады. Көтерілісшілер арасында ханның тыңшылары бар, олар жағдайды ханға баяндап отырған.

Махамбеттің талабымен қалың қауым ашық алаңға жиналады, онда ханның сұраған мерзімін берейік, не хан ордасын шабайық деген мәселе қойылды. Исатай Жәңгір ханмен келіссөз жүргізуді ұйғарды, бұған наразы болған Науша, Қараторғай секілді батырлар тобы кетіп қалды.

Кешікпей патша әскері жан-жақтан келіп, алдымен, әскер басшыларының ауылдарына барып, әйел, бала-шағаның зәресін алып, тұтқындайды. Бұл жай көтерілісшілер қатарын ыдыратып, олардың бас сауғалап, жеке-жеке не топ-тобымен тарауына себепкер болады.

2. 1937 жылы 15 қарашада болған Тастөбе ұрысы.

«...Олар (көтерілісшілер) аттарын мініп, қолдарына ағаш сойыл, шоқпар, айыр алып, сүңгі, найзамен қаруланып жасқана қоймайды». «Геке көтерілісшілерді атқа шебер, берік, мықты отыратынын, найзагер екенін, қолма-қол ұрыста басымдық көрсеткенін губернатор алдында мойындауға мәжбүр болады».

3. Бекетай. «...Жаманқұмда өз күштерін жинап, үй салдырып, ұстахана ашып, қару-жарақ жасайды. «Исатайдың көк татыры» атанған жерден күкірт өндіріп, оқ-дәрі дайындайды. Екінші жерде Бекетайда ат қоралар салып, атты әскер ұйымдастырған».

Кенжалиев И. Махамбет Өтемісұлы. Алматы, 1979.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Патша өкіметі Кіші жүзді 1812 жылы екі хандыққа, ал 1824 жылы үш бөлікке бөлуде қандай мақсатты көздеді?
2. Кіші жүздегі Сырым Датұлы бастаған азаттық күреспен Исатай Тайманұлы және Махамбет Өтемісұлы бастаған Ішкі ордадағы ұлт-азаттық көтерілістің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын көрсетіндер.
3. Кенесары Қасымұлы бастаған 1837—1847 жылдардың және 1836—1838 жылдардың Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған көтерілістердің ХІХ ғасырдағы ең ірі ұлт-азаттық сипаттағы күрес болғанын атап көрсетіндер.
4. 1836—1838 жылдардағы көтерілістің қандай тарихи маңызы болды? Қазақ жерінде болған ұлт-азаттық қозғалысты дүниежүзіндегі ең ірі ұлт-азаттық қозғалыстармен салыстырындар.

§ 6. ХІХ ҒАСЫРДЫҢ ОРТА КЕЗЕҢІНДЕГІ ҚАЗАҚ ШАРУАЛАРЫНЫҢ ПАТША ҮКІМЕТІНІҢ ОТАРШЫЛДЫҚ САЯСАТЫНА ҚАРСЫ КҮРЕСІ

Сабақ базалық білім негізінде жаңа тақырыппен байланыстырылып, оқушылардың ойын дамытуға ықпал ететін сұрақтар мен тапсырмалар беруден басталады.

1. Қазақстандағы 1783—1797, 1837—1847 және 1836—1838 жылдардағы қозғалыстардың барлығына төн ортақ белгілерді атаңдар.

Мәліметтерді талдау	1. Көтерілістің себептері.	Зерттеу рефераттар
<p>1. XIX ғасырдың 50-жылдарындағы көтерілістердің алғышарттары мен себептері</p> <p>2. Көтерілістердің барысы</p> <p>3. Көтерілістердің жеңілу себептері</p> <p>4. Көтерілістердің маңызы</p>	<p>Есет батыр бастаған көтеріліс. XIX ғ. 20—30-жж. шекара шебінің салынуы. Ембі посты, Арал бекінісі салынды.</p>	<p>1. Есет Көгібарұлы — Қазақстандағы ұлт-азаттық көтерілісті ұйымдастырушы.</p> <p>2. Жангожа батырдың ұлт-азаттық қозғалыстағы рөлі.</p> <p style="text-align: center;"><i>Құжат:</i></p> <p>1. 1858 жылы 11 мамыр Сырдария маңындағы шекара бастығы казактардың Ташкент билеушісіне қарсы толқуы туралы</p> <p>2. Хиуа феодалдарының тонаушылық іс-әрекеттері туралы казактар жазған хаттардан үзінді. Қазақстан тарихы хрестоматиясы 11-сынып</p> <p style="text-align: center;"><i>Проблемалар.</i></p> <p>1. Кейбір казак феодалдарының сатқындығы</p> <p>2. Ұйымдастырушылықтың әлсіздігі</p> <p>3. Қарулану дәрежесінің төмендігі</p> <p>4. Күштің тең болмауы</p> <p>5. Бірігіп әрекет етпеу</p>
<p><i>Әсер етуші факторлар:</i></p> <p>1. Патша өкіметінің отаршылдық саясаты.</p> <p>2. Қоқан, Хиуа билеушілерінің озбырлығы, шапқыншылықтары.</p> <p>3. Қазақ жеріне бекіністердің салынуы.</p> <p>Көрнекі құралдар:</p> <p>Карта,</p> <p>карта-сұлба,</p> <p>кестелер,</p> <p>суреттер.</p>	<p>2. Көтерілістердің барысы</p> <p>1856—1858 жж. Есет батыр бастаған шаруалар көтерілісі. Асмантай, Сам құмдарындағы ұрыстар. 1858 жылы бітім жасалды.</p>	<p>Жангожа батыр бастаған көтеріліс. Сыр бойына бекіністер салу. Аралдан Ақмешітке дейінгі бекіністер.</p> <p>1 сом 50 тиын түтін салынып, Еңбекпен өлейтін міндеткерлік, құрылыстар үшін көлік және адаммен қамтамасыз ету.</p>
	<p>3. Көтерілістің маңызы</p> <p>— ұлт-азаттық сипатта болды;</p> <p>— стихиялы түрде зорлық-зомбылыққа қарсы ашық айқасқа шықты;</p> <p>— халық өз көсемдерінің бастауымен отаршылдық езгіге қарсы күресті.</p>	

2. Картадан ұлт-азаттық көтерілістер өткен аумақтарды көрсетіп бүкіл қазақ елін қамтыған қозғалысты атаңдар.
3. 1838 жылы Исатай Тайманұлы мен Кенесары Қасымұлы күштерінің бірігуі мүмкін бе еді? Не келергі болды деп ойлайсыңдар?

Бұл сабақ проблемалық-ізденіс әдісін қолдану арқылы жүргізіледі.

Үйге тапсырма. Төмендегі тақырыптарға шағын рефераттар жазу:

И.Тайманұлы, М.Өтемісұлы, Ж.Тіленшіұлы, К.Қасымұлы, Ж.Нұрмұхамедұлы, Е.Көтібарұлы.

§ 7. 1868—1870 ЖЫЛДАРДАҒЫ ОРАЛ, ТОРҒАЙ ЖӘНЕ МАҢҒЫСТАУ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ОТАРШЫЛДЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕСІ

Сабақтың мақсаты. 1867—1868 жылдардағы өкімшілік, сот және рухани істерді басқару туралы реформаның отаршылдық мәнін және оның 1868—1870 жылдардағы Орал, Торғай, Маңғыстаудағы көтерілістің басты себебін ашып көрсету. Оқушылардың назарын көтерілістің қозғаушы күші мен сипаты және әр аймақтағы көтерілістің ерекшеліктеріне аудару.

Сабақтың дамытушылық мақсаты. Оқушыларды ұлт-азаттық қозғалыстарды бір-бірімен салыстыру арқылы ортақ белгілері мен өзіндік ерекше белгілерін анықтай білуге, талдап қорытынды жасауға дағдыландыру.

Сабақ өткізудің әдісі. Өзара белсенділікті арттыру әдісі (дәріс, өздік жұмыс, сұрақ-жауап, өңгіме).

Базалық білім. Қазақстандағы 1783—1797, 1837—1847, 1836—1838 жылдардағы ұлт-азаттық көтерілістер және XIX ғасырдың 50-жылдарындағы қазақ шаруаларының патша өкіметінің отарлық саясатына қарсы күресі.

Тірек ұғымдар. 1867—1868 жылдардағы реформаның отаршылдық мәні, жер мәселесі, жаңа өкімшілікке бөлу, көтерілістің басталуы, барысы.

Көрнекі және дидактикалық құралдар. Карта: «XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақтардың отаршылдыққа қарсы күресі», «XIX ғасырдың ортасындағы қазақ халқының патша үкіметінің отаршылдық саясатына қарсы күресі».

Сабақтың нәтижесі. Оқушылар 1868—1870 жылдардағы көтерілістің себептері, мақсаты, қозғаушы күші, ерекшеліктері туралы мағлұмат алады.

Сабақтың жоспары:

1. Көтерілістің алғышарты.
2. Көтерілістің басталуы.
3. Фон Штемпель жасағына шабуыл.
4. 1870 жылғы Маңғыстау көтерілісі.

Мұғалім сабақты оқушылардың ұлт-азаттық көтеріліс тақырыптарынан алған білімдері бойынша сұрақ қоюдан бастағаны дұрыс.

Сұрақтар

1. Қай мәселе ұлт-азаттық көтерілістердің ең негізгі себебі болды? Неліктен?
2. Есет батыр бастаған көтеріліске түрткі болған жағдай.
3. Лаулық міндеткерліктер болды. Ол қандай міндеткерліктер?
4. Ұлт-азаттық көтерілістердің жеңіліске ұшырауының ортақ себептерін атаңдар.


Мұғалім оқушылардың жауабын тыңдап, қорытынды жасайды. Осыдан кейін тақырып мәселелерін қарастырады.

Сабақты екі түрлі нұсқамен өткізуге болады.

I нұсқа. Жоспардың бірінші мәселесі — көтеріліс қарсаңындағы Кіші жүз қазақтарының жағдайын мұғалім шағын дәріс арқылы түсіндіреді.

Жоспардың қалған мәселелері картаны пайдалана отырып өздік жұмыс, әңгіме, сұрақ-жауап арқылы ретімен түсіндіріледі. Оқушылардың логикалық-дамытушылық қабілеттерін дамытуға үнемі назар аударылуы керек. Ол үшін мынадай жұмыстар беруге болады. Екі көтерілістің ерекшеліктері мен ортақ белгілерін анықтауды сызба түрінде орындау.

II нұсқа. Мұнда да жоспардың бірінші мәселесі — көтеріліс қарсаңындағы Кіші жүз қазақтарының жағдайы мұғалімнің шағын дәрісі арқылы түсіндіріледі. Көтерілістердің негізі болған, Қазақстанның отарлық мәртебесін белгілеп берген 1867—1868 жылдардағы өкімшілік, сот және рухани істерді басқару туралы реформасына «XIX ғасырдың жартысындағы Қазақстан» картасын пайдалана отырып түсінік беріледі.



Дәрісте мұғалім түсіндіретін қағидалар:

— 1867—1868 жылдардағы әкімшілік, сот және рухани істерді басқару туралы реформаның отаршылдық мәні.

— Түтін салығы (әр шаңырақ жылына бұрынғы 1 сом 50 тиынның орнына енді 3 сом мөлшерінде салынды).

— Земстволық салық.

— Жердің мемлекет меншігі деп жариялануы («Уақытша Ереже»).

— Жер мәселесінің бұрынғыдан да шиеленісе түсуі.

— Рулық құрылым бұзылып, әкімшілік басқарудың жаңа түрі қалыптасты.

Тақырып жоспарының қалған мәселелерін оқушылардың өздік жұмысы арқылы талдауға болады. Ол үшін мынадай топтық жұмыс ұсынылады. Оқушылар топтарға бөлінеді және екі көтерілістің мәселелері қатар қаралады. Әр топқа берілетін тапсырма тақтаға мынадай түрде жазылады.

1867—1868 жылдардағы Орал, Торғай облыстарында болған көтеріліс	Маңғыстаудағы 1870 жылғы көтеріліс
I топ. Көтерілістің себебі, басталуы	II топ. Көтерілістің себебі, басталуы
III топ. Көтерілістің қозғаушы күші, барысы	IV топ. Көтерілістің қозғаушы күші, барысы
V топ. Көтерілістің жеңілу себептері	VI топ. Көтерілістің жеңілу себептері

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Шаңырақ салығы қазақ даласы бойынша барлығына міндетті болды? Әсіресе халықтың қай тобы ауыр жағдайға ұшырады?
2. Торғай, Орал облыстарындағы халық көтерілісін халықтың қай тобының өкілдері басқарды? Неліктен?
3. Көтерілістің жағымды салдары болды. «Ережеге» қандай өзгеріс енгізуге мәжбүр болды?
4. Көтеріліс Кіші жүздің қай бөлігінде болды?

Үйге тапсырма. Әр облыстағы көтеріліс басшылары туралы шағын рефераттар жазып келу.

§ 8. 1905—1907 ЖЫЛДАРДАҒЫ РЕВОЛЮЦИЯ КЕЗІНДЕГІ
ҚАЗАҚСТАН

Сабақтың мақсаты. 1905—1907 жылдардағы революцияның Қазақстанның саяси дамуына әсерін нақты деректер арқылы түсіндіріп, саяси күрес сахнасындағы қазақ зиялыларының рөлін ашып көрсету. Оқушылардың назарын Мемлекеттік Думаға сайланған қазақ зиялылары қазақ елі үшін Думада көтерген мәселелерге аударып талдау жасап, өз көзқарастарын дәлелдей білуге дағдыландыру.

Сабақ өткізудің өдісі. Топтық жұмыс.

Базалық білім. Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы қазақ халқының ұлт-азаттық күрестері осы тақырыпқа базалық білім бола алады.

Тірек ұғымдар. Қазақ зиялыларының елдің азаттығы жолындағы күресі, Мемлекеттік Думаға сайлау науқаны, Қарқаралы арыз-тілегі (петиция).

Көрнекі және дидактикалық құралдар. Қазақ зиялыларының портреттері, «Мемлекеттік Думаның депутаттары» кестесі.

Сабақтың нәтижесі. 1905—1907, 1917 жылдардағы революциялардың қазақ халқының ұлт-азаттық күресінің маңызын түсініп, тарихи оқиғалар мен құбылыстар туралы көзқарастары қалыптасады.

Сабақтың жоспары:

1. 1905—1907 жылдардағы революцияның Қазақстанның саяси дамуына әсері.
2. Мемлекеттік Дума және қазақтар.

Сабақтың тақырыбы, мақсаты, жоспарымен таныстырып, ондағы мәселелерге шағын дәріс түрінде мұғалім түсінік береді.

Жаңа тақырыпты оқыл үйрену. Оқушыларды 2-3 топқа бөліп, әр топқа ішінде карточкалары бар 4 қалтадан (№ 1, № 2, № 3 — түсті) тапсырмалар дайындалады.

Әр топқа қалталар (конверттер) таратылады.

1-қалтадағы карточкалар:

№ 1

- 1905—1907 жылдардағы Ресей мен Қазақстандағы азаттық қозғалыстың ортақ белгілері мен айырмашылықтарын атандар.

№ 1

- Революция кезіндегі қазақ зиялыларының күресін әңгімелеп беріндер.

2-қалтадағы карточкалар:

№ 2

- Қарқаралы арыз-шағымдарының Қазақстандағы басқа халық толқуларының ішінен алатын орны қандай?

№ 2

- Қазан манифестімен қанаттанған ұлттық-демократиялық бағыттағы қазақ зиялылары қандай міндеттерді мойнына ала бастады?

3-қалтадағы карточкалар:

№ 3

- 1905 жылғы Лепсі уезіндегі 1 мың адам қол қойған шағымда қозғалысқа қатысушылар қандай талаптар қойды?

№ 3

- Мемлекеттік Думаға қазақтар арасынан кімдер сайланды? Қазақ депутаттары қандай мәселелерді көтерді?

Бұдан әрі оқушылар өздігінен жұмыс істейді. Мұғалім басшылық жасап, қайтарылған жауаптардың дұрыстығын тексеріп отырады. Топқа бөлінген оқушылар өздеріне берілген сұрақтарды оқулықтың көмегімен іздестіріп, тауып, қысқаша жауаптар қайтарады, оларды дәптерлеріне жазады. Әр топтың жауабын тыңдап, сынып болып тексерген дұрыс. Мұғалім әр топтың берген жауабын толықтырып, қорытындылап отырады. Бұдан кейін тақтаға сызылған кестені оқушылардың жауабына қарап толтырып отыруға да болады.

Сұрақтар	Жауаптар

Кестеге әр топтың сұрақтары және тұсына жауабы жазылады (топтар бірінің қатесін бірі түзеп отырады). Кестені дұрыс толтыру бекіту сұрақтарының да рөлін атқарады.

Көрсетілген тарихи ұғымдардың мәні мен мазмұнына назар аудару тапсырылады:

«Көтеріліс», «төңкеріс», «қозғалыс», «революция».

Соңғы тақырыпшаны оқушылар оқулық мәтінін оқып, көрсетілген тапсырманы орындайды.

I топқа берілетін тапсырма:

- I Мемлекеттік Дума депутаттары кімдер және олар қандай мәселелерді көтерді?

II топқа берілетін тапсырма:

- II Мемлекеттік Дума депутаттары кімдер және олар қандай мәселелерді көтерді?

Төмендегі сұрақтар бойынша әңгіме жүргізу.

1. 1905 жылы 6 тамызда шыққан манифест бойынша қазақ еліне қандай құқықтар берілді?
2. Ұлт зиялылары Мемлекеттік Дума мінберін қандай өзекті мәселені шешуге ықпал жасау құралы ретінде бағалады?
3. Дума құрамында жер мәселесіне байланысты қазақ халқына жанашырлықпен қараған депутаттарды атаңдар.
4. Қазақ зиялылары Дума жұмысына қатысудың тиімділігі неде деп білді?

I тараудың «Қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы ұлт-азаттық күресі» тақырыбын аяқтауға байланысты берілген кестені орындау. Ортақ және ерекше белгілеріне талдау жасау ұсынылады.

Сұрақтар	Көтеріліс жылдары					
	1783— 1797	1836— 1838	1837— 1847	1847— 1858	1868— 1870	1916
1	2	3	4	5	6	7
1. Басшылары						
2. Аумағы						
3. Себептері						

1	2	3	4	5	6	7
4. Қозғаушы күші						
5. Жазалау шаралары						
6. Жеңілу себептері, салдары						
7. Тарихи маңызы						

§ 9. 1916 ЖЫЛҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІС

Сабақтың мақсаты. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің отаршылдыққа, империализмге қарсы сипатын түсіндіріп оның ұлт-азаттық соғысқа ұласқанын нақты деректермен ашып көрсету.

Оқушылардың назарын жалпыұлттық идеяға ұласқан, тәуелсіздік идеясының — қазақ қоғамының өртүрлі топтарын біріктірген халықтық сипатына аудару.

Ұлт зиялыларының ұстанған бағытын түсіндіріп, алаш зиялыларының мақсат-мүддесі халықтың аман қалуы, оның этникалық тұтастығын сақтау идеясы болғанын көрсету.

Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс дүниежүзілік ұлт-азаттық қозғалыстардың құрамдас бөлігі ретінде қарастыру.

Оқушылардың азаттық күреске басшылық еткен тарихи қайраткерлерге байланысты өз пікірлерін айта білу дағдыларын қалыптастыру.

Сабақ өткізудің өдісі. Өзара белсенділікті арттыру (өңгіме, сұрақ-жауап, өздік жұмыс, пікірталас).

Тірек ұғымдар. Отаршылдық езгі, 1916 жылғы 25 маусымдағы патша Жарлығының әсері, ұлт-азаттық күрестің Қазақстанды түгел қамтуы, көтерілістің ошақтары, қазақ зиялы қауымының ұстанған бағыты, патша өкіметінің «өртке оранған жер» саясаты.

Көрнекі және дидактикалық құралдар. Көтеріліс басшыларының суреттері. Бейнетаспа: «Амангелді» («Амангелді» киносынан жазып алуға болады). Тарихи және әдеби

кітаптар: С.Асфендияров — «1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс», Мұхтар Әуезов — «Қилы заман», Сәбит Мұқанов — «Ботагөз», Ж.Аймауытов — «Қартқожа», Сөкен Сейфуллин — «Тар жол, тайғақ кешу» тағы басқалар.

Базалық білім. Сырым Датұлы бастаған Кіші жүз қазақтарының 1783—1797 жылдардағы, Кенесары Қасымұлы бастаған 1837—1847 жылдардағы, Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған 1836—1838 жылдардағы және 1868—1870 жылдардағы Есет, Жанғожа батырлар бастаған Орал, Торғай және Маңғыстаудағы ұлт-азаттық қозғалыстар осы тақырыпты түсіндіруге қажетті базалық білім болып табылады.

Сабақтың нәтижесі. Оқушы Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің тарихи мәнін түсінеді, дүниежүзілік ұлт-азаттық қозғалыстармен салыстырып талдайды, ұлт-зиялыларының ұстанған бағытымен танысады, патша өкіметінің ұлтты қырып-жою саясаты туралы түсінік алады.

Сабақтың жоспары:

1. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің алғышарттары, қозғаушы күші.
2. Көтерілістің басталуы.
3. Жазалаушы жасақтар қимылы.
4. Көтерілістің жеңілуі және оның салдарлары.

Сабақтың барысы. Бірінші мәселе бойынша 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің тууына әсер еткен төмендегі жағдайлар әңгіме барысында сұрақ-жауап арқылы қарастырылады.

1. Бірінші дүниежүзілік соғыстың зардаптары.
2. Столыпин реформасы кезінде жергілікті халықтың жерін тартып алудың үдей түсуі.
3. Дәстүрлі шаруашылықтың дағдарысқа ұшырауы.
4. Өлкені тонаудың күшейе түсуі, алым-салықтардың еселеп көбеюі.
5. Орыстандыру саясатының асқына түсуі, ұлттық саяси теңсіздік.

Соғыстың бір ғана Түркістан өлкесіне тигізген зардаптары қарастырылып, көтерілістің басты себебі қазақ жерін отарлау болғаны мысалдар арқылы дәлелденеді. Ұлт-азаттық көтерілістің басталуына 1916 жылғы 25 маусым-

дағы майдандағы әскерлер шебінде қорғаныс және әскери құрылыстар мен тыл жұмысына бұратана халықтардың өкілдерін тарту жөніндегі патша Жарлығының түрткі болуы қарастырылып талданады. Дамытушы сұрақтар қойып оқушының логикалық ойын кеңейтуге үнемі назар аударып отыру керек.

1. Шешім неге халыққа жай оғындай әсер етті?
2. Қалай ойлайсындар, егер басқа халық өкілдерімен (мысалы, орыс, украин) бірдей қолына қару беріп майданға әскер ретінде шақырылса, қалай болар еді?
3. Жарлық бойынша 19 бен 31 жас арасындағылардың тізімін жасау халықты да, отарлық әкімшілікті де қиын жағдайға душар етті. Себебін түсіндіріңдер.

Осыдан кейін сабақтың тәрбиелік мәніне назар аудару мақсатында ұлт зиялыларының Жарлықты орындау жөніндегі ұстанған бағыттарын пікірсайыс түрінде түсіндіруге болады. Оқушылар өз көзқарастарын ашып көрсетеді, дәлелдейді. Оқушылардан екі топ құрылады.

I топ. Ұлттық-либералдық бағыттағы Алаш зиялылары.

II топ. Революцияшыл-радикалды бағыттағы зиялылар. Сыныптағы қалған оқушылар қатысушы ретінде сұрақ қойып, пікір ұсыныстарын айтады. Оқушылар өз ұстанымдарын нақтылап, пікір айтқан кезде мұғалімнің алдыңғы сабақта көрсетіп берген құжаттар, қосымша әдебиеттерден оқығандарын пайдаланады.

Көтерілістің басталуы мен барысын мұғалім әңгімелеу арқылы түсіндіреді. Картадан көтеріліс ошақтарын көрсетіп оқушылардың назарын бұрын тарихта айтылмай келген Қарқара (патша өкіметінің құжаттарында «Албан көтерілісі») көтерілісіне аударып (осы көтеріліс туралы М.Әуезовтің қандай шығарма жазғаны сұралады), оқушылармен Қарқара көтерілісінің алғышарттары мен ерекшеліктері талданады. Оқушыларға оқулық мәтініне сүйеніп көтеріліске шыққан халықтың іс-әрекетін, 1916 жылдың тамыз айындағы жағдайларды тізіп айту тапсырылады.

Көтеріліс басшыларын оқушылардың рефераттары (тапсырма алдыңғы сабақта беріледі) арқылы талдап, сабақтың осы тұсында «Амангелді» киносын бейнетаспадан (үзінді) көрген тиімді.


Жазалау отрядының қимылы мен жазалау шаралары туралы мынадай сұрақтар мен тапсырмалар бойынша

талдау жасалынып барлық сынып оқушыларының қа-
туасына назар аударған жөн.

1. Түркістан өлкесінде халық қозғалысын жазалау шаралары қалай іске асырылды?
2. Жетісу губернаторы Фольбаумның берген жазалау туралы бұйрығы қалай орындалды? Оны неден көруге болады?
3. Торғай уезіндегі жазалау операцияларының озбырлығы туралы жазған халық шағымында қалай көрсетілген?
4. Алаш зиялыларының халықтың аман қалуы, оның этникалық тұтастығын сақтау идеясының орынды болғаны расталды ма?

Мұғалім осы сұрақтар арқылы оқушылардың логика-
лық ойлау қабілетін дамытуға назар аударып, көтеріліске
шыққан халық бірінші кезекте отарлауға дейінгі дәстүрлі
мемлекеттік басқару жүйесін қалпына келтіргенін сызба
түрінде түсіндіріп (тақтаға оқушыларды шығарып,
сыздыруға да болады) бергені дұрыс.

Торғай өлкесіндегі хандық билік жүйесі



Көтерілістің салдары төмендегі сұрақтар арқылы қа-
растырылады:

1. Халықтың жоқшылыққа, аштыққа, өлім-жітімге көп ұшырауының себептері қандай?
2. Қозғалысқа қатысушыларға қарсы құқықтық, әкімшілік жазалау шаралары қолданылды. Мысал келтіріңдер.
3. Көтерілісшілерді жазалаудың бір түрі жерін тартып алу қалай жүргізілді?
4. Т. Рысқұловтың мәліметі бойынша Қытайға қанша адам қоныс аударды және олардың қанша жері казак әскерлеріне берілді?

5. Патша жарлығы бойынша қанша адам алу көзделді:
 - Орталық Азия мен Қазақстаннан.
 - Оның ішінде далалық облыстардан.
 - Жетісудан.
6. 1917 жылдың ақпан айының басында қанша жергілікті жұмысшы қара жұмысқа аттандырылды және тыл жұмысына жалпы саны қанша жұмысшы алынды?

Тақырыпты бекіту параграф соңындағы сұрақтар бойынша жүргізіледі.

Үйге тапсырма. Параграфты оқып, 2- және 5-сұрақтарға дайындалу.

Ұлт зиялылары туралы шағын рефераттар жазу.

Көркем әдебиеттерді оқу:

1. М.Әуезов — «Қилы заман».
2. Ж.Аймауытов — «Қартқожа».
3. С.Сейфуллин — «Тар жол, тайғақ кешу».
4. С.Мұқанов — «Ботагөз».

§ 10. 1917 ЖЫЛҒЫ РЕВОЛЮЦИЯ КЕЗІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН

Сабақтың білімдік мақсаты. 1917 жылғы Ақпан революциясы Ресей империясы құрамындағы бұратана отар халықтар, оның ішінде қазақ халқының тағдырына үлкен өзгерістер әкелгенін әңгімелеп, Уақытша үкімет тұсындағы Қазақстан жағдайына сипаттама беру. Ұлт зиялыларының басшылығымен құрылған Қазақ комитеттері мен қазақ съездерінің жұмысына кеңірек тоқталып, баға беру.

Қазақстанда Кеңес өкіметінің орнауы туралы түсінік беру. Кеңес өкіметінің мемлекеттік түрін анықтау ісіндегі өктем ұстанымы ұлт-азаттық қозғалыс басшыларының сенімсіздігін тудырғанын ашып көрсету.

Сабақтың тәрбиелік мақсаты. Елім, халқым деген ұлт зиялыларының іс-әрекеті негізінде оқушыны ұлттық патриоттық тәрбиеге баулу, отаншылдық сезімін қалыптастыру.

Сабақтың дамытушылық мақсаты. Оқушыларды өз бетінше қорытынды жасауға әр кездегі тарихи құбылыстарды салыстырып, оның айырмашылығын ажырата білуге, зерттеу әдістерін меңгертуге үйрету.

Базалық білім. 1905—1907 жылдардағы революция кезіндегі Қазақстан және 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстар осы тақырыпқа базалық білім болып табылады.

Сабақ өткізудің әдісі. Параграф тақырыпшаларын дәріс түрінде сұрақ-жауап, шағын пікірсайыс, әңгіме арқылы өткізуге болады.

Тірек ұғымдар. Қазақ комитеттері мен қазақ съездерінің құрылуы және олардың негізгі міндеттері. Қазақ зиялыларының қызметі. “Кеңестік негіздегі автономия”. “Ресей халықтарының құқық Мәлімдемесі”.

Көрнекі және дидактикалық құралдар. 11-сыныпқа арналған дидактикалық материал. Тірек сызбалар, қазақ зиялыларының портреттері, 1917 жылғы Ақпан революциясы мен Қазан төңкерісінің карталары.

Сабақтың барысы. Мұғалім сабақты оқушылардың ұлт-азаттық көтеріліс тақырыптарынан алған білімдері бойынша сұрақ қоюдан бастайды.

Сұрақтар

1. Қай мәселе ұлт-азаттық қозғалыстардың ең негізгі себебі болды?
2. 1905—1907 жылдардағы революция кезінде ұлт зиялылары бастаған ұлт-азаттық қозғалыстың негізгі мақсатын атаңдар.
3. 1916 жылғы көтерілістің қазақ халқының тарихында бұрынғы көтерілістерден қандай ерекшеліктері болды?

Мұғалім оқушылардың жауабын тыңдап қорытынды жасайды. Осыдан кейін тақырып мәселелері қарастырылады.

Тақырып мәселелері:

- 1 — Қазақстан Уақытша үкімет билігі тұсында.
- 2 — Қазақ комитеттерінің құрылуы.
- 3 — Қазақстанда Кеңес өкіметінің орнауы.

I нұсқа. Бірінші мәселе әңгіме, сұрақ-жауап арқылы ретімен түсіндіріліп талданады.

— 1917 жылы 27 ақпанда жеңіске жеткен буржуазиялық-демократиялық революция Ресей өміріне түбегейлі өзгерістер әкелді.

— Уақытша үкіметтің мәлімдемесі.

— Ә. Бөкейханов бастаған қазақ зиялылары Құрылтай жиналысы шақырылып, елдегі саяси биліктің түрі мен мазмұнын анықтағанға дейін халықты Уақытша үкіметтің шараларын қолдауға шақырды.

Екінші мәселе шағын дәріс арқылы түсіндіріледі.

Дәрісте мұғалім түсіндіретін қағидалар:

- Қазақ комитеттерінің міндеті.
- Қазақ съездерінің жұмыстары.
- Қазақ зиялыларының саяси белсенділігі туралы.

II нұсқа. Қазақстанда Кеңес үкіметінің орнауы дәріс арқылы түсіндіріледі.

Дәрісте мұғалім түсіндіретін қағидалар:

- Кеңес үкіметінің алғаш қабылдаған құжаттары туралы.
- “Ресей халықтарының құқық Мәлімдемесі”
- “Ресей мен Шығыстың барлық мұсылман еңбекшілеріне” үндеуі.
- В. И. Ленин мен И. В. Сталиннің Түркістан кеңестерінің съезіне жолдаған жеделхатының мазмұны.
- Мемлекеттілік түрін анықтау ісінде өктем ұстаным танытқан Кеңес үкіметіне ұлт-азаттық қозғалыс басшыларының сенімсіздікпен қарауы.

Оқушыларға тақырыпты бекіту үшін мынадай сұрақтар мен тапсырмалар беріледі.

1. 1917 жылы наурыз айынан бастап құрыла бастаған Қазақ комитеттерінің негізгі міндеттерін атаңдар.
2. Уақытша үкіметтің уездік комиссары қызметіне бекітілген қазақ зиялылары кімдер?
3. Қазақ съездерінің жұмысына баға беріңдер.
4. Кеңес үкіметінің қабылдаған “Ресей халықтарының құқық Мәлімдемесінде” әрбір халықтың өзіне қажет деген билік түрін өз бетінше анықтай алатындығын, тіпті дербес мемлекет құру құқығын жария етті. Осы мәселе туралы өзіндік көзқарастарыңды білдіріңдер.

§ 11. XX ҒАСЫРДЫҢ 20—80-ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ КӨТЕРІЛІСТЕР, ҚОЗҒАЛЫСТАР

Сабақтың мақсаты. XX ғасырдың 1929—1931 жылдары болған шаруалар көтерілісінің себебін, барысын түсіндіріп, оның Кеңестік биліктің қарапайым халыққа кесірлі саясатына, қазақ халқының сталиндік жүйенің заңсыздықтарына қарсы бағытталған ұлт-азаттық қозғалыс болғандығын ашып көрсету.

1979 жылғы Целиноградтағы оқиғаларға сипаттама беріп оқушылардың назарын КСҚП-ның әлеуметтік мәселе мен ұлт саясатын жүзеге асыру тәсіліне аудару.

1986 жылғы көтерілістің тоталитарлық жүйе жағдайындағы халықтың саяси еркіндікке, шынайы мемлекеттік дербестікке ұмтылысын айғақтайтын ұлт-азаттық сипатын ашып көрсету.

Оқушылардың назарын Желтоқсан көтерілісі — қазақ халқының бастан кешкен тарихының бір кезеңі, ұлт-азаттық қозғалыстардың құрамдас бөлігі ретіндегі тарихи маңызына аудару.

Ерліктің және отаншылдық рухтың биік үлгісін танытқан Қайрат Рысқұлбеков, Құрманғазы Рахметов сияқты желтоқсан ерлеріне байланысты оқушылардың өз пікірлерін айта білу дағдыларын қалыптастыру.

Көрнекі және дидактикалық құралдар. Желтоқсан көтерілісіне қатысушылардың суреттері, Желтоқсан көтерілісі туралы бейнетаспа, «Аллажар» деректі киносы, газет-журнал материалдары, Желтоқсан көтерілісі туралы ақын-жазушылардың кітаптары, 1979 жылғы Целиноград оқиғасы туралы бейнетаспа, құжаттар, суреттер.

XX ғасырдың 20—30-жылдарындағы көтерілістер, қозғалыстарды тудырған КОКП мен Кеңестік жүйенің жүргізген әлеуметтік және ұлттық саясатын кеңінен ашып көрсету үшін мұғалім сабақты өткізудің неғұрлым тиімді тәсілін қолданғаны дұрыс.

1-нұсқа: Сабақты семинар жұмысы түрінде өткізуге болады.

Оқушылар бір апта бұрын жоспар мен сұрақтарды және қажетті әдебиеттердің тізімін әзірлейді.

Семинар жұмысының жоспары


1. 1929—1931 жылдардағы шаруалар көтерілістері:
 - а) себептері мен сипаты;
 - ә) қамтылған аймақтары;
 - б) шаруалардың талаптары;
 - в) Кеңестік жүйенің жазалау шаралары;
 - г) шаруалар көтерілісінің қорытындылары.
2. 1979 жылғы Целиноградтағы оқиғаның себебі, барысы және тарихи маңызы.
3. 1986 жылғы Желтоқсан ұлт-азаттық көтерілісі:
 - а) көтерілістің себебі, сипаты және талаптары;
 - ә) көтеріліске қатысушыларды жазалау;
 - б) Желтоқсан көтерілісінің қаһармандары;
 - в) тарихи маңызы.

2-нұсқа: 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісін талдап түсіндіру.

Мұғалім кіріспе сөзінде 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі Кеңес Одағында тоталитарлық жүйенің ыдырауын бастап берген, сондай-ақ Қазақстан халқының мемлекеттік тәуелсіздігін батыл көтерген оқиға ретінде бағаланатынын айтып оқушылардың ойын дамытатын төмендегідей сұрақтар қояды.

1. 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі туралы не білесіңдер?
2. Өздерің білетін желтоқсан ерлерін атаңдар.
3. 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісін қазақ жерінде болған ұлт-азаттық көтерілістердің жалғасы деп бағалауға бола ма?
4. 1916 және 1986 жылдардағы көтерілістерді басу үшін биліктің күш қолдану әрекеттерінде қандай ұқсастықтар бар?
5. Желтоқсан көтерілісі КСРО-ның ыдырауын бастап берген оқиға ретінде бағаланады. Өз пікірлерің қандай?

Осыдан кейін мұғалім көтерілістің себебін, тұрткі болған жағдай, қозғаушы күші туралы әңгімелеп көтерілістің қамтыған аумағын тақтаға кесте түрінде сызып қарастырады. Көрсетілген қалалар мен елді мекендердегі бой көрсетулер туралы қосымша құжат материалдары арқылы дәлелдеп айтуға болады.




Желтоқсан оқиғасын ұлт-азаттық көтеріліс ретінде бағалап, оған ерекше мән беріп отырған қазіргі кезеңде сол оқиғаның өрбу барысын талдауға оқушыларды қатыстыра отырып түсіндірген дұрыс:

Желтоқсан оқиғасының басталуына түрткі болған жағдай.


- Ол — Г.В.Колбиннің республиканың жоғарғы басшылығына тағайындалуы.

Желтоқсан оқиғасының себебі:

- Ол — орталықтың өктемдік әрекеттері мен қайта құру жариялаған демократиялық ұстанымдар арасындағы қарама-қайшылықтар.
- Шеру бейбіт және саяси сипатта болды. 17 желтоқсан күні жиналғандар саны шамамен 25—30 мыңға жетті.



Орталықтың әміршіл басшылығы саяси наразылықты «өкімет билігіне төнген қатер» деп бағалап, көтерілісті басып тарату штабын құрды.



- Шеруді тарату кезінде қажетті қару-жараққа қосымша 15 БТР, 20 өрт сөндіруші машина, сонымен қатар темір сойылдар, саперлік күректер, үйретілген иттер пайдаланылды. Көтерілісшілерді жазалау:
- 8,5 мыңнан астам адам ұсталып, қала сыртына өкетілді.

- 99 адам сотталды, соның 46-сы кейін ақталды.
2 адам ату жазасына кесілді,
83 адам — 1,5 жылдан 15 жылға дейін бас бостандығынан айырылды.
- 53 адам партия қатарынан шығарылды.
- 758 студент оқудан шығарылды.
- 1138 адам комсомолдық сөгіс алды.
- Жоғары оқу орындарындағы 12 ректор қызметінен алынды.
- Ішкі істер министрлігінен 1200 адам, денсаулық сақтау және көлік министрлігінен 309 адам жұмыстан шығарылды.
- 1987 жылы шілде — КОКП ОК Желтоқсан оқиғасын «қазақ ұлтшылдығының көрінісі» деп бағалады.
- 1989 жылы мамыр-маусым — КСРО халық депутаттарының I съезінде ақын М. Шаханов Желтоқсан оқиғасына әділ баға беруді талап етті. Желтоқсан оқиғасына түпкілікті баға беру жөнінде М.Шаханов төрағалық еткен комиссия құрылды.
- 1991 жылғы желтоқсан — «1986 жылғы 17-18 желтоқсан оқиғаларына қатысқаны үшін жауапқа тартылған азаматтарды ақтау жөнінде» Н. Ә. Назарбаевтың Жарлығы шықты.
- Желтоқсан көтерілісінің тарихи маңызы.

— Қазақ халқының тәуелсіздікке ұмтылуына жол ашты. Оқушылардың білімін тестік сұрақтар арқылы тексеруге болады.

ТЕСТ СҰРАҚТАРЫМЕН ЖҰМЫС

1. Желтоқсан оқиғасы қандай сипатта болды?
 - а) Ұлтшылдық;
 - ә) Конституцияға қарсы;
 - б) бейбіт және саяси.
2. Желтоқсан оқиғасына кімдер қатысты (қозғаушы күші)?
 - а) Алматы халқы;
 - ә) студент және жұмысшы жастар;
 - б) тек қана студент жастар.
3. Көтеріліске шыққан жұмысшы жастар қандай өзекті мәселелер қойды?
 - а) Тұрғын үй мәселесі;
 - ә) жалақыны өсіру;
 - б) республика басшылығына қазақ ұлтынан қою.

4. Бейбіт шеруді басу үшін Алматыға неше қаладан әскери күштер әкелінді?
- а) 5 қаладан;
ә) 8 қаладан;
б) 10 қаладан.
5. Желтоқсан күндері биліктің күш қолдану әрекеттері қай кездегі ұлт-азаттық көтерілісіне байланысты іс-қимылды еске түсіреді?
- а) 1837—1847 жж.;
ә) 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы;
б) 1836—1838 жж.
6. Желтоқсан оқиғасына қатысқан қанша жас оқудан шығарылды?
- а) 645;
ә) 758;
б) 275.
7. Жоғары оқу орындарындағы қанша ректор қызметінен алынды?
- а) 9;
ә) 11;
б) 12.
8. «Халық қаһарманы» атағын алған желтоқсан құрбаны кім?
- а) Л.Асанова;
ә) Қ.Рахметов;
б) Қ.Рысқұлбеков.
9. Желтоқсан оқиғасына қолдау көрсеткен бой көрсетулер қандай елді мекендерде болып өтті?
- а) Шамалған, Сарыөзек;
ә) Ұзынағаш, Қаскелең;
б) Шұбартау, Абыралы.
10. 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінің тарихи маңызы қандай?
- а) 1986 жылы Республика басшысы қазақ ұлтынан болды;
ә) жұмысшы жастардың тұрғын үй мәселесі шешілді;
б) тәуелсіздікке жол ашты.

Үйге тапсырма. “1929—1931 жылдардағы шаруалар көтерілісі” тақырыбына байланысты тезистерді дәптерге мынадай сұлба түрінде толтыру.

Болған уақыты	Болған жері	Қорытындылары

II тарау. XX ҒАСЫРДЫҢ БАС КЕЗІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЯСИ ПАРТИЯЛАР МЕН АҒЫМДАР

§ 12. 1900—1917 ЖЫЛДАРДАҒЫ РЕСЕЙ МЕН ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ЖАҒДАЙ

Сабақтың мақсаты. XX ғасырдың бас кезіндегі империалистік дағдарыстар тұсындағы Қазақстанның жағдайына сипаттама беру.

Мәліметтерге талдау жасау арқылы қазақ халқының санындағы өзгерістерді және қазақ халқының өз еліндегі үлес салмағының кеміп кетуіне әсер еткен жағдайлар туралы түсінік беру.

Патша өкіметінің қазақ жерін отарлау шарасы — қоныстандыру саясатын және онда көздеген мақсатын түсіндіру.

Сабақ өткізудің әдісі. Өзара белсенділікті арттыру, дәріс, өздік жұмыс.

Тірек ұғымдар. 1905—1907 жылдардағы Ресейдегі революциялық қозғалыстың Қазақстанға және қазақ қоғамына тигізген ықпалының зерттелуі. XX ғасырдың басындағы Қазақстан халқы, қоныстандыру саясаты.

Көрнекі және дидактикалық құралдар. Қазақ халқының санын және Қазақстандағы үлес салмағын көрсететін диаграммалар.

Сабақтың жоспары:

1. Мәселенің зерттелу тарихынан.
2. Қазақстан халқы.
3. Жер мәселесі.

I. Мұғалім параграфтың бірінші тақырыпшасын шағын дәріс арқылы жүргізеді. Дәрісте XX ғасырдың бас кезіндегі бүкіл Ресей империясын қамтыған саяси оқиғалардың Қазақстанға да үлкен ықпалы болғандығын айтып оқышылардың назарын мәселенің зерттелу тарихына аудара отырып, нақты деректермен түсіндіреді.

Тақырыпшаны зерттеудегі кеңестік тарихнаманың тұжырымдамасы:

— Қазақстандағы азаттық қозғалыс — Ресейдегі большевиктер партиясы бастаған пролетарлық қозғалыстың табиғи одақтасы деп қаралды.

— Ұлт-азаттық қозғалыстың мақсатына жетуі Ресейде пролетариат диктатурасының орнауына тікелей тәуелді етілді.

— Таптық қайшылықты асыра бағалау.

— Азаттық қозғалыстың жетекші күші ұлт зиялыларының рөлін көргісі келмеуі.


Ендігі жерде мұғалімнің міндеті — оқушылардың ойын дамытуға талпыныс жасау. Оны мынадай сұрақтарға жауап алу арқылы іске асыруға болады.

1. XX ғасырдың басында Ресейде пролетарлық қозғалыс, ал Қазақстанда ұлт-азаттық қозғалыс болды. Бұл қозғалыстардың айырмашылығы неде?
2. Ресейде пролетариат диктатурасын орнату жолында негізгі қозғаушы күш — жұмысшы табы болды, ал Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстың негізгі қозғаушы күші кімдер?
3. Ресейдегі революциялық қозғалысқа большевиктер партиясы басшылық етті, ал Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалысқа кімдер басшылық жасады?

Мұғалім оқушылардың жауабын толықтырады, Қазақстан тарихын зерттеу және ұлт зиялыларының қызметін еркін зерттеу мүмкіндігіне тарихшы мамандар тек тәуелсіз мемлекеттік даму жағдайында қол жеткізгені баса айтылады.

II. Бұл тақырыпшада сандық мәліметтер көп берілген. Мұндайда ол сандық мәліметтерді кестелер мен сұлбаларға салып жүйелеу арқылы ой қорытқан дұрыс. Оқушыларға оқулық мәтінін оқып мәліметтерді пайдалана отырып, кестелер, диаграммалар сыздыруға болады.

1-тапсырма. Қазақстан тұрғындарының санын көрсететін диаграмма сызу — өсті 25,7%.



2-тапсырма. Қазақ халқының демографиялық ахуалының нашарлауының себептері.

1) _____

2) _____

3-тапсырма. Қазақстан тұрғындарының ауылдық жерде тұрғандары 90%.

4-тапсырма. 1917 жылға дейін қалалар саны 28. Олардың бесеуі көне қалалар — Шымкент, Өулиеата (Тараз), Түркістан, Перовск (Ақмешіт), Жаркент.

Жоғарыда берілген тапсырмаларға байланысты оқушыларға сұрақтар қойып, мәселені қорытқан дұрыс.

1. Өлке тұрғындарының ішіндегі қазақ халқының үлесі 1917 жылы 1897 жылмен салыстырғанда кеміп кетуінің себептері қандай?
2. 1897—1917 жылдары қазақтардың үлесі кеміп кеткен аймақтарды атаңдар. Картадан көрсетіңдер.
3. 1916 жылғы қозғалыс кезінде де қазақ халқының саны кеміді. Себептері қандай?

III. Бұл мәселені оқушыларға қазіргі заман тарихындағы Ресей тақырыбынан алған білімдеріне байланысты сұрақ қоюдан бастаған жөн.

1. Не себепті патша өкіметі Ресейде 1861 жылғы реформаны жүргізді?
2. Патша өкіметі орыс шаруаларының жерге деген мұқтаждығын қандай жолмен шешуге тырысты?
3. Орыс шаруаларын Қазақстанға қоныстандыруда қандай мақсат көзделді?
4. Ресей империясы XIX ғасырдың 60-жылдарына дейінгі және одан кейінгі кезеңдерде Қазақстанды қандай жолдармен отарлай бастады?

Осыдан кейін мұғалім оқушылардың жауабын толықтырып, патша өкіметінің орыс шаруаларын Қазақстанға қоныстандыру саясаты бойынша көздеген мақсатын ашып көрсетеді.

1868 және 1886 жылдардағы Ережелер арқылы патша өкіметі қазақ жерін зорлықпен тәркілеуді іске асыра бастағаны сандық мәліметтер келтіру арқылы түсіндіріледі.

Мұғалім дәрісінде айтылатын мәселелер.

- Қазақ жерлерін зорлықпен тәркілеуді іске асыру.
- Ресей өкіметінің қоныстанушыларға жасаған жеңілдіктері мен артықшылықтары.
- Ресей өкіметінің қоныстанушыларға жер үлестерін беруі.
- Ресей өкіметінің қазақ халқының жері есебінен «қоныстандыру қорын» құруы.
- Қоныс аудару басқармалары және жергілікті жерлерде мекемелердің құрылуы.

— Қазақ халқының жерін зорлықпен тәркілеу. Мұғалімнің қосымша құжат материалдарын (Қазақстан тарихы, 11-сынып хрестоматиясы және «Қазақ тарихы» журналы, 2001, №3) пайдалануына болады.

Әңгіме барысында оқушылардың ойын дамытатын сұрақтар қойып, келесі мәселені меңгеруге, шешуге өйтүрткі жасап отыру керек.

Оқушыларға тақырыпты бекіту үшін мынадай сұрақтар мен тапсырмалар беріледі.

1. Патша өкіметінің орыс шаруаларын Қазақстанға қоныстандырудағы мақсаты → 1, ... → 2, ...
2. 1868 жылғы 21 қазанда және 1886 жылғы 12 маусымда бекітілген ережелердің ортақ мәні (сұлба түрінде орындау).
3. Қазақстандағы бес қоныс аударатын аудандарды жазындар.

Үйге тапсырма. Тақырыпты оқып шығып, орындау:

— Төменде көрсетілген жылдарда қазақ жері туралы қандай мәселе қаралды?


1861 ж., 19 ақпан —

1868 ж., 21 қазан —

1886 ж., 12 маусым —

1874 ж. —

1891 ж., 25 наурыз —



§ 13. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЯСИ ПАРТИЯЛАР

Сабақтың мақсаты. ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының қоғамдық, саяси күш ретіндегі белсенді рөлін түсіндіру.

Қазақ зиялыларының саяси партия құру жолындағы әрекетін түсіндіріп, оқушылардың назарын Алаш партиясының құрылуы мен құрамына аудару.

Алаш партиясының бағдарламасына талдау жасап, оның сол уақыттағы ең озық бағдарлама болғандығы туралы ұғым қалыптастыру.

Сабақ өткізудің әдісі. Аралас сабақ (дәріс, әңгіме, өздік жұмыс, практикалық жұмыс).

Базалық білім. Қазақстан XX ғасырдың бас кезіндегі жалпы империялық дағдарыстар тұсында, ұлт зиялыларының азаттық қозғалыстағы тарихи рөлі.

Тірек ұғымдар. XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының қоғамдық-саяси қызметке даярлықпен келуі, Мемлекеттік Думаға қазақтардан депутаттар сайлау, Алаш партиясының құрылуы және оның Жарғысы мен бағдарламасы.

Көрнекі және дидактикалық құралдар. Қазақ зиялыларының портреттері, Алаш партиясының Жарғысы мен бағдарламасы, Алаш қозғалысына мүше болғандар мен ниеттестер тізімі.

Сабақтың нәтижесі. Оқушылар қоғамдық-саяси өмірдегі ұлт зиялыларының іс-әрекеттерін біледі. Алаш партиясының Жарғысы мен бағдарламасымен танысып өкімет құрудағы ең озық бағдарлама болғанына көздері жетеді.

Сабақтың жоспары


1. Зиялылар қызметі.
2. Қазақ зиялылары саяси партия құру жолында.
3. Алаш партиясының құрылуы.
4. Алаш партиясының бағдарламасы.
5. Қоғамның саяси өміріндегі басқа ұйымдар мен партиялар.

I. Мұғалім XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының қоғамдық-саяси қызметке даярлықпен келгенін және дербес саяси күш ретінде саяси өмірге араласуына түрткі болған жағдайлар туралы әңгімелейді. Осыдан кейін оқушылардың жеке зиялылардың саяси қызметке араласуы туралы дайындаған баяндамалары (тапсырма алдыңғы сабақта берілді) тыңдалады. Оқушылардың ойын дамытатын сұрақтар қойылады.

Мұғалім оқушылардың жауабын толықтырып, мәселені нақтылай түсу барысында қосымша құжат материалынан мысалдар келтіруіне болады (А. Байтұрсынұлы,

Ә. Бөкейханов, Ж.Аймауытов, т.б. зиялылардың шығармалары).

Ахмет Байтұрсынұлы бастаған қазақ зиялыларының 1905 жылы Қарқаралыда патша үкіметіне жазған ұжымдық шағымда көтерілген мәселелерді айтып, сұлба түрінде көрсетеді.



Нүрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. А., 1995.

II. Мұғалім қосымша құжат материалдарын пайдалана отырып 1905—1907 жылдардағы Қазақстанның саяси өмірі, ұлт зиялыларының тарихы I және II Мемлекеттік Думаға (Бүкілресейлік парламент) сайлауға дайындық пен оны өткізуге байланысты ерекшелетінін айтады. Саяси партия құру жолындағы ұлт зиялыларының іс-әрекеті мұғалімнің әңгімесі негізінде көрсетіледі, әңгіме барысында оқушыларға бірқатар сұрақтар қойылады және олар соңынан талданады.

Мұғалімнің қосымша төмендегідей мәліметтер беруіне болады.

I Мемлекеттік Думаның депутаттары

Депутаттар	Сайланған жері
Әлихан Бөкейханов	Семей облысынан
Сәлімгерей Сейітханұлы Жантөрин	Уфа губерниясынан
Алпысбай Қалменұлы Қалменов	Хан ордасының қазақтарынан
Дәуіт Санжынұлы Ноян	Астрахан мен Ставрополь көшпелі тайпаларынан
Ахмет Қорғанбекұлы Бірімжанов	Торғай облысынан
Ш.Қосшығұлов	Ақмола облысынан

II Мемлекеттік Думаның депутаттары

Депутаттар	Сайланған жері
Ш.Қосшығұлов	Ақмола облысынан
Б.Қаратаев	Орал облысынан
А.Бірімжанов	Торғай облысынан
М.Тынышбаев	Жетісу облысынан

Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. Алматы, 1995.

III. Бұл тақырыпша шағын дәріс түрінде өтіледі: Мұғалім тарихи құжаттарды және қосымша материалдарды пайдаланып, оқулық мәтiнiне кеңiнен түсiнiк бередi. Оқушыларға сұрақ қойып, ойын дамытуға үнемі назар аударып отырады.

Дәріс сұрақ қоюдан басталады.

Мұғалім түсіндіретін қағидалар.

— «Қазақ» газеті жанынан құрылған ұйымдастыру бюросының жұмысы.

— 1917 жылғы 21—26 шілде аралығында Орынбор қаласында өткен Жалпықазақ съезінде қаралған мәселелер (аса маңызды 14 мәселе):

1. Мемлекет билеу түрі. 2. Қазақ облыстарында — автономия. 3. Жер мәселесі. 4. Халық милициясы. 5. Земство. 6. Оқу мәселесі. 7. Сот мәселесі. 8. Дін мәселесі. 9. Әйел мәселесі. 10. Учредительное собрание сайлануына даярлану, һәм қазақ облыстарынан депутаттар сайлау. 11. Бүкіл Ресей мұсылмандарының кеңесі (Шора-и-Ислам). 12. Қазақтың саяси партиясы. 13. Жетісу облысындағы оқиға. 14. Киев шаһарында болатын бүкіл Ресей федералистерінің съезіне һәм Петроградта болатын оқу комиссиясына Қазақстаннан өкіл жіберу».

(«Қазақ», 1917, 24 маусым, бұл құжат К.Нұрпейісовтің «Алаш һәм Алашорда» кітабынан алынды).

— «Алаш» деген атпен қазақ саяси партиясының құрылуы. Партияның Жарғысы.

Мұғалім осы қағидаларды түсіндіре отырып съезде қаралған 14 мәселенің ішіндегі ерекше маңыздысы, қазақ қоғамының сол кездегі алдында тұрған мақсаттарына сөйкес, қазақтың дербес саяси партиясын құру болғанын атайды. Бұл мәселені талқылау барысында съезд іс жүзінде

партияны ұйымдастыруға арналған Құрылтай жиналысына айналды деген қорытынды жасайды.

Ескерту. Өтіліп отырған тақырыпқа байланысты құжаттарды және қосымша материалдарды мұғалім төмендегі басылымдардан алуына болады:

1. К. Нүрпейісов. «Алаш һәм алашпорда». Алматы, 1995.
2. Ө. Бөкейханов. Шығармалар. Алматы, 1994.
3. «Қазақ тарихы» журналы. №5, 1997.
4. Бұл мәселе құжатпен практикалық жұмыс түрінде өтеді. Тақтаға тірек-сызба ілініп, әр партаға бір-бірден құжат (Алаш партиясының бағдарламасы) және талдау сұрақтары (*алдын ала көбейтіп алу керек*) таратылады.

1. Неліктен Алаш партиясының бағдарламасы сол кездегі Ресей империясындағы саяси партиялар бағдарламасымен салыстырғанда ең озық деп танылған?
2. Қазақ қоғамы үшін мемлекетті басқарудың қандай түрі тиімді болды?
3. «Жергілікті бостандық» бөлімінде екі мақсат айқындалған. Ол қандай мақсаттар?
4. «Негізгі құқық» бөлімінің антифеодалдық сипатын түсіндіріңдер.
5. Жерге жекеменшік емес, үлес жер ретінде пайдалануға берілді. Кадет партиясы ұсынған жерге жекеменшік орнатылса, сол кезде қандай тиімсіз жағдай болуы мүмкін еді?
6. Алаш партиясының бағдарламасындағы ең маңызды құқықтар мен бостандықтарды атаңдар. Неге оларды маңызды деп ойлайсындар?
7. Алаш партиясының бағдарламасы — жалпыұлттық сипаттағы бағдарлама екенін атап көрсетіңдер.

Алаш партиясының бағдарламасы



Мұғалімге ұсынылады:

«Қазақ» газетінің 1917 жылғы қарашаның 21-інде жарық көрген 251-санында Алаш партиясы бағдарламасының жобасы жарияланды. I Жалпықазақ съезінің шешімдеріне сәйкес Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Елдес Ғұмаров, Есенғали Тұрмұхаметов, Ғабдулхамит Жүндібаев, Ғазымбек Бірімжанов дайындаған партия бағдарламасының жобасы он баптан тұрады. Олардың ең маңыздылары мыналар:

I. Мемлекет қалпы. Россия демократическая, федеративная республика болу. Демократия мағынасы — мемлекетті жұрт билеуі. Федерация мағынасы — құрдас мемлекеттер. Федеративный республикада әр мемлекеттің іргесі бөлек, ынтымағы бір болады. Әрқайсысы өз тізгінін өзі алып жүреді...

Осы бапты қазіргі саяси терминдермен түсіндірсек, Алаш партиясы мемлекеттік құрылыс мәселесіне Ресейдің терезесі тең мемлекеттердің федеративтік одағы болуын, оған мүше болған әрбір субъект өзінің егемендік құқы болуымен бірге жалпы федеративтік одақ мүдделерін қорғауда «ынтымағы бір» болуын талап етті.

II. Жергілікті бостандық. Қазақ жүрген облыстардың бәрі байланып, өз тізгіні өзінде болып, Ресей Федерациясының бір ағзасы болу. Реті келсе, қазақ автономиясы сыбайлас жұрттармен әзірге бірлес болу, реті келсе, бірден-ақ өз алдына жеке болу... Алаш партиясы ғәділдікке жақ, нашарларға жолдас, жебірлерге жау болады. Күш-қуатын игілік жолына жұмсайды.

Алаш бағдарламасы жобасының осы бабында екі түбірлі мақсат айқындалған: біріншісі — Ресей Федеративтік мемлекетінің құрамдас бөлігі болуға тиіс Қазақ автономиясы бүкіл қазақ халқы мекендеген жерлерге иелік етеді («қазақ жүрген облыстарды байланыстырады») және тең құқықты федерация мүшесі ретінде оған нұқсан келген жағдайда Қазақстан өз алдына тәуелсіз мемлекет болып бөлініп шығады («бірден-ақ өз алдына жеке болады»); екіншісі — өзінің нақтылы саяси қызметінде Алаш партиясы жалпы адамзаттық игіліктерді басшылыққа алып, әділетке жақ, зорлыққа қас болады.

III. Негізгі құқық. Ресей республикасында дінге, қанға қарамай, еркек, әйел демей, адам баласы тең болу.

Жиналыс жасауға, қауым ашуға, жария сөйлеуге, газет шығаруға, кітап бастыруға еркіншілік ... сот сұрамай, билік айтылмай тұтқын қылмаушылық...

IV. Дін ісі. Дін ісі мемлекет ісінен айырылуы болуы. Дін біткенге тең құқық. Дін ұстауға ерік, кіру, шығу жағына бостандық... Муфтилік қазақта өз алдына болу...

V. Билік және сот. Әр жұрттың билік пен соты тұрмыс ыңғайына қарай болуы. Би һәм судья жергілікті жұрттың тілін білу... Қазақ көп жерде сот тілі қазақ тілі болу...

VI. Ел қорғау. Ел қорғау үшін әскер осы күнгі түрде ұсталмауы. Әскер жасына жеткен жастар жерінде үйретіліп, жерінде қызмет ету... Әскерлік міндетін қазақ атты милиция түрінде атқару.

VII. Салық. Хал-ауқат, табысқа қарай: байға-байша, кедейге-кедейше ғаділ жолмен таратылу.

VIII. Жұмысшылар. Жұмысшылар закон панасында болу. (Қазақ жерінде зауыт-фабрика аз, сондықтан қазақтың жұмысшылары да аз. Алаш партиясы жұмысшылар турасында социал-демократтардың меньшевик тобының программасын жақтайды.)

IX. Ғылым-білім үйрету. Оқу орындарының есігі кімге болса да ашық һәм ақысыз болу; жұртқа жалпы оқу жайылуы. Бастауыш мектептерде ана тілінде оқу; қазақ өз тілінде орта мектеп, университет ашу; оқу жолы өз алды автономия түрінде болу: хұқмет оқу ісіне кіріспеу; мұғалімдер, профессорлар өзара сайлаумен қойылуы; ел ішінде кітапханалар ашу.

X. Жер мәселесі. Учредительное собрание негізгі закон жасағанда жер сыбағасы алдымен жергілікті жұртқа берілсін... Қазақ жер сыбағасын отырған жерлерден алып орналасқанша, қазақ жеріне ауған мұжық келмеуі; бұрын алынған жерлердің мұжық отырмағандары қазаққа қайтуы; қазаққа тиетін жер сыбағасын жергілікті комитеттер кесуі; сыбаға өлшеу, норма жердің топырағы мен шаруашылық түріне қарай жасалу... Түркістанда жермен бірге су сыбағасы да кесілу; жерді қазақ үй басына иеленбей, ауыл-аймақ, туысқан тобына меншіктеп алу.

Жер заңында жер сату деген болмау, әркім өзі пайдалану. Пайдасынан артық жер сатылмай земствоға алыну.

Жердің кені, астығы, байлығы қазынанікі болып, билігі земство қолында болу. Аса зор ағаш (орман-тоғайлар — *К. Н.*), зор өзендер мемлекеттік болып, аз ағаш һәм көл байлықтары земство мүлкіне салыну».

Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. Алматы, 1995.

Мұғалім қорытынды жасайды. Оқушылардың назарын 1917 жылы қараша айының 12—18-і аралығында өткен

Құрылтай сайлауына аударып, көлемі жағынан шағын, мазмұны жағынан терең осы бағдарлама жобасы Алаш партиясының үлкен табысқа жетуін қамтамасыз еткенін кесте түрінде көрсетеді.

Жекелеген облыстар мен уездердегі сайлау қорытындысы

Облыстар, уездер	Алаш партиясы	РСДЖ(б)П меньшевиктер	Эсерлер
Торғай облысы			
Қостанай уезі	72745	3465	51245
Ырғыз уезі	55349	1516	181
Ақтөбе уезі	28202	1736	12114
Торғай уезі	54978	41	210

Семей облысы	Алаш	Эсер	Казак (казак-орыстар)	10 партия ұйымы
Семей уезі	59331	3375	1910	1300
Орал облысы	Алаш	Казактар	Солшыл эсерлер	Эсерлер
Ілбішін уезі	75544	19571	1325	125
Орал қаласы	976	7248		2737

Үйге тапсырма. Параграф соңындағы сұрақтар бойынша пікір қалыптастыру және берілген құжаттарды оқып шығу.

§ 14. АЛАШОРДА ЖӘНЕ ТҮРКІСТАН АВТОНОМИЯЛАРЫ

Сабақтың мақсаты. Алашорда және Түркістан автономиясы үкіметінің өмірге келуіне тікелей себеп болған жағдайларды және оның құрылуын түсіндіріп, маңызын ашып көрсету.

Алашорда мен Кеңес өкіметінің арақатынасына сипаттама беріп қоғамдық өмірдегі саяси шиеленістер кезеңінде Қазақстанның саяси жағдайы, ұлт зиялыларының іс-әрекеттері мен нәтижелерін көрсету.

Сабақ өткізудің әдісі. Өзара белсенділікті арттыру, әңгіме, іскер-ойын, сұрақ-жауап, тестік тапсырма.

Базалық білім. Алаш партиясының жарғысы мен бағдарламасы, Алаш партиясының құрылуы.

Тірек ұғымдар. Алашорда үкіметін құрудың басты себептері — Алашорда үкіметінің құрылуы, Алашорда мен Кеңес өкіметінің арақатынасы.

Көрнекі және дидактикалық құралдар. Ұлт зиялыларының портреттері, қажетті кесте, сұлбалар.

Сабақтың нәтижесі. Алашорда өкіметін құрудағы ұлт зиялыларының саяси белсенділігімен және ұлттық тұтастық идеясымен танысады, оның көкейкестілігін ұғынады, Алашорда мен Кеңес өкіметінің арақатынасын білетін болады.

Сабақ барысында мұғалім оқушыларға тақырыпты айтып, ондағы қаралатын мәселелерді таныстырады. Оқушылардың логикалық ойын дамыту мақсатында Қазақстанда шешілуге тиісті ұлт өміріне қатысты ең өзекті мәселелерді атап берулерін сұрайды.

Осы шағын әңгімелесуден кейін параграф тақырыпшалары қарастырылады.

Параграфтың бірінші тақырыпшасын ойын түрінде өткізіп түсіндіруге болады.

Қазақ мемлекеттігі туралы мәселе қаралған II Жалпы-қазақ-қырғыз съезінің өтуі. Сынып оқушылары съезд делегаттары және ұйымдастыру комитеттері ретінде қатысады.

Ұйымдастыру комитеті съезге келген делегаттардың тізімін алып барлығы 80-ге жуық делегатты тіркейді.

Әр уезден екі ақсақал, әр облыстық қазақ комитеттерінен екі өкіл және арнайы шақырылған 30 адам: олардың қатарында Ғұмар Қарашұлы, Қайырша Ахметжанұлы, Ғабдолла Ешмұхамбетұлы, Ахметжан және Қожахмет Оразайұлдары, Құрманбек Бірімжанұлы, Шөкәрім Құдайбердіұлы, Мұстафа Шоқай, Уәлихан Танашев, Халел мен Жаһанша Досмұхамедовтер, Бақтыкерей Құлманов, Шөңгерей Бөкейұлы, Есенғұл Маманұлы, Мұхаметжан Тынышбаев, Салық Қарпықұлы, т.б. болды.

Съездің төралқасы (президиумы) сайланады.

Төраға съездің күн тәртібімен таныстырады:

1. Қазақ-қырғыз автономиясы.
2. Сібір Түркістан автономиясы һәм Оңтүстік-Шығыс Одағы туралы.

3. Милиция.
4. Ұлт Кеңесі.
5. Оқу мәселесі.
6. Ұлт қазынасы.
7. Мүфтилік мәселесі.
8. Народный суд.
9. Аульный управление.
10. Азық-түлік мәселесі.

Съезде қазақ автономиясы туралы баяндама тыңдалады.

Күн тәртібі бойынша жарыс сөздер:

— Милиция құру жағдайы айтылады;

— Ұлт Кеңесінің құрамы туралы пікір, т.б.

Осы мәселелер бойынша съезд қаулы қабылдайды:

«1. Бөкей елі, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария облыстары, Ферғана, Самарқан облыстарындағы және Әмудария бөліміндегі қазақ уездері, Закаспий облысындағы және Алтай губерниясындағы іргелес болыстардың жері бірыңғай, іргелі-халқы қазақ-қырғыз, халі, тұрмысы, тілі бір болғандықтан өз алдына ұлттық, жерлі Автономия құруға;

2. Қазақ-қырғыз автономиясы «Алаш» деп аталсын;

3. Алаш автономиясының жер үстіндегі түгі — суы, астындағы кені — Алаш мүлкі болсын;

4. ...

5. Қазақ-қырғыз арасында тұрған аз халықтың құқықтары теңгеріледі. Алаш автономиясына кірген ұлттардың бәрі бүкіл мекемеде санына қарай орын алады...

6. Алаш облыстарын қазіргі бүліншіліктен қорғау мақсатымен Уақытша Ұлттық Кеңес құрылсын. Мұның аты «Алашорда» болсын. Алашорданың ағзасы 25 болып, 10 орын қазақ-қырғыз арасындағы басқа халықтарға қалдырылады. Алашорданың уақытша тұратын орны — Семей қаласы.

Алашорда бүгіннен бастап қазақ-қырғыз халқының билігін өз қолына алады».

Делегаттар Алаш автономиясының Алашорда атанған Ұлт Кеңесінің құрамына 15 адамды сайлайды:

Уәлихан Танашев (Бөкей ордасы), Халел Досмұхамедов (Орал облысы), Айдархан Тұрлыбаев (Ақмола облысы), Ахмет Бірімжанов (Торғай облысы), Халел Ғаббасов (Семей облысы), Садық Аманжолов (Жетісу облысы), Мұстафа

Шоқай (Сырдария). Облыстардан тыс Алашорда құрамына Әлихан Бөкейханов, Жаһанша Досмұхамедов, Әлімхан Ермеков, Мұхаметжан Тынышбаев, Бақтыкерей Құлманов, Жақып (Якуб) Ақбаев, Базарбай Мамытов, Отыншы Әлжанов сайланды. Үкіметтің осы 15 мүшесіне орынбасарлар болып қазақ өлкесінің әртүрлі өңірінен тағы да 15 кісінің кандидатуралары бекітілді.

Ендігі мәселе Алашорданың (Алаштың ордасы және өкіметінің) төрағасын балама негізде сайлау басталады:

Үкімет төрағасына үш қайраткердің — Әлихан Бөкейхановтың, Бақтыкерей Құлмановтың және Айдархан Тұрлыбаевтың кандидатуралары ұсынылды. Жасырын дауыс нәтижесінде Ә.Бөкейханов — 40 дауыс, А.Тұрлыбаев — 20, Б.Құлманов — 19 дауыс алды. Көп дауыс алған Әлихан Бөкейханов Алаш автономиясының өкіметі — Алашорданың төрағасы болып сайланды. (Бұл құжаттар К. Нұрпейісовтың “Алаш һәм Алашорда” кітабынан алынды).

Мұғалім тақырыпқа қорытынды жасап, толықтырады.

Алашорданың Кеңес өкіметіне көзқарасы туралы мәселені оқушыларды қатыстыра отырып, талдаған тиімді.

Сұрақтар

1. Қазақ зиялылары большевиктердің тап күресі туралы теориясын қолдамады. Ресейдегідей Қазақстанда тап күресі болды ма?
2. Большевиктер есептегендей, Алаш қозғалысының өкілдері ұлттық буржуазия мен феодалдық таптардың мүддесін қорғады ма?
3. Қазақстанға ұлттардың өзін-өзі билеуі немесе еңбекшілердің өзін-өзі билеуі тұжырымының қайсысы дұрыс келеді? Неліктен?

Үйге тапсырма. Оқулық соңындағы сұрақтар бойынша дайындалу.

Қоқан автономиясының құрылу себептері тақырыпшасы өңгіме әдісімен түсіндіріледі. Мына мәселелерге назар аударылады:

— Түркістан генерал-губернаторлығы құрамындағы қазақ халқының жағдайы.

— Түркістандық қазақтар үшін қандай саяси мемлекеттік құрылым қажет еді? Зиялылар пікірі.

— Түркістан автономиясының жариялануы.

Алаш және Түркістан автономиясы туралы тақырыпты мұғалім оқушыларға оқулықтан оқып, сол кезеңдегі қазақ халқының саяси бағытының нәтижелерін анықтау тапсырылады:

1. Алашорда өкіметінің ұлттық бірлікке жету бағыты.
2. М.Шоқайдың тұтас Түркістан идеясы.

Немесе бұл тапсырманы мынадай кесте түрінде орындауға болады.

Алашорда және Түркістан автономияларының мемлекеттік құрылымы мен ұлттық тұтастық идеяларын және ұлттық автономия мен жұмысшы-шаруа автономиясы туралы ұстанған бағыттарын салыстыру. Алаш автономиясы және Түркістан (Қоқан) автономиясына салыстыру.

	Алаш автономиясы	Қоқан автономиясы
Құрылған уақыты		
Мемлекеттік билік жүйесі		
Аумағы		
Автономия құрудағы мақсаты		
Кеңес өкіметіне қатысты көзқарасы		
Үкіметтің таратылу себебі		
Тұжырым		

ТЕСТ СҰРАҚТАРЫМЕН ЖҰМЫС

1. Қазақ автономиясы идеясын қай партия ұсынды?
 - а) «Алаш» ұлттық-демократиялық партиясы;
 - ә) Социал-демократтар;
 - б) Большевиктер партиясы;
 - в) Кадеттер.
2. Алашорда үкіметі қай съезде жарияланды?
 - а) I Жалпықазақ съезі;
 - ә) II Жалпықазақ съезі;
 - б) Бүкілтүркістандық IV төтенше съезі;
 - в) Бүкілресейлік мұсылмандар Құрылтайы.
3. IV төтенше өлкелік мұсылмандар шешімімен құрылған мемлекеттік құрылым қалай аталады?
 - а) Алашорда автономиясы;
 - ә) Түркістан автономиясы;

- б) Түркістан Халық Комиссарлар Кеңесі;
- в) Уақытша буржуазиялық өкімет.

4. Қай қайраткер Алаш партиясына мүше болмады?

- а) Бөкейханов;
- ә) Байтұрсынұлы;
- б) Дулатұлы;
- в) Рысқұлов.

5. Қазақстанда Алаш қозғалысына қарсы болған партия?

- а) Кадеттер;
- ә) Большевиктер;
- б) «Үш жүз» партиясы;
- в) Эсерлер партиясы.

Ш тарау. 1920—1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ САЯСИ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

§ 15. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЖЫМДАСТЫРУ

Сабақтың мақсаты. Республиканың ауыл шаруашылығын қайта құру негізінде 1929—1931 жылдарда жүргізілген ұжымдастыру саясатының зардаптары мен нәтижелерін түсіндіру. Орыстық өктемдіктің қазақ халқы үшін бұрынғыдан да қатыгез сипат алған Кеңес өкіметі жүйесіне тоқталу. Бұл жағдайларды көзімен көріп, басынан кешірген озық ойлы қазақ зиялылары жаппай экономикалық және рухани тоқырау жағдайында, болып жатқан өзгерістерді талдап түсінуге, саяси жүйені өз мүмкіндіктерінше халық үшін тиімді бағытқа бұруға тырысқанына тоқтала отырып, осы тұлғалардың іс-әрекеті негізінде оқушыны ұлттық патриоттық тәрбиеге баулу.

Ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық шаруашылық дамуының кенеттен тоқтауы, оның үлкен дағдарысқа ұшырауы себептерін ашу.

Сабақ өткізудің өдісі. «Пікірсайыс».

Сабақтың нәтижесі. Оқушы қазақ халқының тарихында ұлы нәубет жылдары аталған зұлматтың негізгі себептері мен салдарларынан толық мағлұмат алады.

Тірек рәсімдар. Ауыл шаруашылығын ұжымдастырудың басталуы; халық шаруашылығының күйзеліске ұшырауы, «Кіші Қазан» науқаны.

Көрнекі және дидактикалық құралдар. Қазақ КСР-інің картасы, «Ұлы нәубет зардаптары» кестесі.

Мұғалім өтілген тақырыпқа байланысты берген сұрақтарына жауап ала отырып, оқушының дамушылық белсенділігін қалыптастырады. Өткен тақырыпқа шолу жасалады. Жаңа тақырыпты игеруге жол ашылады. Ендігі жердегі мұғалімнің міндеті — оқушының логикасын дамыту.

Ол мына сұрақтар төңірегінде іске асады.

1. Азамат соғысынан кейінгі кезде қазақ халқының жағдайы қандай еді?
2. 1921—1922 жылдардағы ашаршылық қазақ қоғамына қалай әсер етті?

Осы екі сұрақ пен жауап оқушының логикалық ойлау қабілетіне түрткі бола отырып, олардың алдында «күту сәтін» тудырады. Осы тұста мұғалім ұжымдастыру қарсаңындағы қазақ ауылының әлеуметтік-экономикалық жағдайына шолу жасайды. Бұдан кейін оқушылардың назарын оқулықтағы мәтінге аударып, 1923 жылғы 17—22 наурыз аралығында Орынбор қаласында өткен III конференциядағы РК(б)П ОК-нің өкілі Е.М.Ярославский мен РК(б)П Қазақ бюросының мүшесі А.И.Вайнштейн баяндамаларына тоқталуды ұсынуға болады.

Екінші бір сәтте С.Сәдуақасов, Ы.Мұстанбаев, Х.Нұр-мұхамедов көзқарастарына тоқталып, оқушылардың өз ойларын айтуды ұсынған дұрыс. Осы жерде оқушыларды 2 топқа бөліп, бірі Ярославский мен Вайнштейннің, екіншісі, Смағұловтардың көзқарастарын білдіріп пікірсайыс өткізуге болады.

Ендігі міндет — оқушының ойын қозғауды ұйымдастыру.

Ұжымдастыру саясатының түп төркіні Голощекиннің «Кіші Қазан» идеясы және ұлт қайраткерлерінің оған қарсы идеялық көзқарасы осы кезеңді қамтиды.

Алдымен, «Кіші Қазан» деген не? Осы сұрақ көлемінде ойланып көрелік. Бір оқушыға оқулық мәтінінен осы абзацты оқытып, ойын тыңдау. Оқушының дамытушылық қабілеті ендігі жерде үнемі дамуды қажет етеді.

«Кіші Қазан» науқаны туралы оқушының логикалық-дамытушылық қабілеттерін дамытады. Сабақтың осы кезеңінде сұлба қолданылады.

«Кіші Қазан» науқаны және ұжымдастыру саясатының ортақ нәтижелері:



Сұлба салыстырмалы түрде қолданылып, ортақ нәтиже шығарылады.

Мұғалімнің бұдан кейінгі міндеті отырықшыландырудың, тәркілеудің мәні, барысы және салдары туралы тоқталу (кесте арқылы түсіндіру).

1927–1928 жж. жерге орналастыру жоспары

Ұлттар	Бірінше кезеңде		Екінші кезеңде	
	Бірлестіктер саны	Қожалықтар саны	Бірлестіктер саны	Қожалықтар саны
Қазақтар	1153	49910	202	23642
Орыстар	525	49680	150	20438
Өзбектер	25	4643	39	9585
Қарақалпақтар	98	3102	—	—
Дүнгендер	—	—	1	869
Тараншы	—	—		
Басқалар	3	1724	67	5270
Барлығы	1804	79059	469	59804

Мұғалім әңгімесін жалғастыра отырып, оқушыларға сұрақ қойып, оларды әңгіме, пікірсайысқа жетелейді, мұрағаттық құжаттардан алынған бұл мәліметтерден, ең алдымен, орыс қожалықтарының санын арттыруды көздегенін байқаймыз.

Мұнымен қатар БОАК-тың 1928 жылғы 29 наурыздағы қаулысында қазақтардың белгіленген мөлшерден артық жерлерін кесіп алу керектігі көрсетілді. Осылайша Кеңес өкіметінің қазақ жерлерін отарлауы басталды. Осыған сендердің көзқарастарың қандай?

Келесі кезекте мұғалім «Нәубет» кітабының 18-бетіндегі «Көшпенді шаруалар қайдан шықты» — деген Б.Нұрғалиев-

тің жазғанынан үзінді оқып, мынадай сұрақтар қойып оқушыны өңгімеге, өз ойын ашық айтуға жетелейді.

Ал осы толық шындық па? Елді ашаршылық жайлағаны, малмен қоса халықтың қырылғанын неге айтпаймыз?

Елді тоқшылыққа жеткізуге тиіс ұжымдастыру, қалайша бізді ашаршылыққа ұшыратты деп ойлайсындар, ойымызды ортаға салайық.

Оқушылардың ойын тыңдағаннан кейін төмендегідей сұрақтарға жауап ала отырып, жаңа материалды қорытындылауға болады.

1. Жергілікті халықтың таптық жіктелуін тереңдету саясатының мәні неде? Оған қарсы шығушылар қандай ұсыныстар айтты? Ол туралы өз ойларыңды білдіріңдер.
2. Голощекиннің ұстанған бағытының зиянды жақтарын неден көруге болады?
3. «Кіші Қазан» науқанының мәні және шынайы мағынасы қандай деп ойлайсындар? Ондай науқан қажет пе еді? Өз ойларыңды дәлелдендер.
4. Тәркілеу қалай жүргізілді? Оның барысы мен салдарлары жөнінде не ойлайсындар?
5. Голощекин қазақ зиялыларын қуғындау барысында қандай әдістер қолданды? Оның жазалау шараларына ұшыраған қазақ зиялыларын атаңдар. Олар туралы не білесіңдер?

Үйге тапсырма. 1. Қосымша әдебиеттерді пайдалана отырып төмендегідей кестені толтыруды ұсынған дұрыс.

1929 ж. халық саны	1933 ж. халық саны	Аштықтан қырылғандар саны	Шетелге көшкендер саны	Атылған не соғталғандар саны

§ 16. ГОЛОЩЕКИН ГЕНОЦИДИ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ АУЫЛЫНЫҢ ҚАСІРЕТІ

Сабақтың білімдік мақсаты. Жаңа материал бұдан бұрынғы сабақпен тығыз байланыста болғандықтан, өткен сабаққа шолу жасай отырып, ауылды кеңестендірудің сипатын ашып көрсету. Оқушыларға Қазақстанның жаңа басшысы Голощекиннің зұлмат саясатын ашып көрсету.

Сабақтың тәрбиелік мақсаты. Голощекиннің асыра сілтеуі, қазақ ауылын білетін кейбір қайраткерлер мен қазақ зиялыларының тарапынан қарсылыққа кездескеніне тоқтала отырып, елім, халқым деген зиялылардың іс-әрекеті негізінде оқушыны ұлттық патриоттық тәрбиеге баулу.

Сабақтың дамытушылық мақсаты. Алдын ала берілген тапсырмалар бойынша сұрақтар қоя отырып оқушылардың ойлау қабілетін дамыту әрі өз ойын, көзқарасын ашық айту қабілетін қалыптастыру.

Сабақ өткізудің өдісі. Ізденіс сабағы.

Бұл сабақтың басқа сабақтардан айырмашылығы, оқушыдан көп ізденуді, қосымша, тарихи құжаттармен жұмыс жасауды талап етеді.

Оқушыдан үйден дайындап келген ізденіс материалдарын сұраған дұрыс. 1920 жылдардың соңында Қазақстанда күштеп астық пен ет жинау кең етек алғанын, әсіресе И.В.Сталиннің 1928 жылғы қаңтардағы Сібірге сапарының барысында Новосібір мен Омбыда сөйлеген сөздерінің РКФСР Қылмыстық кодексінің 107-бабын жаппай қолдануды талап етуінен кейін қатыгездік сипат алғанына тоқталу. Бір оқушыға оқулық мәтінінен өлкелік партия комитетінің уәкілі М.Орынбаевтың мұрағатта сақталған хатын оқытып, түсінгенін айтып беруді ұсынуға болады. Бұдан кейін оқушылардың назарын партия басшыларының қатыгез, жазалаушы саясатына аударып, Пленумдағы М.Төленовтың сөйлеген сөзін оқытқызу.

Жаппай ұжымдастыру саясаты салдарынан 1932 жылдың соңына қарай Қазақстан өте ауыр жағдайға душар болғанына, халық ашаршылыққа ұшырағанына тоқталу, «Нәубет» кітабының 4-бетінен Татьяна Невадовскаяның «Қазақстан қасіреті» деген поэмасынан үзінді оқыту.

Мұғалім әңгімесін ары қарай жалғастырады: шабындық пен егістік жерді қайта бөлу, төркілеу, азық-түлік салығын жүзеге асыру, күштеп ұжымдастыру барысындағы зорлық-

зомбылықтардан көп азап шеккен, ең алдымен, қазақ халқы болды. Бар дүниесінен, мал-мүлкінен, құрал-саймандарынан айырылған қазақтар ашаршылыққа ұшырап, босқын күйге көшті. Оқушы назарын мұрағат материалдарына аударуға болады. Ораз Жандосовтың Әулиеатаның Сарысу ауданындағы ашаршылық туралы мәлімдемесі.

Оқушыларды шығармашылықпен жұмыс жасату мақсатында, сонымен қатар есте сақтау қабілетін дамыту үшін, үйге сөзжұмбақтың төмендегідей сұрақтарын беріп, құрастырып келуді ұсынуға болады.

1. «Кіші Қазан» науқанының авторы.
2. Голощекин идеясын сынаушы ұлт қайраткері.
3. Ұжымдастыру саясаты негізінде құрылған мемлекеттік-шаруашылық бірлестік атауы.
4. «Бесеудің хаты» авторының бірі.
5. Қазақ қайраткерлерінің Голощекин идеясына қарсы тобының жетекшісі.

§ 17. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ

Сабақ жоспары:

1. Қазақстанды индустрияландыруға бағыт алу.
2. Қазақстанды индустрияландыру мәселесі бойынша пікірталастар.
3. Қазақстанды индустрияландыру мәселесі бойынша, пікірталастар.
4. Қазақстанды индустрияландырудың барысы мен сипаты.
5. Түркісіб теміржолын салу.
6. Қазақстан металлургиясы.
7. Бірінші бесжылдықтың қорытындылары.

Сабақтың мақсаты. 20—30-жылдары Қазақстанда жүргізілген индустрияландыру саясатының жетістіктері мен зардаптарын түсіндіру.

Республикадағы экономикалық саясатты халық мүддесіне сай жүргізу төңірегіндегі ұлт қайраткерлерінің көзқарасы мен оқушылардың патриоттық сезімін ұштау.

Қазақстанды индустрияландырудың барысы мен сипатын түсіндіру.


Сабақ өткізудің әдісі. Өзара белсенділікті арттыру. Сыныпты екі топқа бөліп, жарыс түрінде өткізуге болады.

Сабақтың нәтижесі. Оқушы Қазақстандағы индустрияландыру саясаты жөнінде толық білім алады, орталық үкіметтің бұрмалау саясатының зардаптары, біржақтылығы, оның түпкі мақсаты және Қазақстанның неліктен Одақтың шикізат базасына айналғанын түсінеді.

Тірек ұғымдар. Қазақстандағы индустрияландыру саясаты, оның ерекшеліктері, басталуы, барысы, жетістіктері мен зардаптары.

Көрнекі және дидактикалық құралдар. Қазақ КСР-нің картасы, 20—30-жылдардағы өнеркәсіптің дамуы жөніндегі сұлба, кестелер, Түрксіб теміржолының суреті.

Сабақтың барысы. Мұғалім сабақ әдісіне байланысты сыныпты екі топқа бөліп, сабақ барысында ережені қысқаша түсіндіріп, міндеттерін белгілейді.



Оқушыны сабақтың мазмұнына үңілдіру мақсатында базалық білім сұрақтары, қисынды ойды дамытатын, сабақтастыратын сұрақтар қою арқылы, оқушының ойлау қабілетін дамытуға болады.

1. Кеңес өкіметінің алғашқы шараларын естеріне түсіріңдер.
2. Елдегі ауыр экономикалық жағдайды жою үшін қандай реформалар жүргізілді?
3. Жаңа экономикалық саясаттың жетістіктерін қалай түсіндіресіңдер?

Алғашқы кезеңде оқушы ынтасының сабақ барысына бейімделуін қамтамасыз етуге болады. Жаңа тақырыпты меңгеру кезеңінің бастамасы оқушылардың түйсікпен шапшаң жұмыс істеуіне әсер етеді. Мұғалімнің оқушы ойын жетілдіруді төменнен емес, жоғарыдан бастауына болады.

Бұл төсіл оқушының жаңа тақырыптың мазмұнына алдын ала көз жібере отырып, негізгі экономикалық жағдайдың дамуына кедергі болып тұрған жайттарды анықтауға көмектеседі.

Мұғалім: — 1991 жылы Қазақстанның тәуелсіздік алуымен қатар, мемлекетіміздің алдында көптеген күрделі проблемалар тұрды. Әсіресе ұлттық өнеркәсібіміздің өте әлсіздігі бірден көрініс берді. Оны мына кестедегі мәліметтерден байқайсындар.

Қазақстан Республикасындағы өнеркәсіп проблемалары

Ауыл шаруашылығының экономикадағы басымдығы	Өндірістік дамудың төмен деңгейі	Республиканың жер қойнаулары зерттелмеді	Көлік және байланыс салаларының баяу дамуы	Экономикалық артта қалушылыққа байланысты негізгі халық пен өнеркәсіп арасындағы мардымсыз байланыс
Техникалық, экономикалық артта қалушылықты жою	Ауыр өнеркәсіптің, әсіресе машина жасау өнеркәсібінің дамуы	Жергілікті ресурстардағы өнеркәсіптердің барлық салаларының дамуы	Темір жолмен техникалық байланыс көздерінің салынуы	Өнеркәсіп салалары үшін жергілікті ұлт өкілдерінен кадрлар қалыптастыру

Мұғалім оқушылардың логикалық ойын дамыту үшін, үш негізгі мәселеге көңіл аударады.

1. Машина жасау өнеркәсібінің баяу дамуы.

2. Халық тұтыну тауарлары өндірісінің жеткіліксіз дамуы.

3. Өндірістің өркендеуіне керекті өнімдердің жеткіліксіздігі.

Мұғалімнің ендігі міндеті ойды одан әрі дамыту. Оқушы ойын дамыту «индустрияландыру» төңірегінде өрбиді. Бірнеше жылға созылған революция мен азамат соғысы кезінде капиталистік қатынастардың енуі кезеңінде пайда болған тау-кен орындары мен кәсіпорындар қаңырап иесіз қалғанын, тек жаңа экономикалық саясат кезінде олардың кейбіреулері қайтадан іске қосылғанын, соның барысында Орал-Ембі аймағындағы бірнеше мұнай кәсіпшіліктері,

Орталық Қазақстандағы металл өндіру кәсіпорындарының қайта жанданғанына тоқталуға болады.

Екінші мәселеге тоқталғанда, екі топқа төмендегідей тапсырмалар беруге болады.

I топқа: бірінші және екінші бағыттағылардың көзқарасына тоқталу.

II топқа: үшінші және төртінші бағыттағылардың көзқарасына тоқталу.

С.Сәдуақасовтың индустрияландырудың отаршылдық бағытына қарсы күресі деген мәселеге тоқталғанда, индустрияландырудағы Голошекиндік бағыттың біржақты отаршыл сипатын айқын көре білгендердің алдыңғы қатарында С.Сәдуақасов тұрғанына оқушының назарын аударып, Сәдуақасовтың сөзіне баға бергізуге болады.

Бұдан кейін мұғалім, бір оқушыға оқулықтың мәтінінен Кеңестердің Бүкілодақтық IV съезіндегі Рыковтың қорытынды сөзіне С.Сәдуақасовтың қарсы айтқан сөзін оқытқызып, II топқа осы сөздің мәнін қалай түсінгендерін айтқызуға болады.

Келесі кезеңдегі мұғалімнің негізгі міндеті ойды дамыту болып табылады. Оқушы ойын дамыту «индустрияландыру» төңірегінде өрбиді. Мұғалім кіріспе триаданы осы жерде көрсете алады. А — индустрияландыру қарсаңындағы халық шаруашылығының жағдайы; Б — индустрияландыру кезеңіндегі Қазақстан алдында тұрған міндеттер. Триаданың осы екі міндеті оқушының логикалық ойлау қабілетінің алдында «күту сәтін» тудырады. Триаданың үшінші бөлігі олардың тынымсыз ізденісін тудыруы керек. Оқушы алдында түсініксіз екі сұрақ тұрады.

1. 90-жылдарда Қазақстан өнеркәсібінде қолайсыз жағдай неліктен қалыптасты?
2. Бұл жағдайдың өнеркәсіпке тигізетін кесір тұстары мен оны дамыту мүмкіндіктері қандай еді?

Осы екі сұрақ сабақтың келесі кезеңі — ойды меңгеруді бастайды. Мұғалім оқушыларға: “Неліктен Қазақстан экономикасы осындай ауыр жағдайға душар болды?” — деген сұрақ береді. Бұл сәт тақырыпты меңгерудегі шешуші кезең болып табылады. Осы тақырып жөнінде нақты мәліметтер болмаса да, тарих, география пәндерінен алған білімдері негіз бола алады. Оқушылар ұсынған болжаулар әртүрлі

болуы мүмкін. Олардың ішіндегі ең бастысы «Қазақстан өнеркәсібіндегі қолайсыз жағдайдың қалыптасуы индустрияландыру барысында сөзсіз жүзеге асырылуға тиісті міндеттердің орындалмауына байланысты» деген болжау.

Оқушының бұл болжауы ойды дамытады, яғни индустрияландыру саясатын нақты меңгеруге жол ашады. Мұғалім оқушыларға нені түсіндіруі керек? Ол мынадай міндеттер:

1. Бүкілодақтық индустрияландыру саясаты.
2. Индустрияландыру қарсаңындағы Қазақстан.
3. Қазақстандағы индустрияландырудың ерекшеліктері және барысы.

Сабақты меңгерудегі негізгі қағидалар:

- халық шаруашылығын қалпына келтіру аяқталған жоқ;
- өнеркәсіп дамуының деңгейі төмен;
- республиканың жер қойнаулары зерттелмеді, көлік пен байланыс дұрыс дамымады;
- экономиканың басым бөлігін ауыл шаруашылығы құрады;
- ЖЭС-тің жеке табыстары;
- иесіз шахталар мен өндіріс орындарының қалпына келтірілуі;
- кооперативтік өндірістердің пәрменділігі;
- сауданың жандануы.

Индустрияландырудың Қазақстандағы міндеттері:

- техникалық-экономикалық артта қалушылықты жою;
- жетекші өнеркәсіп орындарын дамыту және жаңадан салу;
- жергілікті ресурстарға сүйеніп, ауыр өнеркәсіптің барлық салаларын дамыту;
- теміржол мен байланыс орындарын салу;
- жұмысшы табын және өнеркәсіптік-техникалық зиялы қауым қалыптастыру, онда жергілікті ұлт өкілдерінің үлесін арттыру.

Индустрияландыру жөніндегі Голощекиннің идеясы, міне, сабақ барысында негізгі мәселелердің бәрі де ашылды, ендігі кезең — ой қорытынды. Оқушының сабақ барысында алған білімін мұғалім саралап, салмақтап, сабақтың мазмұнының нәтижесі мен қорытындысын көрсетеді.

Қазақстандағы индустрияландыру, республиканың өнеркәсібіне қажетті ресурстарын зерттеуден басталғанына оқушының назарын аударуға болады.

1. 1927 жылы Түрксіб құрылысы басталды.
2. Индустрияландыру шаруаларға жоспардан тыс салық салу арқылы іске асты.
3. Индустрияландыру орталыққа бағынған өкімшіл-өміршіл басқару жүйесі арқылы жүрді.
4. Негізінен, химиялық өнеркәсіп дамыды.
5. Шикізат көзі игерілді, ал одан алынатын соңғы өнім Қазақстанда өндірілмеді.
6. Индустрияландыру саясаты кезінде ұлт саясаты өрескел бұзылды.

Бұдан кейін мұғалім, төмендегі кестені тақтаға сызып қорытынды жасайды.

**Голощекин тобы мен ұлт қайраткерлері арасындағы
қарама-қайшылық**

	Қазақстан КСРО-ның өнеркәсіптегі қандай ауданына айналды?	Индустрияландыру кезінде ұлт саясаты қалай дамыды?	Индустрияландыру саясаты елдің әлеуметтік-экономикалық өміріне зиян келтірді ме?
Ұлт қайраткерлерінің тобы			
Голощекин тобы			

Міне, жаңа материал түгелдей түсіндіріліп, талданып болғаннан кейін, мұғалім үйге төмендегідей тапсырма береді.

Түрксіб теміржолы жөнінде реферат жазу. Төмендегі кестені үйден толтыруды ұсынуға болады.

Қазақстандағы индустрияландыру

Жетістігі	Кемшілігі

§ 18. ҚАСІРЕТТІ ЖЫЛДАР

Сабақтың білімдік мақсаты. 1930—1950 жылдары кеңестік қоғамда орнаған саяси режім кезінде мемлекеттің адамды билеуінің орын алғанын, барлық елдегі сияқты Қазақстанда да мемлекеттік билік бір партияның қолында болғанын ашып көрсету. Тоталитарлық режімнің өзіне тән сатысы — экономикадағы мемлекеттік партиялық биліктің белең алғанын түсіндіру.

1930 жылдары Қазақстанның қоғамдық құрылымында тоталитарлық тәртіпті бекіту әдісі, бүкіл елдегі сияқты халыққа қарсы қуғын-сүргін жүргізу тәсілі болғанына назар аудару.

Сабақтың дамытушылық мақсаты. Жаңа материалдың тақырыбымен, мақсат-міндеттерімен, негізгі мәселелерімен таныстыру арқылы, алдын ала проблемалық, логикалық тапсырмалар беріп оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыту.

Сабақтың тәрбиелік мақсаты. Қазақ халқының басына түскен нәубет жайлы, қосымша әдебиеттерді, тарихи құжаттарды пайдалану арқылы, сол кездегі тоталитарлық жүйенің мәнін аша отырып, халқым деген ерлердің ісіне құрметпен қарауға тәрбиелеу.

Сабақ өткізудің әдісі. Топтық жұмыс.

Сабақтың бұл кезеңінде жаңа материалдың оқушылар бұрыннан білетін қайсыбір элементтері ұғымдар, даталар, т.б. сәйкес пәндерді, курстарды өткендегі біліктері сондай-ақ оқушылардың осы сабаққа байланысты мерзімді баспасөзден, көркем әдебиеттен білетіндері естеріне түсіріледі. Содан кейін, оқушыларды бірнеше топқа бөліп отырғызып, әр топқа жеке тапсырмалар беруге болады. Материалдың мазмұнына қарай неге көңіл аудару қажеттігі ескертіледі, оқушыларды жаңа сабақты оқып үйренуге белсенді түрде қатыстыру үшін, олардың таным-талғам қабілеттерін сынауды көздейтін сұрақтар да осы кезде беріледі.

I топқа тоталитарлық жүйенің орнауы жөніндегі мәселе бойынша дайындалуларын ұсынуға болады.

II топқа ГУЛАГ дегеннің не екенін, оның мәнін ашуды ұсыну.

III топтан 1930 жылдары пайда болған лагерьлер туралы мәліметтермен танысуды талап ету.

IV топқа — қуғын-сүргінге ұшыраған адамдар туралы қосымша әдебиеттерден, тарихи құжаттардан білім жинақтау міндетін қою.

Оқушыларды осы сабаққа қызықтырудың тағы бір жолы — мұғалімнің қосымша әдебиеттерден үзінді оқып беруі. Мысалы, «Е-е, өтгі де кетгі ғой. 1937 жылдың октябрь айы еді. Нығметті ұстауға НКВД -нің бірнеше адамы келеді. Іске тікелей Л.И.Мирзоян араласты. «Нығмет жау десендер, бәріміз жау болғанмыз» деген. Не пайда, соңынан Мирзоянның өзін де ұстап кетті ғой. 1938 жылы Қазақстаннан 19 адамды халық жауы деп аттырып жіберді, соның ішінде Нығмет Сырғабеков те бар еді» («*Неубет*» кітабынан).

Топтық жұмыстың тиімділігі сол, оқушылар өздеріне берілген тапсырманы талдай отырып, толық меңгеріп алады, әрі бірін-бірі толықтырып отырады. Оқушылардың жауабын тыңдай отырып, мынадай сұрақтарды қою арқылы оқушының ойлау қабілетін, білім қорын байқауға болады.

1. А.Байтұрсынұлы, Ө.Бөкейханов, М.Жұмабаев, М.Дулатұлы не үшін қамауға алынып, жазаға тартылды?
2. Әдебиеттен осы кісілер жайында қандай деректер оқыдыңдар?
3. Е.Бекмаханов, Қ.Сәтбаев, М.Әуезов тағдыры қандай болды?
4. Лагерьлер жүйесі Қазақстан экономикасына қандай жолмен кіріктірілді?
5. Кеңес өкіметінің өкілдері мен жақтаушылары, мысалы, С.Сейфуллин, Т.Рысқұлов, т.б. неліктен қуғын-сүргінге душар болды?

Сабақ соңында мұғалім өтілген тақырыпқа қорытынды жасайды, оқушылардың жауаптарына тоқталады. Бүгінгі қарастырылған мәселелердің маңызын, оның ішінде оқушының есінде қалатын негізгі мәселелерді атап көрсетеді. Демек, сабақта оқушылардың меңгерген білімі, үйренген іскерлік шеберлігі, олардың ойлау қызметінің нәтижесі болуы шарт. Сонда ол білімдер мен іскерлік шеберліктер баянды болады, көпке дейін ұмытылмайды.

Үйге тапсырма. Төмендегі кестені толтырыңдар.

Қасіретті жылдар

Қазақстан аумағында қандай лагерьлер болды?	Кімдер қамауға алынды?	Қандай кіно тағылды?

IV тарау. 1920—1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ МӘДЕНИ ӨМІР

§ 19. САЯСИ АҒАРТУ МЕН МЕКТЕП ЖҮЙЕСІНІҢ ҚҰРЫЛУЫ

Сабақтың білімдік мақсаты. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін, мәдени құрылыс мәселесімен халық ағарту бөлімдері айналыса бастағанын, ұлттар ісімен айналысатын халық комиссариаты және оған бағынышты Қырғыз (Қазақ) революциялық комитет іс-әрекет еткенін, 1919—1923 жылдары Қазақстанда сауатсыздықты жою науқанының басталғанын түсіндіру.

Сабақтың тәрбиелік мақсаты. Кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі өзгерістерге тоқталып, қазақ халқы үшін сауатсыздықты жоюдың маңызы ерекше болғанын көрсетіп, оқушылардың білімге деген қызығушылығын арттыру.

Сабақ өткізудің әдісі. Аралас сабақ.

Сабақтың типі мен соған лайық оның құрылымын анықтағаннан кейінгі жауапты жұмыстың бірі — сабақтың типін және оқылатын материалдың сипаты мен мазмұнын ескере отырып, сол сабақта пайдаланылатын ең тиімді оқыту әдістерін тандап ала білу. Қазіргі кезеңде оқыту әдістері тек қана педагогикалық мәселе болып қоймай, маңызды саяси-әлеуметтік мәселеге айналып отыр. Бұл түсінікті де, өйткені Тәуелсіз Қазақстан ілгері басқан сайын мектеп оқушыларын оқытуға, тәрбиелеуге қойылатын талап деңгейі арта түсетіні белгілі.

Әр сабақта оқушылар терең білім мен тәрбие алып қана қоймайды, сонымен бірге олардың ойлау қабілеті, танымталғамы, ақыл-ойы барынша дамиды. Сондықтан жаңа сабақты түсіндіруге кіріспес бұрын өткен тақырыпқа шолу жасап алған дұрыс. Ол үшін мынадай сұрақтар қойып өтілген тақырыпты оқушының ойына салу.

1. Қазақстанда болған мәдени революцияның мәні неде?
2. Қазақстан мәдениетінің жаңа мазмұны қандай болуы керек?

Осы сұрақтарға жауап алғаннан соң, жаңа материалды түсіндіруге болады. Оқушы назарына РКФСР халықтары арасындағы сауатсыздықты жою туралы Декретті талдауды ұсынған дұрыс.

Мұғалім хронологиялық түсініктеме береді. Мысалы, 1924 жылдың ақпан айында Қазақстанда Бүкілодақтық «Сауатсыздық жойылсын» қоғамының бөлімшесі құрылды.

1930 жылғы ақпанда «Қазақ АКСР-інде халықтың сауатсыздығын міндетті түрде жою туралы» қаулы қабылданды.

1931 жылы республиканың шалғай аудандарына мәдени жорық ұйымдастырылды. Сөйтіп, сабақта оқушылардың таным қызметін дамыту бірінші кезекке шықты, басты міндет етіп қойылды. Сондықтан оқушыларға 5 мин уақыт беріп оқулықтағы қосымша материалдарды қарап шығуды ұсынуға болады. Мұғалімнің жаңа сабақты ауызша баяндауы тарихты оқытуда жетекші орын алады. Сондықтан тарихи материалды ауызша баяндауға қойылатын талаптарға және ауызша баяндаудың түрлі тәсілдеріне айрықша көңіл бөлген жөн. Өйткені оқиғаларды сол қалпында жігерлі де әсерлі, қызықты да тартымды баяндап беретін мұғалім әңгімесін ешқандай құрал алмастыра алмайды. Өліпбиді өзгерту туралы тақырыпшаны қозғарғанда мұғалім ілулі тұрған көрнекі құралды пайдаланып, тарихи құжаттан, көркем әдебиет басылымынан үзінді оқып бере алады. Бұдан кейін оқушылардың назарын оқулықта баяндалған ХХ ғасырдың 30-жылдарының соңына қарай болған КСРО-дағы жағдайға аудару. Саяси ағарту жүйесіне тоқталған кезде алдымен көңіл аударатын мәселе — жергілікті халықтың саяси сауатын ашу, олардың қатарынан коммунистерді тәрбиелеп шығару осы кезеңдегі Қазақстан Коммунистік партиясының басты міндеті болғаны.

1920—30-жылдардағы Қазақстандағы саяси ағарту ұйымдарының ең көп тараған түрі қайсы? — деген сұрақты қоя отырып, жауабын оқулық мәтінінен табуды ұсынуға болады. Оқушы жауабын тыңдағаннан кейін олардың көңілін елде басқарудың әкімшілік нысаны орныға бастағанына аударған дұрыс. Бір оқушыға оқулықтағы қосымша материалды оқытып, қалған оқушылардан БК(б)П ОК-нің Шығыстағы әйелдер клубтарының міндеттері туралы қаулысы жөніндегі түсініктерін айтқызуға болады. Мектептік білім мәселесіне тоқталғанда, кесте сызып, оқушыларға толтыруды ұсынуға болады.

Қазақстанда қандай білім жүйесі қалыптасты?	Қазақстанда кеңестік мектептер жүйесін құрудағы қиыншылықтар

Бұдан кейінгі басты мәселе, қосымша материалдармен жұмыс жасату. Осы материалды оқушылардың қалай меңгергенін байқау үшін төмендегідей сұрақтар қойып пысықтауға болады.

1. Кеңестік мемлекеттерде бірыңғай мектеп жүйесінің қалыптасуы қалай өтті?
2. Қазақ тілінің әліпбиіне енген өзгерістердің Қазақстан мәдениетіне қандай әсері болды?

Осы сұрақтарға жауап алғаннан соң, мұғалім қорытынды жасайды. Үйге тапсырма береді.

Үйге тапсырма.

1. Кеңес өкіметі неліктен сауатсыздықты жою шараларын жүргізді?
2. Неліктен 1920 жылы мектеп жүйесі оқу орындарының әртүрлі типтерінен құрылды?

§ 20. ҚАЗАҚСТАНДА КӘСПТІК БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Сабақтың білімдік мақсаты. Азамат соғысы аяқталғаннан кейін Қазақстанда алға қойылған саяси және экономикалық сипаттағы міндеттермен қатар білім беруді дамыту міндетінің қолға алынғанын, оқытушы кадрларды дайындау үшін үш айлық педагогикалық курстар ашылғанын техникум, училище санының артқанын және оның қандай маңызы болғандығын түсіндіру.

Сабақтың дамытушылық мақсаты. Өткен сабақты оқушының есіне сала отырып, қоғам өмірінде саяси ағарту мен мектеп жүйесінің құрылуының ерекшелігіне мән беру арқылы оқушылардың ойлау қабілетін дамыту.

Сабақтың тәрбиелік мақсаты. Қазақстанда жағдайдың қиын болғандығына қарамастан халыққа білім беру мәселесіне ерекше көңіл бөлінгенін, осыған байланысты көптеген шаралардың жүзеге асырылғанына тоқтала отырып, оқушыларды білімді де, білікті маман болуға тәрбиелеу.

Жаңа материалды оқып үйрену мұғалімнің баяндауынан басталады, яғни оқушыларға ауызша айтқан әңгімесі түсінікті және нақты мысалдарға құрылған болуы тиіс. Күрделі мәселелердің ғылыми, теориялық мазмұнына нұқсан келтірмей, қарапайым сөздермен түсіндіре білу — мұғалімнің шеберлігі. Мұғалім сабақты түсіндіріп, тақтаға тақырыпқа байланысты хронология жасайды. Мысалы, 1920 жылдың қыркүйегінде рабфактар ашылды. 1936 жылы республикадағы 16 рабфакта 5 мыңнан астам адам оқыды. 1920 жылы Семейде ауылшаруашылық техникумы ашылды. 1923 жылы Орынборда медициналық техникумы жұмыс істей бастады. 1932 жылы Республикалық дене тәрбиесі техникумы ашылды. 1939 жылы 20 ауылшаруашылық және зоотехникалық-мал дәрігерлік техникумдары болды.

Бұл деректерді оқушылардың дәптерлеріне жазып алулары талап етіледі. Мұғалімнің әңгімесі ғылыми тереңдігі, жүйелілігі, деректерге байлығы, әсерлілігі, тілінің тартымдылығы және дәлдігі жағынан дидактикалық талаптарға толық сәйкес келуі тиіс. Фактілер мен оқиғаларды дұрыс айтып беру жеткіліксіз, негізгі міндет — сол фактілер мен оқиғалар оқушылардың санасы мен жадында бейнеленіп қалуы керек.

Мұғалімнің тағы бір міндеті, оқушыларды қосымша материалдармен жұмыс істеуге қатыстыру. Бір оқушыға оқулық мәтініндегі қосымша материалды оқып шығып түсінгенін айтып беруді ұсынуға болады. Екінші тақырыпша бойынша, оқушыларға Қазақстанның жоғары білім оқу құралдары туралы өз беттерінше оқып, дәптерлеріне негізгі оқиғаларды жазу керек. Мұғалім өлкелік партия комитетінің О.Жандосов, Ә.Байділдин, т.б. жауапты қызметкерлері оқытушылық қызметке ауысқанына тоқтала отырып Ораз Жандосов туралы әңгімелеп оқушының танымын арттыруына болады. Бұдан кейін, оқушының назарын кадрлар даярлауды одан әрі кеңейту және жақсарту мәселесі БҚ(б)П ОҚ 1929 жылы қараша Пленумының

«Халық шаруашылығы кадрлары туралы» қаулысына аударуына болады.

Қандай жоғары оқу орындары болды?	Қай жылы ашылды?	Қандай қаулылар қабылданды?
1. Қазақ педагогикалық институты	1 қазан, 1928 жыл	Қазақ АКСР ХКК-нің 1928 жылдың 10 маусымындағы қаулысы
2. Ауылшаруашылық институты	1930 жыл	БК(б)П ОК-нің 1929 жылғы қараша пленумының “Халық шаруашылығы кадрлары туралы” қаулысы
3. Медицина институты	1931 жыл	
4. Қазақ мемлекеттік университеті	15 қаңтар, 1934 жыл	1933 жылы 20 қазанда КСРО Халком Кеңесі “Қазақстан үшін кадрлар даярлау туралы” қаулысы

Негізгі мәселелерді қарастырғаннан кейін, оқушының жаңа материалды қаншалықты түсінгенін байқау мақсатында төмендегідей сұрақтар қоя отырып жұмыс жасауға болады.

1. Қазақстанда бірінші кезекте қай бағыттағы арнаулы орта және жоғары оқу орындары ашылды?
2. Бұл жылдары республика бірінші кезекте қандай мамандарға зәру болды, ол неліктен?
3. Қазақстанның оқу орындарында еңбек ету үшін алғашқы кадрлар қайда даярланды?

Осы сұрақтарға жауап алған соң, үйге берілген тапсырманы тексеруге болады. Әр сабақ сайын үй тапсырмасын тексеріп отыру қажет. Мұның өзі оқушылардың қаншасының өтілген материалды қандай дәрежеде меңгергендіктерін, олардың білімдеріндегі кемшілік пен жетістікті анықтауға, шәкірттердің білім дәрежелерін есепке алып бағалауға мүмкіндік береді. Үй тапсырмасын тексеру тәсілдері көп. Оқушылар тақтаға, картаға шығып төменде берілген сұрақтардың жауабын ауызша баяндайды, оның жауабына бүкіл сынып белсене қатыстырылады.

1. Кеңес өкіметі неліктен сауатсыздықты жою шараларын жүргізді?

2. Қарапайым халықты саяси ағартудың партиялық саяси ағартудан қандай ерекшелігі бар?
3. Неліктен 1920 жылы мектеп жүйесі оқу орындарының өртүрлі типтерінен құрылды?

Үйге тапсырма. Қазақстанның қазіргі заман тарихы: құжаттар мен материалдар жинағы (1917—1939 жж.) Ағарту саласына еңбек сіңірген қазақ зиялылары (М.Әуезов, С. Сейфуллин, О. Жандосов, т.б.) туралы әңгіме жазу. Кесте толтыру.

§ 21. ҒЫЛЫМНЫҢ ДАМУЫ

Сабақтың білімдік мақсаты. Азамат соғысы Қазақстан халқына өте ауыр болғанын, елдің экономикасы қатты күйзеліске ұшырағанын оқушылардың есіне сала отырып, соғыс аяқталысымен Кеңес өкіметі ғылыми қызметкерлер алдына елдің табиғи байлықтарын және оны өндіру жолдарын зерттеу міндетін қойғанын түсіндіру.

30-жылдың басында Қазақстандағы ғылым, ғылыми мекемелер 20-жылдың басына қарағанда қарыштап алға басқандығына оқушылардың назарын аудару. Қазақстанның ғылымы мен ғылыми мекемелерінің дамуына ғалымдар съездері мен конференцияларының тигізген маңызына тоқталу.

Қазақстанда Ғылым академиясының ашылғанын, оның тұңғыш президенті Қ.И.Сәтбаев туралы баяндау.

Сабақтың дамытушылық мақсаты. Бүгінгі сабаққа дейінгі өтілген материалдарды оқушылардың өзара талқыға салуы үшін, тақырыпты ашуға жетелейтін төмендегі сұрақтарды қоя отырып, оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыту, жаңа сабаққа деген қызығушылықтарын тудыру.

1. Ғылым деген не? Ғылымның қандай салаларын білесіңдер?
2. Ғылыми мекемелер немен айналысады, білетіндеріңді атап айтыңдар.
3. Бүгінгі таңда біздің елімізде ғылымға көңіл қаншалықты бөлініп отыр? Ойларыңды дәлелдендер.

Сабақтың тәрбиелік мақсаты. Жалпы сабақтың тақырыбын ашып, жаңа материалды түсіндіре отырып, кеңестік дәуіріндегі ғылым мен қазіргі ғылымға сипаттама бере отырып, оқушыларды білікті маман болуға, ғылымды бағалай білуге тәрбиелеу.

Сабақ өткізудің әдісі. Түгел жаңа материалды оқып үйретуге арналған сабақ.

Сабақ, негізінен, төмендегідей элементтерден құралады:

а) ұйымдастыру кезеңі, үй тапсырмасын тексеру, өткен материалды қорыту және оны жаңа сабақпен байланыстыру;

ә) оқушыларды жаңа материалды оқып үйренуге дайындау, жаңа материалды оқытып үйрету және оны оқушы санасына сіңіру, үй тапсырмасы, сабақты қорытып, нәтижесін шығару.

Оқушыларға сабақ уақытын шамамен төмендегіше бөлген дұрыс: ұйымдастыру — 1-2 мин үй тапсырмасын тексеру — 6—10 мин өткенді қорытып, жаңа сабақпен байланыстыру, оны оқып үйренуге сыныпты дайындау — 3 мин, жаңа материалды оқып үйренуге, оны берік меңгеруге — 30 мин, үйге тапсырма беруге — 1-2 мин, сабақты қорытып, нәтижесін шығаруға — 1—2 мин. Сабақ осы үлгімен ұйымдастырылған жағдайда үйге берілген тапсырманы тексеру төмендегідей екі бағыттың бірімен жүргізілгені дұрыс: мұғалім оқушыларға сұрақ қойып олардың тапсырманы қаншалықты дәрежеде орындап келгендігін анықтап алады да, тапсырмаға берілген материалдың негізгі, түйінді деген тұстарына тоқталып оқушылармен әңгімелеседі немесе үй тапсырмасының белгілі бір күрделі сұрағы бойынша 1—2 оқушының жауабын тыңдайды да, тапсырманың қалған мәселелері бойынша бүкіл сыныпты қатыстыра отырып, өзі қайыра шолу жасайды.

Мұғалім өткен сабақты қайталап қорытады, оны бүгінгі сабақпен байланыстырады, өткен сабақ бойынша оқушылардың сұрақтарына жауап береді. Әсіресе, оқушылардың назарын жаңа сабақтың маңызына, негізгі түйіндеріне, оның ішінде күрделілеріне аударып, бүгінгі материалды толық меңгеру үшін оқушылардың барынша жұмылып жұмыс істеулері қажеттігін ескертеді.

Жаңа сабақты өтудің тағы бір ерекшелігі — жаңа материалды оқытып үйретуге оқушылар санасына толығырақ жеткізуге бөлінген уақытты барынша тиімді пайдалану үшін, мұғалім алдын ала бүгін өтілетін материалмен мұқият танысып, оның негізгі мәселелерін іріктеп, соны оқытып үйрету әдістерін белгілейді. Материалдың қай бөлігін мұғалім баяндайтын, қандай материалды оқушы-

ларға өз беттерінше жұмыс істету арқылы оқытып үйретуге болатынын анықтайды. Көбінесе қосымша материалдармен жұмыс жасату өте тиімді. Ол үшін оқушының назарын оқулықтағы Қазақстанды зерттеу қоғамының жарғысына аударуға болады. Оқушы құжат материалын оқып, не түсінгенін баяндап береді.

Екінші тақырыпша бойынша, мұғалім оқушыларға, Қазақстанда Ғылым академиясының Қазақ филиалы туралы оқып, дәптерлеріне қандай секторлар ашылғанын, осыларда еңбек еткен ғалымдар туралы жазуын ұсынуға болады. Келесі кезекте оқушы назарын КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалындағы ғалымдардың республикамызда ғылымның өркендеуіне ерекше үлес қосқанына аударған жөн. Мысалы, 1939 жылы небәрі 3 ғылым кандидаты болса, қазіргі уақытта академияда ғылым кандидаттары мен ғылым докторлары көптеп саналады. Мұғалім жаңа сабақты түсіндіргеннен кейін, осы материалды оқушылардың қалай меңгергенін байқау мақсатында төмендегідей сұрақтар қоя отырып, пысықтағаны жөн.

1. Қазақстанда 20—30-жылдардағы ғылымның дамуының басты міндеттерін атаңдар.
2. ҒАҚФ қызметкерлерінің мамандық кәсіби деңгейі қалай жоғарылады?
3. XX ғасырдың алғашқы жартысында Қазақстанда қандай ғылыми мекеме түрі көп тарады?
4. Қазақстан Ғылым академиясын ашу үшін, қандай жағдайлар қажет болды?

Үйге тапсырма. Параграфты оқып шығып, соғыс қарсаңындағы Қазақстанда ғылымның қандай қолданбалы немесе теориялық түрлері дамығанын анықтаңдар. Қ.Сәтбаев жөнінде реферат жазуды ұсынуға болады.

§ 22—23. XX ҒАСЫРДЫҢ 20—30-ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ӘДЕБИЕТІ МЕН ӨНЕРІ

Сабақтың білімдік мақсаты. 1920—1930 жылдардағы әдебиетке шолу жасау, танымал жазушылардың белгілі шығармаларын атау және олардың мазмұнымен таныстыру; сол жылдары музыка, кино, театр саласындағы қол жеткен табыстар туралы мәлімет беру, қоғамдағы қиын жағдайға қарамастан, әдебиеттің, өнердің дамуына үлес қосқан мәдениет қайраткерлеріне баға беру.

Сабақтың тәрбиелік мақсаты. Қазақ көркем әдебиетінде екі ағымның қалыптасқанына оқушының назарын аудару, өз ойын ашық айтуға тәрбиелеу. Өнер саласындағы музыка, бейнелеу өнері жайлы толық мағлұмат келтіре отырып, эстетикалық тәрбие беру.

Сабақ өткізудің әдісі. Көрнекі құралдарды пайдалана отырып, баяндау, әңгімелесу.

Базалық білім. Кеңес өкіметі орнаған кезден бастап 40-жылдарға дейінгі кезеңдегі көркем әдебиет пен өнердің дамуы туралы мағлұматтар осы тақырыпқа базалық білім болып табылады.

Тірек ұғымдар. Әдебиеттегі жаңа жанрлар мен түрлер даму үрдісі, ақындар шығармашылығының поэма жазу сияқты күрделі түрінің дүниеге келуі; тарихи романдарға бетбұрыс жасалуы және оның себебі, өнердегі жетістіктер, әдебиеттегі үрдістер.

Көрнекі және дидактикалық құралдар. Әдебиет пен өнер қайраткерлерінің портреттері, жазушылардың шығармаларына (кейіпкерлеріне) қатысы бар суреттер, фильмдер мен театр қойылымдарынан үзінділер.

Сабақтың барысы. Бұл өтілетін сабақтың өзіндік ерекшелігі бар. Олардың ең бастылары: *біріншіден*, тақырып мазмұны жағынан тарихты емес әдебиет саласын және көркемөнер дамуындағы белең алған үдерістерді баяндайды. *Екіншіден*, 20—30-жылдары қиын-қыстау кезеңдердегі екі ағым туралы айтылады.

Оқушының сабаққа деген қызығушылығын арттыру үшін көрнекі құралдарды барынша қолданып, сабақты түсіндіру әдістерінің де бірнеше түрлерін қолдануға болады. Олардың бірі — оқулықта аттары аталған жазушылардың портреттерін көрсете отырып, олардың шығармаларының мазмұнына тоқталу. Мұғалім аталған көркем әдебиет шығармаларының өзін оқушыларға тікелей таныстырып көрсетуге тырысуы қажет. Оның екі жолы бар. *Біріншісі* — әдеби шығармадан үзінді оқу. Мұндайда бірнеше оқушыға өзіне ұнаған жазушыларының, ақындарының шығармаларынан өздері таңдап алып үзінді оқуға алдын ала тапсырма беру. Егер оқушы өз қалауымен белгілі бір шығарманы таңдай алмаса, онда оны мұғалім өзі ұсынады. Үзіндінің шағын болғаны дұрыс және кітаптың негізгі идеясын ашуға себін тигізетіндей болуы керек. Тағы бір

ескертетін жай — үзінді оқитын оқушы оны түсінікті етіп, мәнерлеп оқи алуы шарт. *Екінші жолы*, көркем фильмдерден үзінді көрсету. Қазақ әдебиетінің таңдаулы шығармаларының көбі кинофильмдерге түсірілген, қазіргі техниканың дамыған кезеңінде көрнекіліктің осы түрін қолдану өте тиімді.

Оқушыны сабаққа ынталандырудың тағы бір жолы — оқулық мәтінімен жұмыс жасау. Мәдениеттегі кез келген құбылыс таптық пролетарлық күрес тұрғысынан бағаланғанын ескерген жөн. 30-жылдардағы ресми өкімет құптаған негізгі тақырыпқа оқушының назарын аударып, талдауға болады.

Сабақтың екінші бөлімін — өнер туралы материалды оқыту әдістерін түрлендіру жолында мұғалімнің мүмкіндігі мол. Бұл жерде аталған өнер қайраткерлерінің портреттерін, композиторлардың таспаға жазып алынған шығармаларын, суретшілер полотноларының түрлі түсті бояулы көшірмелерін пайдаланған дұрыс.

Осы тақырыпты түсіндіруге компьютерді де пайдаланып, оқушының сабаққа деген қызығушылығын арттыруға болады. Оқушының назарын оқулық мәтініне аударып, 1934 жылы 8 мамыр күні Мәскеудегі Шығыс мәдениетінің мұражайында «Кеңестік Қазақстан өнері» көрмесі ашылғанына, XX ғасырдың 20-жылдарының соңына қарай Әбілхан Қастеевтің де шығармашылық жолы басталғанына аудару.

Сабақты әңгіме түрінде немесе пікірталас түрінде жүргізуге болады. Төмендегі сұрақтарды қойып оқушыларды пікірталасқа тартқан ұтымды.

1. 20—30-жылдардағы музыка өнерін қазіргі заманғы музыка өнерімен салыстыруға бола ма? Ұқсастығы мен айырмашылығы неде?
2. Классикалық музыкаға қалай қарайсыңдар, ұнатасыңдар ма? Ұнатсаңдар қай композитордың шығармасын атай аласыңдар?
3. Шетелдік эстрадаға қалай қарайсың, ұлттық эстрада өнерінің қандай деңгейде болғанын қалар едіңдер? Қазақ эстрада жұлдыздарынан кім ұнайды?
4. Халық әндерін қай әншілердің орындағанын қалар едіңдер?
5. Бейнелеу өнері туындыларынан саған қандай суретшінің шығармасы ұнайды? Мұражайларға барып көрдіңдер ме, алған әсерлерің қандай?

Міне, осы сұрақтарға жауап ала отырып, оқушылардың ой-өрісін, рухани талғамын, өнерге деген қызығушылығын байқауға болады. Жалпы мәдениетке байланысты материалды табиғат аясында, мұражайларда, өнер ордаларында өткізген дұрыс. Бұл сабақты, мүмкіндігінше, өнер адамдарымен кездесу түрінде өткізген тиімді болмақ.

V тарау. ҚАЗАҚСТАНДА ТҰРАТЫН ӨЗГЕ ЭТНИКАЛЫҚ ТОПТАР

§ 24. ПАТША ӨКІМЕТІНІҢ КӨШІ-ҚОН САЯСАТЫ

Сабақтың мақсаты. Патша өкіметінің көші-қон саясаты салдарынан Қазақстанның көпұлтты аймаққа айналуының жедел қарқынмен жүзеге асырылуының себептерін және әскери-қазақтық отарлаудың күшеюінің мәні мен мазмұнын оқушыларға жете түсіндіру.

Базалық білім. Оқушының білімділігі мен біліктілігін дамыту үшін, XVI ғасырдан бастап Қазақстан жеріне басқа ұлттардың қоныстануы басталғаны туралы, ал XVIII ғасырдың ортасынан бастап Қазақстанның көпұлтты аймаққа айналуының қарқынды жүзеге асырылуы және оның маңызын ашып көрсету.

Тірек ұғымдар:

- а) Патша өкіметінің көші-қон саясаты;
- ә) Кеңес өкіметінің көші-қон саясаты;
- б) Қазақстанға орыс шаруаларының қоныс аударуы және оның негізгі кезеңдері.

Көрнекі және дидактикалық құралдар. Сұлба кесте, қосымша газет материалдарды, қосымша әдебиеттер, карта және таратпа материалдар. Оқулықтағы дерек құжаттар.

Сабақ өткізудің әдісі. Аралас сабақ. Сұлба кестені пайдалана отырып, өзіндік жұмысты сабақ үстінде жасау, оқушының логикалық ойлануына еркіндік беру.

Сабақтың барысы. Бұл — жаңа тараудың алғашқы сабағы. Осы тараудан оқушылар еліміздің дамуының жаңа бір кезеңінде болған оқиғалармен танысады. Сондықтан сабақты мұғалім алдымен дүниежүзі картасы мен сұлба кестені пайдалана отырып түсіндіреді. Бұл баяндауында мұғалім мына үш мәселенің басын ашып береді. Оның

біріншісі — патша өкіметінің көші-қон саясаты туралы, екіншісі — Кеңес өкіметінің осы көші-қон саясатын жалғастыруы туралы, ал үшіншісі — Қазақстанға орыс шаруаларының қоныс аударуы туралы. Ендігі жерде мұғалім оқушының логикасын дамытуға ойтүрткі жасайды.

Ол мына сұрақтар төңірегінде жүзеге асырылады.

1. Ресей империясының отарлау саясатының мәні неде?
2. Ресей империясының әкімшілік билігін нығайту мақсатында Қазақстанда алдымен не қолға алынды?

Осы екі сұрақ пен жауап оқушының логикалық ойлау қабілетіне түрткі бола отырып, ендігі жерде оқушылардың алдында ойды дамыту кезеңі басталады. Осы тұста мұғалім қоныс аударудың үш кезеңіне тоқталып шолу жасайды. Мұғалім сұлба кестені салыстырмалы түрде пайдалану арқылы түсіндіріп, оның ерекшеліктері мен айырмашылықтарына тоқталады.

Оқушының дамушылық қабілетін арттыру мақсатында алған білімдерін түйіндеу, жинақтау кезеңі өтеді. Сабақтың бұл кезеңінде оқушыларға төмендегідей сұрақтар қойылады.

1. Көші-қон саясаты не үшін қажет болды?
2. Ол қандай жолдармен жүзеге асырылды?
3. Орыс шаруаларын қоныстандыру қандай заң актілері негізінде жүргізілді?

Мұғалім оқушылардың жауабын тындап, қорытынды жасайды. Алтын Орда мен Русь мемлекетінің арасында да көші-қон процесі болды. Өлкеде тұрақты әскерге арнап бекініс құрылыстарын салумен қатар орыс-казак станицалары, хуторлары, шаруа слободалары пайда болды.

XVIII ғасырдың орта шенінен бастап, Қазақстан көпұлтты аймаққа айнала бастады. Ол Ресей империясының әкімшілік билігін нығайту мақсатында шаруалардың қоныс аударуына кең жол ашқанына байланысты. Орыс шаруаларының қазақ даласына қоныс аударуы үш кезеңмен өтті.

1)1861—1885 жж.

2)1886—1905 жж.

3)1906—1917 жж.

Осыған орай Қазақстанда орыс шаруаларының қоныс аударуы, оның негізгі кезеңдері, Қазақстанға қоныс аударушылардың үлес салмағы мен қазақтардың үлес салмағын интерактивті тақтаны пайдаланып электронды слайд арқылы көрсету.

Қазақстанға орыс шаруаларының қоныс аударуы, оның негізгі кезеңдері

<p align="center">I кезең 1861—1885 жж.</p>	<p align="center">II кезең 1886—1905 жж.</p>	<p align="center">III кезең 1906—1917 жж.</p>
<p>1. 1861 жылғы реформа Ресей самодержавиесі жер мәселесін помещик-дворяндардың пайдасына шешті.</p> <p>2. Жердің елеулі бөлігін помещиктер тартып алды.</p> <p>3. Шаруалар кесінді жер кесіп алуға құқылы болды.</p> <p>4. Ресей шаруалары қайыршылыққа, аштыққа ұшырады, салықтардың ауыртпалығы сонша, шаруалар туған жерін тастап кетуге мәжбүр болды.</p> <p>5. 1868 ж. Жетісуға Ресей шаруаларын қоныстандыру туралы Уақытша Ережелер қабылданды.</p> <p>6. Жан басына (ер адамдар) 30 десятина жер бөлінді және 15 жылға алым-салықтан босатылды.</p> <p>7. Ұйғырлар мен дүнгендер туралы да жаңа ереже белгіленді. Олардың жан басына шаққандағы жер үлесі 10 десятина, ал жеңілдіктер 3 жылға берілді.</p> <p>8. Ресейдегі жер тапшылығы шаруалардың шет аймақтарға қоныс аударуына әкеп соқты.</p>	<p>1. 1889 жылғы 13 мамырда «Уақытша Ереже» қабылданды.</p> <p>2. Орал, Жетісу, Ақмола, Семей, Торғай облыстарына өз еркімен қоныстандыру белгіленді.</p> <p>3. 1870—1895 жылдары Ақмола облысында шаруа қоныстануына орай отырықшы халық саны 2 есе артты, 114 553 адамға өсті.</p> <p>4. Жетісу облысының 752 197 десятина жері, Сырдария облысының 159 561 десятина, Ферғана облысының 9925 десятина жері тартып алынды.</p>	<p>1. 1905 жылы қоныстандыру басқармасы құрылды.</p> <p>2. 1905—1917 жж. 1 млн-ға жуық қоныс аударушылар Қазақстанға орналасты.</p> <p>3. Жетісу және Сырдария облысында қазақтардың 2 462 265 десятиана жерді тартып алды.</p> <p>4. 1906—1917 жж. аралығында 45 млн десятина жерлер тартып алынып, қоныстанушыларға үлестірілді.</p>

Қазақстанға қоныс аударушылардың үлес салмағы

1. 1861—1865 жж.	— 300 мың қоныстанушылар
2. 1886—1905 жж.	— 414 774 адам, оның казактары 33 927 мың адам
3. Орыстардың үлес салмағы	— 10,9%
4. Украиндердің үлес салмағы	— 1,9% 299,8 мың адам.
5. Татарлар	— 55,9 мың адам.
6. 1897 жылғы санақ бойынша	55 815 ұйғыр, 15 276 дүнгендер болды.
7. 1870—1917 жылдар аралы- ғында	Қазақстанға келіп қоныстанушы- лар саны 1 226 418 адам болған.

Үйге тапсырма. Оқушыларға шығармашылық және өз бетімен ізденушілік қабілетін дамыту мақсатында:

1. Әскери-казактық отарлау саясаты туралы мәліметтер дайындап келу.
2. Оқулық материалы; V тарау, § 24.
3. Қосымша сұрақтарға ауызша талдау жасау.

Қазақтардың үлес салмағы:

1. Бөкей ордасында	155707% казак
2. Ақмола уезінде	93,2% казак
3. Жетісуда	61,9% казак, оның 30,8%-ы қырғыз
4. Орал облысында	69,2% казак
5. Торғай облысында	99,6% казак
6. Семей облысында	90,8% казак
7. Сырдария облысында	63,2% казак
8. Қырғыздар (Қазақстандағы)	8,25%-ды құрады

§ 25. КЕҢЕС ӨКІМЕТІНІҢ КӨШІ-ҚОН САЯСАТЫ. ХАЛЫҚТАР ДЕПОРТАЦИЯСЫ

Сабақтың білімдік мақсаты. Кеңес өкіметінің көші-қон саясаты — сталиндік қуғын-сүргіннің негізгі құрамдас бір бөлігіне айналғанын, жаппай депортацияның ұлтына, нәсіліне, жынысына қарамай жүргізілгенін баяндау.

Сабақтың дамытушылық мақсаты. Оқушыларды өз бетінше қорытынды жасай білуге, әр кездегі құбылыстарды салыстырып, оның айырмашылығын ажыратып білуге, зерттеу әдістерін меңгеруге үйрету.

Базалық білім. Патша өкіметінің көші-қон саясатының қалай жүзеге асырылғандығына және оның кезеңдеріне қысқаша шолу жасау.

Тірек ұғымдар. Соғысқа дейінгі кезеңдегі халықтар депортациясы; соғыс жылдарындағы халықтар депортациясы; Екінші дүниежүзілік соғыстың халық санына тигізген әсері.

Көрнекі және дидактикалық құралдар. Қазақстанның саяси картасы, Екінші дүниежүзілік соғыс картасы, сызба кесте.

Сабақ өткізудің әдісі. Интерактивті сабақ.

Оқушылардың ынтасын сабаққа бейімдеп қалыптастыру мақсатында өткен сабақ бойынша төмендегідей сұрақтар қоюға болады.

1. Патша өкіметінің көші-қон саясатының мәні қандай?
2. Басқа ұлт өкілдерінің Қазақстанға қоныстану кезеңдері қалай аталады?

Сонымен қатар оқушылардың өз бетімен ізденіп жазған «Әскери-казактық отарлау» деген үй тапсырмасын мұғалім қорытындылайды:

а) патша өкіметінің көші-қон саясаты қазақтардың шаруашылығына үлкен нұқсан келтірді;

ә) Ресей өкіметі барлық шектеуді жойып, шет аймақтарға қоныс аударуға жол ашты;

б) патша өкіметінің көші-қон саясаты әскери-казактық және әскери-өкімшілік отарлау саясатын күшейтті;

в) Ресей экономикасындағы аграрлық дағдарыс патша өкіметінің Қазақстандағы отарлау саясатын күшейтті.

Патша өкіметінің отарлау саясаты Қазақстан жерін қоныстанушылар лагеріне айналдырды деп мұғалім өз ойын тұжырымдайды.

Депортация (лат. *deportatio* — қуғындау, көшіру) халықтың өз елінен тыс жерге көшуге мәжбүрлеу деген мағынаны білдіреді. КСРО-да депортацияның төмендегідей түрлері қолданылды. Олардың үш түрін оқушылар жазып, дәптермен жұмыс жүргізеді.

— Этникалық белгілері бойынша депортацияланған халықтар.

— Әлеуметтік таптық белгілері бойынша депортацияланғандар (кулактарды жер аудару, арнайы жер аударылғандар).

— Саяси уәж негізінде қуғын-сүргінге ұшырағандар (арнайы еңбек қоныстарындағылар).

Жоғарыда айтылған депортациялардың ішінде мерзімі жағынан бірінші болып большевиктердің әлеуметтік-таптық геноциді жүзеге асты. Ол кулактар мен байларды тап ретінде жоюдан басталды. Кулактар арнайы қоныстарда тұрды, комендатуралары болды. Жер аударылғандар көмір өндіру, металл өңдеу, теміржол, электр стансыларын салу, құрылыс объектілерін салу және мақта, қант қызылшасын өсіру сияқты ауыр, қара жұмыстарға салынды. Мысалы, Қарағанды теміржолын салуға 30 мың еңбек қоныстарында тұрғандар еңбек етті.

Сабақтың осы кезеңінде анықтама кестесі қолданылады. Оны оқушылар интерактивті тақтадан көрсетіп толтырады, дәптерлеріне жазады.

1. Геноцид	
2. Халық жауы	
3. Ұлтшыл	
4. Фашистер	
5. Қаскүнемдік	
6. Зиянкестік	
7. Сатқындық	
8. Тыңшылдық	

Алдын ала берілген тапсырма бойынша оқушылар сөз алып, өздерінің ойларын ортаға салады.

Бірінші оқушы: Батыс Украина мен Қиыр Шығыстан Қазақстанға қоныс аударушылар туралы.

Екінші оқушы: 1941 жылы 28 тамызда Еділ бойындағы немістерді жаппай диверсиялық және шпиондық әрекеттерге қатысты деп айыптау туралы.

Үшінші оқушы: Кореялардың соғыс алдында және соғыс жылдарында депортацияға ұшырауы туралы.

Төртінші оқушы: Солтүстік Кавказ, Грузия, Қалмақ өңірлерінде жүргізілген депортациялар туралы.

Оқушылар дамытушылық кезеңі мен жаңа тақырыпты қосымша материалдар арқылы меңгергенін көрсетеді. Мұғалім бұл сәтте оқушының ойын толықтыру мақсатында дидактика материалын пайдаланады.

Жаңа материалдың көлемі өте үлкен, саяси жағынан маңызды болуына байланысты мұғалім өзі баяндап, негізгі сұлба кестелерден, қосымша әдебиеттерден мәліметтер келтіре отырып түсіндіреді және оқушыларды оқулық материалымен таныстырып, ондағы негізгі мәселеге көңіл аудартып отырғызу қажет.

Үйге тапсырма. Оқулықтағы дерек материалдар бойынша сұлба-кесте құрастыру.

§ 26. КЕҢЕСТІК ДӘУІРДЕГІ ЖОСПАРЛЫ КӨШІ-ҚОН

Сабақтың мақсаты. Кеңес кезіндегі жоспарлы көші-қон жоспары жөнінде және тың және тыңайған жерлерді игерудің демографияға әсері туралы нақты мәліметтер арқылы түсіндіріп, одақтық өнеркәсіп құрылыстарының Қазақстан халқының этникалық құрамының өзгеруіндегі алатын орнын ашып көрсету.

Патшалық Ресей мен Кеңес Одағы мемлекеттерінің көші-қон саясатындағы ұқсастықтары мен айырмашылықтарын талдай білуге оқушыларды дағдыландыру.

Көрнекі және дидактикалық құралдар. Тың және тыңайған жерлерді игеру және одақтық өнеркәсіп құрылыстары кезіндегі демографиялық жағдай туралы тірек-сызбалар, кестелер.

Сабақтың жоспары

1. Тың және тыңайған жерлерді игерудің демографияға әсері.
2. Одақтық өнеркәсіп құрылыстарының демографияға әсері.
3. Кеңестік кезеңдегі ұлт мәселесінің «шешілуі».

Сабақ тақырыпқа түсінік беруден басталады. Мұғалім оқушылардың ойын дамыту үшін сұрақтар қойып, талдау жасайды. Оқушының ойына осы дабылды жеткізу арқылы оның дамытушылық қабілетін қалыптастырады.

1. Дүниежүзіндегі көпұлтты және бірұлтты мемлекеттерді атаңдар, Қазақстан осылардың қай тобына жатады?
2. Қазақстанның көпұлтты аймаққа айналуының себептері қандай?
3. Патша өкіметінің көші-қон саясаты не үшін қажет болды?
4. Ол қандай жолдармен жүзеге асырылды?
5. Кеңес өкіметі кезіндегі көші-қон саясаты туралы не айтар едіңдер?

Сабақтың ендігі кезеңі оқушы ойын одан әрі дамытуға арналуы тиіс. Тақырыптың бірінші тақырыпшасы бойынша оқушының белсенділігін арттыру үшін мұғалім пікірсайыс түріндегі шығармашылық жұмысын жүргізуіне болады.

Пікірсайысты мынадай түрде өткізу ұсынылады. Оқушылар екі топқа бөлінеді.

Қаралатын мәселе:

1-топ. Тың және тыңайған жерді игеру мен Одақтық өнеркәсіп құрылыстарын салу Қазақстан үшін тиімді болды.

2-топ. Тың және тыңайған жерлерді игеру мен өнеркәсіп құрылыстарын салу Қазақстан үшін тиімсіз болды.

Сынып оқушыларының дамытушылық қабілеті сұлба арқылы әрі қарай жалғасады.

Патшалық Ресей мен Кеңестік Ресейдің көші-қон саясатындағы ұқсастықтары мен айырмашылықтары



Мұғалімнің ендігі міндеті оқушылардың назарын Кеңестік дәуірдегі КОКП бағдарламасындағы ұлт мәселесіне байланысты тезистердің осал тұстарына аудару. Мұғалім Кеңес өкіметінің көші-қон саясатының жоспарлы түрде іске асырылғаны және Қазақстанның көпұлтты аймаққа

айналғанын атап төмендегідей сұрақтарды талдау арқылы түсіндіреді.

1. Тың игеруге қатысқан адамдарды материалдық ынталандыру қолға алынды. Көмекті қай ұлт өкілдері пайдалана алды? Ұлт-мәселесі осылай шешіле ме?
2. Тың аймағындағы МТС, кеңшар директоры сияқты басшылық жұмысқа кімдер тағайындалды? Оны қалай түсіндіресіңдер?
3. Қазақстандағы жаңа құрылыстарға жұмысшылар, әсіресе қай аймақтардан әкелінді, мұны Қазақстанға көмек деп көрсетуге бола ма?
4. Кеңестік жүйе қазақ халқының мүдделерін ескерді ме, көп жылғы орыстандыру саясатының нәтижесі қандай болды?

Сабақ барысында жоспардағы мәселелерді талдағанда карта, кестелер, тірек-сызбалар ретімен пайдаланылып отырады.

Мұғалім сабаққа қорытынды жасап, оқушылардың білімін бағалайды.

§ 27. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КӨПҮЛТТЫЛЫҚ

Сабақтың білімдік мақсаты. Қазақстанда жүргізіліп жатқан саясат — көпұлтты халықтарды өзара жақындастыру, қарым-қатынастарын және олардың достығын нығайту. Конституция принциптері мен ережелерін іске асыру жолындағы әртүрлі ұлттардың мәдени орталықтары мен қызметі туралы оқушыларға жан-жақты мағлұматтар беру.

Сабақтың дамытушылық мақсаты. Көпұлтты Қазақстанның халықтар арасындағы қазіргі кезеңде мәдени байланыстарды дамытуға, халықтардың рухани бірігуіне және татулығына бағытталған саясаты жайлы әңгімелеу.

Сабақтың тәрбиелік мақсаты. Ұлттар бірлігі — Отан-сүйгіштік рухтың аса бір қасиетті көрінісі. Оқушыларды Отансүйгіштікке, достыққа, ынтымақ пен бірлікке, адамгершілікке тәрбиелеу.

Сабақ өткізудің әдісі. Сұрақ-жауап арқылы өтілетін пәнаралық байланыс сабақ.

1. Ол үшін сұлба-кесте арқылы оқушылардың білімдік дағдылары тексеріледі.
2. Конституцияның ұлт мәселесі жөніндегі 19-бабына талдау жасау арқылы жинақтап қорыту.
3. Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан—2030» стратегиялық даму бағдарламасына тоқталу, талдау жасау.

Тірек ұғымдар. Этнос дегеніміз не және оның негізгі белгілері. Қазақ халқының қалыптасуы. Қазақстан көпұлтты ел. Қазақстан халқының демографиялық жағдайы. Қазақстан Конституциясы ұлт мәселесі жөнінде. Ұлттық мәдениет, тіл мәселесі.

Тақырыптың мәнін ашу үшін тірек ұғымдары негізінде бүгінгі өтетін тақырыпты сұрақ-жауап арқылы талдауға кіріседі.

Мұғалім: — Балалар, этнос дегеніміз не?

Оқушы: — Этнос — гректің тайпа, халық деген сөзінен шыққан, белгілі бір сыртқы түр-келбетінің ортақ белгілері бар, сондай-ақ біршама қалыпты мәдениет белгілері, мінез-құлқы, қағидалары және басқа ұлттар мен нәсілдерге ұқсайтынын түсінген адамдар тобының тарихи қалыптасқан бірлестігі. Ондағы өмір сүріп тұрған этникалық жүйелілік қасиетін көрсететін және басқа этностардан ажырататын белгілері: тілі, халықтың өнері, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, қалыптасқан тәртібі, дағдысы, яғни ұрпақтан ұрпаққа берілетін мәдениет компоненттері. Бұлар өзіндік ерекшеліктері бар этникалық мәдениетті құрайды.

Мұғалім: Қазақ хандығының негізін салған кім?

1-оқушы: — Алғаш дербестігін сақтап қалған Жәнібек хан. Жәнібектің тұсында Қазақ хандығының аумағы кеңейе түсті. Ол Қазақ хандығын нығайту жолындағы еңбегі үшін халықтан «Әз Жәнібек» деген атқа ие болады.

2-оқушы: — XV ғасырда тұңғыш Қазақ мемлекеті құрылды. Әр халықтың тарихы, ең алдымен, өзіне қымбат. Өйткені ол — ата-бабамыздың салып кеткен сара жолы.

Мұғалім: — XVIII ғасырда патша өкіметі Қазақстан жерінде қандай саясат жүргізді?

1-оқушы: Кіші жүз Ресей құрамына қосылған соң орыс шаруалары қазақ жеріне көптеп қоныстана бастады. Патша өкіметі өз билігін нығайту үшін бекіністер салды. «Уақытша Ереже» 1868 жылы шықты. Бұл ереже бойынша жер «патшанікі» болды. Шұрайлы жерлерін тартып алып, ата-бабадан келе жатқан қоныстарынан айырды.

2-оқушы: — Бұл саясат Кеңес өкіметі тұсында да жалғасын тапты. Тарихтың әр кезеңінде Қазақстанға басқа ұлттың өкілдері күштеп көшіріле бастады. Ұжымдастыру, индустрияландыру кезінде, Екінші дүниежүзілік соғыс

жылдарында Қазақстанға мыңдаған корей, поляк, неміс, қарашай, қалмақ, қырым татарлары, болгарлар, шешендер мен ингуштар және басқа халықтардың өкілдері еріксіз келді.

3-оқушы: — Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталған соң да бұл процесс толастамады. 1954—1965 жылдар аралығында тың және тыңайған жерді игеруге 2 млн адам сырттан келді.

4-оқушы: — Кеңес өкіметі түсында Қазақстан көпұлтты мемлекетке айналды. Қандай да бір қиыншылықтар мен қайшылықтар болсын Қазақстандағы халықтар өзара достықта өмір сүрді. Бір-бірімен тығыз қатынаста болды. Өзара достық қалыптасты, ынтымақтастығы сақталды.

Мұғалім: — 1916—1945 жылдар аралығында болған демографиялық апаттың салдарынан қазақ саны кеміді. Қазақтардың бір бөлігі Ресейге, Орта Азияға, Қытайға, Моңғолияға, Ауғанстанға, Иранға көшіп кетті.

Ұлт мәселесі көпұлтты Қазақстан Республикасында басты проблема қатарына жатады. Ал КСРО ұлт мәселесін шешу ісінде қабілетсіздік танытты. Тек тезистер мен қарарлар арқылы біртұтас кеңес халқы құрылды. Бұл тезистер шындыққа жанаспады. Ұлтаралық шиеленістер, ұлттық дағдарыстар, ұлттар арасында жанжалдар болып тұрды. Олар Кеңес Одағының ыдырауына түрткі болды және технологиялық жағынан артта қалу себептерінің бірі еді. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Ғасырлар тоғысында» кітабында «Ең қауіптісі — олар таза ұлттық сипат ала бастады. Ұлт мәселесінің соншалық асқындауы әуелі теориялық дәрменсіздіктен етек алды», — деп жазды. Шынында да басшылықта да, ғылыми орталықта да бұл мәселемен шындап айналысқысы келген ешкім де болмады. Ал ХХ ғасырдың соңында тек Кеңестер елінде ғана емес, бүкіл әлемде ауқымды ұлттық оянудың жаппай бас көтеруі басталған болатын. Ал Кеңес өкіметі құлағаннан кейін бұрынғы ұлт саясатындағы бір ұлтты жоғары қою арқылы, екіншілерін төмендету, екінші қатарға ысырып тастауға, империялық көңіл күйлерге, экстремистік әрекеттерге тосқауыл қойылды.

Мұғалім: — Балалар, ұлт мәселесінің шешу жолдары қандай болу керек деп ойлайсындар?

Оқушы: — Ұлттық бірлікті, татулықты, ұлттар арасындағы теңдік пен достықты, өзара қарым-қатынастарды, өр ұлттың мәдениетін қастерлеу қажет. Ұлттар мен этностардың дамуына жол ашу керек. Қазақстан Республикасы ұлт саясатының бағдарламасы, халықтар арасындағы саяси тұрақтылықты сақтау міндеті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан—2030» стратегиялық даму бағдарламасындағы ұзақ мерзімді жеті басым бағыттың ішінде екінші орында көрсетілген. Қазақстанның даму, өсу, өркендеу жолындағы басым бағыттарының бірі — ұлттық келісім, мәдениеттің дамуының жоғары деңгейі болып табылады делінген. Олай болса, күллі қазақстандықтардың теңдігін қамтамасыз ету үшін әділеттілік қағидасы мен ұлтаралық татулық сапасын қалыптастыру маңызды іс. Осыған орай еліміздегі барлық ұлттар мен этникалық топтардың тілі мен діні, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, мәдениеті жан-жақты дамуын қамтамасыз ету қажет. Әлемдік саяси тәжірибе мен этносаясат зерттеулерінде ұлт дегеніміз — бұл азаматтық қоғам, халықтардың этникалық мемлекеттілігі бар жүйе ретінде қарастырылады. Төмендегі кестені электронды слайд арқылы тақтадан оқушыларға дәптерлеріне жазып алуға тапсырма беріледі.

Мұғалім: — Қазақстан 1991 жылы Тәуелсіз Республика болып жарияланды. Тәуелсіздіктің негізгі мақсаты неде?

Оқушы: — Әлемдегі іргелі ел, өркениетті ел болу, халқының тұрмысын, мәдениетін көтеру. Қазақстанның егемендігі мен аумақтық тұтастығын сақтау. 1992 жылы Қазақстанда тұңғыш рет қазақтардың Дүниежүзілік Құрылтайы өткізілді. Қазақ ұлтының санын көбейту үшін дербес демографиялық саясат жүргізу, болашақ ұрпақтың бойында демографиялық сананы қалыптастыру, отбасы, неке, бала мәселесі үнемі мемлекет қамқорлығында болуына жету, көпші-қон саясатын әрдайым реттеп отыру қажеттігін өмір көрсетіп берді.

Мұғалім: — ХХІ ғасырдың басты мәселесі демография болса, Қазақстан Республикасы үшін де бұл мәселе аса маңызды. Осыған орай Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан—2030» стратегиялық даму бағдарламасында: «Демография мәселесі — ұлттық қауіпсіздіктің бірінші баспалдағы», — деді. Сабақты осылай қорытындылай келе мұғалім оқушыларға сұрақ қояды.

Ұлт саясатындағы өзекті мәселеге нені жатқызамыз?

Оқушы: — Ол — тіл. 1995 жылы қабылданған Ата Заңымыз тіл мәселесіне ерекше тоқталып отыр.

Оқушылар Конституция бабынан дәйексөздер келтіреді және оқиды, Қазақстан Республикасы Конституциясының 7-бабының талаптарын айтып береді.

1. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл — қазақ тілі.

2. Мемлекеттік ұйымдарда, өзін-өзі басқару орындарында және басқа орындарда орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады.

3. Мемлекет Қазақстан халықтарының тілдеріне қамқорлық жасайды.

Мұғалім: — Қазақстанды мекендеген ұлттардың мәдениеті қалай дамыған?

Оқушы: — Қазақстанды мекендеген ұлттардың мәдениетін, әдебиетін, тілін, әдет-ғұрыптарын дамытуға толық жағдай жасалған. Ұлттық мәдени орталықтар ашылған. Неміс, ұйғыр, корей, татар, т.б. ұлттардың халық театрлары бар, газеттері шығып тұрады. Сонымен қатар мектептері мен діни орындары жұмыс істейді.

Мұғалім оқушының ойын дәлелдеу және толықтыру мақсатында Конституцияның 19-бабын оқытқызып, оны талдауға кіріседі.

1. Өркім өзінің қай ұлтқа, қай партияға және қай дінге жататынын өзі анықтайды, және оны көрсетуге, және көрсетпеуге құқылы. Өркімнің ана тілі мен төл мәдениетін пайдалануға, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін пайдаланып, тандап алуға құқығы бар.

Қорытынды. Олай болса, ұлт өкілдері арасындағы қатынасты жан-жақты дамыта отырып, әрбір халықтың өзінің тарихи қалыптасқан әдет-ғұрыптарын, салт-дәстүрлерін байыта түсуге толық жағдай жасалған.

§ 28. ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ

Сабақтың мақсаты. Қазақстандағы ұлттық мәдени орталықтарға сипаттама беріп, олардың жұмысының маңызын түсіндіру.

«Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заңда және «Тілдерді дамыту мен қолданудың мемлекеттік бағдарламасында» белгіленген шаралардың мазмұнымен таныстырып маңызын ашып көрсету.

Мемлекеттік тіл мәртебесін көтеру үшін қандай қадамдар жасалды және жасалынуы керек екеніне талдау жасап, мемлекеттік тілді құрметтеуге баулу.

Қазақстан халқы Ассамблеясына сипаттама беріп жұмысының негізгі бағыттарымен таныстыру.

Дидактикалық және көрнекі құралдар. Қазақстан Республикасының саяси картасы. Қазақстандағы ұлттық мәдени орталықтар туралы тірек-сызбалар. Қазақстан халықтары ұлттық құрамын көрсететін кесте. Астанадағы бейбітшілік және өзара келісім Сарайының суреті. Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы бейнетаспа.

Құжаттар. «Қазақстан Республикасындағы қоғамдық ұйымдар туралы» Заңы, 1996 жыл, 30 мамыр.

1997 жылғы шілдедегі «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заңына енгізілген толықтырулар мен өзгертулер.

«Тілдерді дамыту мен қолданудың мемлекеттік бағдарламасы». 1999 жыл.

Қазақстан халқы Ассамблеясының Қазақстан халқына үндеуі. 1996 ж., сәуірдің 29-ы.

Сабақ өткізудің әдісі. «Қазақстан халқы Ассамблеясының сессиясы» — іскер-ойын түріндегі дәстүрден тыс сабақ.

Сынып сегіз топқа бөлінеді (2-3 оқушыдан) 1—7 топ тақырып мәтінінде көрсетілген мәдени орталықтардың атынан қатысады олар:

1-топ. «Тұран» мәдени орталығы.

2-топ. Армян мәдени орталығы.

3-топ. «Вонцен» — дүнген қоғамдық және мәдени орталығы.

4-топ. Корей мәдени орталығы.

5-топ. «Түркия» мәдени орталығы.

6-топ. Күрдтердің мәдени орталығы.

7-топ. «Идель» — башқұрт пен татарлардың қоғамдық мәдени орталығы.

8-топ. Сарапшылар.

Қалған сынып оқушылары Қазақстанда тұратын басқа да халықтардың өкілі ретінде қатысады. Қаралатын мәселелер:

1. Қазақстандағы ұлттық мәдени орталықтардың қызметі (нәтижелерімен мақсаттары туралы).
2. Қазақстанда «Тілдерді дамыту мен қолданудың мемлекеттік бағдарламасында» белгіленген шараларды іске асыру.
3. Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметі және міндеттері мен мақсаттары.

Сабақтың барысы. 1. Мұғалім кіріспе сөзінде Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылуы мен қызметіне қысқаша сипаттама береді (сипаттамада тек қана оқулық мәтіні ғана емес, сонымен қатар БАҚ материалдары да қамтылады).

2. Әр ұлттық мәдени орталықтың өкілдері сөз сөйлеп — жетістіктері, мақсат-міндеттерін айтып ұсыныс жасайды (оларды алдын ала дайындап тақтаға ілуге болады).

3. Жоспардағы «Тілдерді дамыту мен қолданудың мемлекеттік бағдарламасында» белгіленген шаралар талқыланады, әсіресе тіл саясатының үш басым бағытына назар аударылады, олар:

- мемлекеттік тілді дамыту;
- орыс тілінің қолдану аясын сақтау;
- көпұлтты мемлекетіміздегі басқа ұлттық және этникалық топтардың мәдениеті мен дәстүрлерін жан-жақты қолдау.

4. Өкілдер Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметіне талдау жасап, Ассамблея қызметінің міндеттері мен мақсаттарын белгілейді (мәтінде көрсетілген сөздерді плакатқа жазып пайдалануға болады).

5. Сарапшылар тобы әр ұлттық мәдени орталықтар өкілдерінің пікірлеріне талдау жасап, ең маңызды деген ұсыныстардың тізімін жасайды.

Мұғалім қорытынды жасап оқушылардың жұмысын бағалайды.

Ескерту. Оқушыларға тапсырма бір апта бұрын беріледі, қажетті құжаттар мен материалдарды көрсетеді.

VI тарау. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПАРТИЯ ЖӘНЕ КОМСОМОЛ ЖАСТАР ҰЙЫМДАРЫ

§ 29. 1920—1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПАРТИЯЛЫҚ ОРГАНДАР

Сабақтың мақсаты. Қазақстанның партия ұйымдарын орталықтандыру мен қалыптастыру туралы түсінік беріп, 1936 жылғы Конституция бойынша ҚОКП мемлекеттің ең жоғары басшы әрі жетекші ұйымы болғандығын ашып көрсету.

Оқушылардың назарын Қазақстан КСРО-ның ажырағысыз бөлігіне айналғандығына аударып, нақты деректер арқылы қорытынды жасау.

Көрнекі және дидактикалық құралдар. Қазақстан Коммунистік партиясының құрылуын көрсететін тірек-сызба.

Кестелер. «ҚКП хатшыларының қызмет атқарған жылдары»; 1936 жылғы Конституция, партия съездерінің құжаттары.

Сабақ жоспары:

1. Қазақстанның партия ұйымдарын орталықтандыру.
2. Республикалық партия ұйымдарын қалыптастыру.
3. 1936 жылғы Конституция.
4. Қазақстандағы алғашқы Коммунистік партия съездері.

Параграф тақырыпшаларын дәріс түрінде сұрақ-жауап, шағын пікірсайыс, әңгіме әдістері арқылы өткізуге болады.

Мұғалім дәрісті бастар алдында оқушылардың ойын дамытуға түрткі болатын сұрақтар қоюына болады.

1. Қос партиялық билік жүйесіндегі қандай мемлекетті білесіңдер?
2. Бір партиялық билік жүйесіндегі қандай мемлекеттерді білесіңдер?
3. Көппартиялық дегенді қалай түсінесіңдер?
4. Қазақстан Республикасындағы партияларды атаңдар.
5. Кеңес мемлекетіндегі билеуші партия туралы не білесіңдер?

Осыдан кейін мұғалім оқушылардың жауабын толықтырып Қазақстан КСРО-ның құрамдас бөлігіне айналғандығын нақты деректер арқылы түсіндіруге кіріседі.

Параграфтың 1, 2-тақырыпшалары бойынша дәрісте көңіл аударатын қағидалар мыналар:

— 1920 жылдың 30 сәуірінде РК(б)П-ның Қырғыз (қазақ) облыстық бюросының Қыроблбюро құрылуы және оның құрамы.

— 1921 жылғы 11—18 маусымда өткен I Қазақстандық облыстық партия конференциясы. Облыстық партия комитетін құруды аяқтады.

— 1925—1933 жылдарда Қазақстан өлкелік комитетінің хатшысы Ф.Голощекиннің қағидалары және оған Қазақстанның дамуы жайлы өзіндік пікірі бар партия мүшелерінің қарсылығы.

Параграфтың келесі тақырыпшасын оқушылар жеңіл меңгереді.

Оқушыларға мәтінді оқып, берілген кестені толтыруды ұсынуға болады.

1920—1930 жылдардағы Қазақстан Коммунистік партиясының қызметі

Идеология саласында	Экономика саласында	Мәдениет пен ғылым саласында

Тест сұрақтарымен жұмысты интерактивті тақтаны пайдалану арқылы жүргізу.

1. 1920 жылдың 30 сәуірінде құрылған РК(б)П-ның Қырғыз (қазақ) облыстық бюросы (Қыроблбюро) құрамына неше адам сайланды?
 - а) 5;
 - ә) 7;
 - б) 9.
2. Түркістан КП Мұсылман бюросының төрағасы кім?
 - а) Ә.Жангелдин;
 - ә) С.Меңдешев;
 - б) Т.Рысқұлов.

3. 1921 жылғы 11—18 маусымда құрылған ұйымды атаңдар.
- а) Қазревком;
 - ә) Қазақстан облыстық партия комитеті;
 - б) Қазақ АКСР-і.
4. 1925 жылдың 19 ақпанындағы РК(б)П ОК-ның қаулысы бойынша Қазақстан облыстық комитеті қалай аталды?
- а) РК(б)П-ның өлкелік комитеті;
 - ә) Қазақ АКСР — Коммунистік партиясы;
 - б) РК(б)П Қазақ бюросы.
5. Қазақ өлкелік партия ұйымы қашан қайта құрылды?
- а) 1924 ж., 27 ақпан;
 - ә) 1935 ж., ақпан;
 - б) 1937 ж., маусым.
6. Голощекин қағидаларына қарсылық білдірген республикалық партия ұйымының мүшесі кім?
- а) С.Сейфуллин;
 - ә) С.Сәдуақасов;
 - б) С.Мендешев.
7. Қазақ КСР Конституциясы қашан қабылданды?
- а) 1936 ж.;
 - ә) 1937 ж.;
 - б) 1938 ж.
8. 1937 жылғы Қазақ КСР Конституциясында — Қазақ КСР-нің саяси негізі:
- а) Еңбекшілер депутаттарының Кеңесі;
 - ә) Халық депутаттарының Кеңесі;
 - б) Жұмысшы-шаруа депутаттарының Кеңесі.
9. 1936 жылғы КСРО Конституциясы бойынша өндіргіш құралдарға қайсысы жатады?
- а) Жекеменшік;
 - ә) Социалистік жекеменшік;
 - б) Социалистік көптүрлі меншік түрі тұрақтанды.
10. Кеңес мемлекетінің ең жоғары басшы әрі жетекші ұйымы қайсы?
- а) КОКП;
 - ә) КСРО ОАК;
 - б) КСРО ХКК.

§ 30-31. ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН.
1940—1980 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚОҒАМДЫҚ
ӨМІРІ

Сабақтың мақсаты. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі қоғамдық-саяси жағдайға сипаттама беріп, 40-жылдардың екінші жартысы мен 50-жылдардың басындағы идеологиялық қысымның көріністерін ашып көрсету.

Тың эпопеясының жағымды және жағымсыз жақтарын түсіндіру.

1960—1980 жылдардағы Қазақстанның өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығына талдау жасап, оқушылардың назарын жағымсыз көріністерге аудару.

Қазақстанның Кеңес Одағы құрамындағы алатын орнына мәліметтер арқылы талдау жасап, республика басшылығы Орталықтың қысымына қарамастан Қазақстанды дамыта түсуге ұмтылды деген қорытындыға өкелу.

Оқушыларға ядролық сынақ алаңдары, экологиялық дағдарыс және оның салдарлары туралы мәлімет беру.

Көрнекі және дидактикалық құралдар. Семей ядролық сынақ алаңы, Байқоңыр ғарыш айлағы, Арал мен Балқаштың экологиялық жағдайларын көрсететін суреттер, бейнетаспалар, деректі кино (үзінді). Республика басшылығында қызмет атқарған басшылардың суреттері. 1977 жылғы КСРО, 1978 жылғы ҚазКСР-нің Конституциялары.

Сабақтың барысы. Тақырып үлкен, көлемді болғандықтан оның мазмұнын ашып көрсету үшін сабақты оқытудың әдістерін дұрыс тандап алуды қажет етеді. Параграф тақырыпшаларын қарастырғанда 1-тақырыпшаны аралас сабақ түрінде баяндау, өздік жұмыс, сұрақ-жауап, шағын пікірсайыс әдістерін қолданып жүргізуге.

1-тақырыпшаның жоспары

1. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі қоғамдық-саяси жағдай.
2. Халық шаруашылығы (1945—1953 жж.).
3. Тың эпопеясы.
4. Қазақстан 1960—1980 жж.
5. XX ғасырдың 1970—1980 жылдарындағы социалистік экономика дамуының үрдісі.

Бірінші тақырыпша бойынша, мұғалім 1946 жылғы тамыздағы БК(б)П ОК-нің қаулыларын негізге алған

Қазақстандағы саяси науқанның басталғанын ретімен баяндайды.

Аталған қаулыға сәйкес 1947 жылы Қазақстан К(б)П ОК-нің Қаулысы шықты. Онда тарихты, әдебиетті, өнерді зерттеуде орын алған саяси қателіктер мен ұлтшылдық бұрмалаушылыққа қарсы күресті кеңінен өрістету керектігі айтылды. Көптеген әдебиет, өнер және ғылым қайраткерлеріне саяси айып тағыла бастады.

Одан әрі Қазақстанда жүргізілген саяси қудалаулардың негізгілеріне тоқталады.

Олар мыналар:

- 1947 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының тіл және әдебиет институтының жұмысындағы «саяси қателер»;
- 1951 жылы Қазақстан К(б)П ОК-нің «Правда» газетінде жарияланған «Қазақстан тарихын маркстік-лениндік тұрғыдан сөз ету мәселелері» атты мақала туралы қаулысы.
- М.Әуезов, Е.Бекмаханов, А.Жұбанов, Қ.Сәтбаев, А.Н.Самойлович, Е.Исмайлов, Б.Сүлейменов, Қ.Жұмалиев, т. б. көптеген көрнекті ғалымдар қуғын-сүргінге ұшырады.

Екінші тақырыпшаны қарастыру кезінде оқушылар мәтінді оқып, мына сұрақтар мен тапсырмаларға жауап өзірлегені жөн.

1. IV бесжылдықтың негізгі міндетін атаңдар.
2. Республиканың халық шаруашылығының жағдайы қандай болды, күрделі қаржы, өсіресе қай салаға жұмсалды?
3. Республикада іске қосылған және салынып жатқан кәсіпорындарды атаңдар.
4. Ауыл шаруашылығында астықтың жалпы өсімі артқанымен, егін өнімділігі төмен болды. Себебі неде деп ойлайсыңдар?
5. 1951 жылдың 15—18 желтоқсанында өткен Қазақстан КП-ның V съезі қандай мәселелерді қарады?

3-тақырыпшаны мұғалім қысқаша түсіндіреді. Оқушылардың базалық біліміне (алдын ала тапсырмалар беруге болады) сүйеніп шағын пікірсайыс түрінде талдауға болады. Сынып екі топқа бөлініп, бірінші топ тың игерудің тиімді жақтарын айтатын болса, 2-топ тың игерудің жағымсыз жақтары туралы айтып, өз пікірлерін дәлелдейді. Қосымша құжаттар суреттер, сандық мәліметтер келтіру мәселесін аша түсуге көмектеседі.

Қайта құру (1985—1991 жж.)

Жылдары	Экономикалық өзгерістер	Саяси өзгерістері
1	2	3
1985—1986 жж.	КСРО-ның әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдетуге бағыт алу, мәшине жасау өндірісі 1,7 есе қарқынмен дамуға тиіс.	Негізгі ұрандары: социализм, салауатты өмір саясаты үшін күрес, Алматыдағы 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі.
1987 ж.	Мемлекеттік кәсіпорындардың дербестігін кеңейту («Мемлекеттік кәсіпорын туралы» Заң), Жекеменшік сектордың өрекет аясын кеңейту («Жеке кәсіпкерлік қызмет туралы» Заң). Шаруашылық есеп пен өзі-өзі қаржыландыру қағидаларын енгізу.	Негізгі ұрандары: «Демократияландыру», «жариялылық». Өнеркәсіпте және қоғамдық өмірдегі кемшіліктерді сынау. Экологиялық қозғалыстың өрлеуі.
1988 ж.	Орталықтан басқаруды сақтай отырып, әкімшілік әдістерден экономикалық әдістерге көшу.	XIX партия конференциясында: саяси реформаларға бағыт алу; жергілікті партия органдарының басшыларын балама түрде сайлау; халық депутаттарының съезі және Жоғарғы Кеңес; қоғамдық ұйымдардың ролін көтеру туралы айтылды.
1989 ж.	Тауар тапшылығының артуы, кәсіпорындардың тікелей айырбасқа көшуі, экономикадағы дағдарыстың арта түсуі.	КСРО халық депутаттарының тұңғыш сайлау мен съездері. Бұқараның саяси белсенділігінің артуы; Қарағанды шахтерлерінің ереуілі; Жалпы-республикалық тәуелсіз «Невада—Семей» қозғалысының құрылуы; ұлттық мәдени орталықтардың құрылуы; кәсіподақ қозғалысының өрлеуі; 1989 жылғы 22 қыркүйектегі «Тіл туралы» Заң.

1	2	3
1990 ж.	Рынокқа өту бағдары: өту жүйелерін талқылау. «Қазақ КСР-дегі меншік туралы» Заң. Қазақ КСР сыртқы экономикалық қызметінің негізгі қағидалары, «Қазақ КСР-дегі еркін экономикалық аймақтары туралы».	Сәуір, 1990 жыл — Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президент қызметін бекітті. Саяси партиялардың құрылуын: 25 желтоқсан, 1990 ж. — Қазақ КСР мемлекеттік егемендігі туралы Мәлімдеме. Республикалардың тең құқықты және тәуелсіз болуы туралы Жаңа Одақтық келісімінің талқылануы.
1991 ж.	«Мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың одақтық бағыныштылықтан Қазақ КСР үкіметінің басқаруына өткізу туралы», «Алтын және алмаз қорын құру туралы», «Қазақ КСР-нің сыртқы экономикалық дербестігін қамтамасыз ету туралы» Жарлықтары.	1991 ж., тамыз бүлігі. 29 тамыз, 1991 ж. — Семей ядролық сынақ алаңының жабылуы. 1 желтоқсан, 1991 ж. — Қазақстан Республикасы Президентінің баламалық негізде сайлануы. 10 желтоқсан, 1991 ж. — Қазақ КСР-і Қазақстан Республикасы атанды. 16 желтоқсан, 1991 ж. — «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Заңның қабылдануы.

ҚКП хатшыларының қызмет атқарған жылдарының кестесі

1937 ж., маусым — 1938 ж., шілде	Л.И.Мирзоян
1938 ж., шілде — 1945 ж., шілде	Н.А.Скворцов
1945 ж., шілде — 1946 ж., маусым	Г.А.Борков
1946 ж., маусым — 1954 ж., ақпан	Ж.Шаяхметов
1954 ж., ақпан — 1955 ж., тамыз	П.К.Пономаренко
1955 ж., тамыз — 1956 ж., наурыз	Л.И.Брежнев
1956 ж., наурыз — 1957 ж., желтоқсан	И.Д.Яковлев
1957 ж., желтоқсан — 1960 ж., қаңтар	Н.И.Беляев
1960 ж., қаңтар — 1962 ж., желтоқсан	Д.А.Қонаев
1962 ж., қаңтар — 1964 ж., желтоқсан	И.Ю.Юсупов
1964 ж., желтоқсан — 1986 ж., желтоқсан	Д.А.Қонаев
1986 ж., желтоқсан — 1989 ж., маусым	Г.В.Колбин
1989 ж., маусым — 1991 ж., қыркүйек	Н.Ә.Назарбаев

ҚКП (Қазақстан Коммунистік партиясы) съездері

5—12 маусым, 1937 ж.	ҚКП I съезі
3—14 шілде, 1938 ж.	ҚКП II съезі
10—18 наурыз, 1940 ж.	ҚКП III съезі
25 ақпан — 1 наурыз, 1949 ж.	ҚКП IV съезі
15—18 желтоқсан, 1951 ж.	ҚКП V съезі
20—24 қыркүйек, 1952 ж.	ҚКП VI съезі
16—18 ақпан, 1954 ж.	ҚКП VII съезі
24—27 маусым, 1956 ж.	ҚКП VIII съезі
14—15 қаңтар, 1959 ж.	ҚКП IX съезі
10—12 наурыз, 1960 ж.	ҚКП X съезі
27—29 қыркүйек, 1961 ж.	ҚКП XI съезі
10—12 наурыз, 1966 ж.	ҚКП XII съезі
24—26 ақпан, 1971 ж.	ҚКП XIII съезі
4—6 ақпан, 1976 ж.	ҚКП XIV съезі
4—6 ақпан, 1981 ж.	ҚКП XV съезі
ақпан, 1986 ж.	ҚКП XVI съезі
7—9 маусым — I кезең	} 1990 ж.
21—22 желтоқсан — II кезең	
7 қыркүйек, 1991 ж.	
	ҚКП XVII съезі
	ҚКП XVIII съезі

Оқушылар слайд арқылы тақтаға кесте түрінде сызып жағымды немесе жағымсыз жақтарын жазып отырады.

Келесі қаралатын тақырыпшада Қазақстан КП хатшыларының қызмет атқарған жылдарының кестесін пайдалану арқылы қысқаша түсінік беріледі.

Сабақтың келесі сатысына кіріспес бұрын мұғалім Д.А.Қонаевтың Қазақстан КОКП-нің хатшысы болып сайланғанын айтып, оқушыларға мағлұматтар береді. КСРО-ның 1977 жылғы Конституциясы және Қазақ КСР-нің 1978 жылғы Конституциясынан келтірілген үзінділерді Қазақстан тарихы хрестоматиясынан алып, қажетті баптарды белгілеп оқушылардың құжаттарымен жұмыс істеуін ұйымдастырады.

Құжатпен жұмыс барысында оқушыларға мынадай сұрақтар берілуі мүмкін:

1. 1977 жылғы КСРО Конституциясының 6-бабын мүмкіндігінше тауып оқып, мазмұнын баяндап беріңдер.
2. «Кенес қоғамының басты және бағыт беруші күші, оның саяси жүйесінің ұйытқысы — КОКП» дегенді қалай түсінесіңдер?

3. Ол кезде КОКП-ден басқа саяси партия болды ма, болуы мүмкін бе еді? Оның себебі неде?
4. Бір партияны бүкіл қоғамдағы басты, билеуші күш ретінде танып, оны конституциялық деңгейде заңдастырып тастау демократияға жата ма?
5. 1978 жылғы Қазақ КСР Конституциясы бойынша ішкі және сыртқы мәселелерін республика басшылығы дербес шеше алды ма?

Интерактивті тақтаны пайдалану арқылы тест сұрақтарымен жұмыс.

1. Қай жазушының шығармасы саясаттан тыс деп сынға алынды?
 - а) Ө.Тәжібаев. «Біз де қазақпыз»;
 - ә) С.Мұқанов. «Ботагөз»;
 - б) Ғ.Мүсірепов. «Ұлпан».
2. Қай жазушы орысқа қарсы, реакцияшыл, кертартпа көзқарасты насихаттаушы ретінде айыпталды?
 - а) С.Мұқанов;
 - ә) С.Сейфуллин;
 - б) М.Әуезов.
3. «Кеңес өкіметіне қарсы әрекеті үшін» қызметінен босатылып, 25 жылға бас бостандығынан айырылған тарихшы-ғалым?
 - а) С.Асфендияров;
 - ә) Е.Бекмаханов;
 - б) Ө.Марғұлан.
4. Е.Бекмахановты ресми түрде айыптаудың басы болған «Қазақстан тарихы мәселелерін маркстік-лениндік тұрғыда бағалайық» деген мақала қай газетте жарияланды?
 - а) «Звезда»;
 - ә) «Правда»;
 - б) «Ленинград».
5. Карточка жүйесі қашан жойылды?
 - а) 1945 ж.;
 - ә) 1947 ж.;
 - б) 1949 ж.
6. 1950 жылы республикада қанша кәсіпорын болды?
 - а) 60;
 - ә) 63;
 - б) 65.
7. Қазақстанда 1954 жылы жыртылған жер көлемі қанша га болды?
 - а) 7,5 млн га;
 - ә) 8,5 млн га;
 - б) 13,4 млн га.

8. 70-жылдары астық өндірудің орташа жылдық мөлшері 14 млн т болды, оның тек қаншасын республика өз қажетіне жұмсай алды?
- а) 6—7 т;
 - ә) 7—8 млн т;
 - б) 10 млн т.
9. 1962—1965 жылдары республикадағы орташа астық дақылының өнімділігі:
- а) 10,3 ц/га;
 - ә) 7,3 ц/га;
 - б) 6,1 ц/га болды.
10. 1960 жылы республикада қанша астық кеңшары ұйымдас-тырылды?
- а) 126;
 - ә) 200;
 - б) 320.
11. 1957 жылы басқарудағы енгізілген өзгерістер:
- а) өндірістік;
 - ә) аумақтық;
 - б) салалық принципіне көшті.
12. Д.А.Қонаев орталық басшылықтың назарына қандай өзекті мәсе-лені үнемі қойып отырды?
- а) Балқаш мәселесін;
 - ә) Арал мәселесін;
 - б) Байқоңыр мәселесін.
13. Қазақстан өзінің экономикалық қуаты мен ұлттық байлығы жа-ғынан КСРО-да нешінші орынға көтерілді?
- а) 1;
 - ә) 2;
 - б) 3.
14. Қазақстан Одақта қорғасынның қанша пайызын берді?
- а) 70%;
 - ә) 75%;
 - б) 60%.
15. 1970—1980 жылдары өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының өсу қарқыны:
- а) баяулады;
 - ә) жоғарылады;
 - б) өте төмен болды.

Параграфтың 2-тақырыпшасын семинар түрінде өт-кізуге болады. Оқушылар алдын ала қаралатын мәселе-лер және қажетті қосымша әдебиеттер мен құжаттардың тізімін алады.

Сынып бес топқа бөлінеді, әрқайсысы жоспардың бір бөлігіне жан-жақты дайындалады. Ал қалған бөлігін оқып танысады.

Жоспардағы әр тақырыпшаны талқылағанда қосымша құжаттар мен әдебиеттерді, жинақтаған суреттерді, тірек-сызбаларды, сандық мәліметтерді тиімді пайдалануы қадағаланады.

Семинар сабағының жоспары

1. Қазақстандағы ядролық сынақ алаңдары.
2. Байқоңыр ғарыш айлағы.
3. Арал мен Балқаштың өзекті мәселелері.
4. Дағдарыс жағдайларының күшеюі.
5. 80-жылдардың соңы мен 90-жылдардың басындағы Коммунистік партиядағы дағдарыс.

Сұрақтар

1. Ұлы Отан соғысы аяқталғаннан кейінгі кезде Кеңес елінің жағдайы қандай еді?
2. Не себепті Астрахан облысында, Батыс Қазақстан және Атырау облыстарында сынақ алаңдары ашылды? Олар туралы білетіндеріңді айтып беріңдер.
3. Семей сынақ алаңын ашу қажеттігі неден туындады? Осы сынақ алаңының халыққа тигізген зардабы туралы әңгімелендер.
4. Байқоңыр ғарыш айлағының тарихына тоқталыңдар. Бүгінгі таңда Байқоңыр қандай рөл атқаруда?
5. Арал мен Балқаш проблемалары туралы өз ойларыңды ортаға салыңдар. Проблемаларды салыстырыңдар. Олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын айтыңдар. Өздерің аталған проблемаларды шешудің қандай жолын ұсынар едіңдер? Арал маңы экологиясының нашарлауына не себеп болды деп ойлайсыңдар?
6. Арал теңізі проблемасын шешудің жолы қандай деп білесіңдер?
7. 1985 жылы басталған «Қайта құру» қандай міндеттерді шешуге тиіс болды?
8. 1991 жылдан кейінгі кезеңде ҚКП-ның қызметінде не өзгерді?
9. Қазақстанда «Семей—Невада» қозғалысын, Арал проблемасын шешу жолындағы қозғалыстарға жазушылардан кімдер қатысты, қандай нәтижеге жетті? Сол ақын-жазушылар жөнінде не білесіңдер?

§ 32. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КОМСОМОЛ ЖАСТАР ЖӘНЕ ПИОНЕР ҰЙЫМДАРЫ

Сабақтың білімдік мақсаты. РСДЖ(б)П-ның 1917 жылдың тамызында Петроградта өткен VI съезінде жұмысшы жастардың Коммунистік ұйымын құру мәселесі қаралғанын, ал Қазақстан шеңберінде бұл әрекет азамат соғысы мен шетел басқыншылығы жылдарында басталғанына тоқтала отырып, 1918 жылы Орда қаласында алғашқы комсомол ұясы дүниеге келгенін, комсомолды ұйымдастырушылар Бадма Атуев, Хамид Чурин, Құрсайын Сахыбалдиев, т.б. туралы түсіндіру.

Сабақтың тәрбиелік мақсаты. Комсомол ұйымдарының жұмыстарына жан-жақты тоқтала отырып, Түркістан жастарының аса көрнекті ұйымдастырушысы Ғани Мұратбаевтың жастармен жүргізген жұмыстарын жан-жақты талдай отырып, жастарды қоғамдық жұмыстарға белсене араластыруға, жекетұлғаларға деген құрметке тәрбиелеу.

Күнделікті сабақтың дамытушылық міндетін белгілегенде және оны сабақ үстінде жүзеге асырғанда бүгінгі күнмен де байланыстырған жөн. Мәселен, оқушыларға төмендегідей сұрақ қойып ойлантуға болады.

Қазақстан жастар ұйымының комсомол ұйымынан айырмашылығы қандай?

Сабақ өткізудің әдісі. Аралас сабақ.

Мұғалім, оқушыларға сұрақ қойып, үйге берілген тапсырма бойынша білімдерін тексеріп алғаны дұрыс.

1-тақырыпша бойынша, оқушыларға мәтінмен жұмыс жасауды ұсынған дұрыс. Оқушылар мәтінді оқып, дәптерлеріне хронологиялық кесте жасайды. Оқушылардың өз бетімен жасайтын жұмысын ұйымдастырғанда мыналар ескеріледі:

1. Олардың өткен сыныптарда өз беттерінше жұмыс істеу барысында қандай іскерлік шеберлікті меңгергені;

2. Оқушыларға берілетін тапсырма, сұрақ, т.б. оларды ойландыратындай, қызықтыратындай болуын, сонымен бірге олардың дайындық дәрежесіне сай болуы.

XX ғасырдың 20-жылдарының басындағы күрделі бір мәселе мүшелік жарна жинау, мүшелік жарна ақшалай емес, астықпен жиналғанын түсіндіру.

1937 жылы Қазақстан өлкелік комсомол ұйымы Қазақстан Лениншіл Коммунистік Жастар одағы болып

қайта құрылғанына, одақтың атқарған жұмыстарына оқушылардың назарын аудару. Бұдан кейін оқушыларға сұрақ қойып, ойларын тыңдауға болады.

1. 1970—80-жылдары комсомолдың жағдайы қандай болды?
2. Тәуелсіздік алғаннан кейін комсомол тағдыры қалай шешілді?

Осы сұрақтарға жауап алғаннан соң жұмысты интерактивті тақта арқылы жалғастырып толтыру. Оқулықпен жұмыс.

Қазақстандағы В. И. Ленин атындағы пионер ұйымы

Пионер ұйымдары қалай құрылды?	Пионер ұйымдары қандай жұмыстар атқарды?	Қандай журналдар шықты?

Кестені толтырғаннан кейін, дәптерлеріне хронологиялық кесте жасауды ұсынуға болады.

Жаңа сабақты оқушылардың қалай түсінгенін тексеру мақсатында төмендегідей сұрақтар қоюға болады.

1. Комсомол ұйымының негізіне қандай принциптер жатқызылды?
2. Қазақстандағы алғашқы комсомол ұйымдары қандай жерлерде құрылған?
3. Түркістан жастарының аса көрнекті ұйымдастырушысы Ғани Мұратбаевтың өмірі мен қызметі туралы не білесіңдер?
4. Қазақстандағы комсомол ұйымдары алғаш құрылғанда қандай жұмыстар атқарды?
5. 1937 жылы Қазақстан өлкелік комсомол ұйымы қалай аталды?
6. Қазақстанда пионер ұйымдарының құрылымына талдау жасау арқылы бұл ұйым туралы өз ойларыңды білдіріңдер.
7. Кеңес өкіметі кезіндегі балалар және жастар ұйымдары қызметінің жағымды және жағымсыз жақтарын анықтаңдар.

VII тарау. ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫ

§ 33. ДИАСПОРОЛОГИЯ ЖӘНЕ ДИАСПОРА ҰҒЫМДАРЫ. ҚАЗАҚТЫҢ ШЕТКЕ АУА КӨШУ КЕЗЕҢДЕРІ

Қазақ диаспорасының тарихы — Қазақстан тарихы курсыңда жаңадан оқытылып отырған, басты назар аудартатын тақырып. Мұнда қазақ халқының XVII ғасырдан XX ғасырдың ортасына дейінгі кезеңде Қазақстаннан тыс жерлерге көшуі — қазақ диаспорасының қалыптасуына негіз болғаны ашып көрсетіледі. Шетелдегі қазақтардың Қазақстанға қайта оралуы, нәтижелері және проблемалары оқытылады.

Сабақтың білімдік мақсаты. Оқушылардың диаспорология ғылымы және оның нені зерттейтіні туралы түсінігін қалыптастырып, қазақ ирредентасы және диаспорасы ұғымдарына сипаттама беру.

Қазақтардың Қазақстан шегінен тыс жерлерге ауа көшу кезеңдері мен қоныстану аумағының кеңеюін және олардың өмір сүру жағдайын нақты фактілермен ашып көрсету.

Дүниежүзі қазақтарының I Құрылтайының басты мақсаттары мен нақты нәтижелеріне талдау жасап, оқушылардың назарын қазақ халқының біртұтас ұлт ретінде жаңа мыңжылдыққа нық қадам басқанының белгісі болған Дүниежүзі қазақтарының II Құрылтайына аудару.

Шетелдегі қазақтардың тарихи Отанына оралу кезеңдерін атап, Қазақстан Республикасында көші-қон мәселесінің заң жүзінде іске асырылуын ұғындыру.

Сабақтың тәрбиелік мақсаты. Ұлттық бірлік, ұлттық тұтастық туралы оқушының отаншылдық сезімін ояту. Ұлттық қасиеттерін сақтау, құрметтеу және қорғау ұғымдарын қалыптастыру.

Сабақтың дамытушылық мақсаты. Тарихи-саяси құжаттарды талдап, өз бетінше қорытынды жасап, құбылыстарды салыстыра отырып, айырмашылығын ажырата білуге үйрету. Тарихи мәселелерге пікір айтып, зерттеу әдістерін меңгеруге дағдыландыру.

Материалдың мәнін ұғынып, талдап қорытынды жасауға бейімдеу.

Қосымша құжаттарды зерттеу, проблемаларды шешу.

Сабақ өткізудің әдісі. Өзара белсенділікті арттыру.

Базалық білім. Алдыңғы тарауларда айтылған, 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысты басып-жаншу барысында патша өкіметінің жүргізген зұлмат саясаты және 1928—1933 жылдарда жүзеге асқан саясат салдарынан қазақ халқының республикадан жаппай көшіп кетуі туралы мағлұматтар.

Тірек ұғымдар. Классикалық және жүйелік көші-қон, эмиграция, көшіп келу (иммиграция), Қазақ диаспорасы және ирредентасы, диаспорология ғылымы.

Көрнекі және дидактикалық құралдар. Дүниежүзінің саяси картасы, XX ғасырдың ортасына дейінгі кезеңдегі Қазақстанның картасы. Кесте — «Қазақтар: Қанша? Қайда?». Карта-сұлба, тірек сұлбалар.

Сабақтың жоспары

1. Диаспорология ғылымы нені зерттейді?
2. Қазақ диаспорасы ұғымы және оның пайда болуы.
3. Қазақ ирредентасы ұғымы және оның қалыптасуы.

Мұғалім тақырыпқа түсініктеме береді, оның Қазақстан тарихы курсына жаңадан оқытылып отырғанын айтып, тақырыпта қаралатын мәселелермен таныстырады. Сұрақтар қойып оқушылардың логикалық ойлау жүйесін дамытуға ойтүрткі жасайды.


1. Оралмандар ұғымы нені білдіреді?
2. Қазақстаннан басқа мемлекеттерге қоныс аударушылар бар ма? Қандай ұлт өкілдері және неліктен?
3. 1916 жылы — 1928—1933 жылдары қазақтардың шетелге қоныс аударуының басты себебі неде?

Мұғалім оқушылардың жауабын тыңдап, қорытынды жасайды.

1. Бірінші тақырыпша диаспорология ұғымына түсінік беруден басталады. Диаспорология ғылымының түсінігі тақтаға жазылады. Осы тірек ұғым тараудағы барлық сабақтарда қолданылады.

Оқушыларға картадан қазақтар орналасқан елдерді атап көрсету ұсынылады.

Мұғалім оқушылардың назарын термин сөздерге аударып, оқулықтан диаспорология, диаспора, ирредента,



миграция, эмиграция, иммиграция сөздерінің мағынасын оқып, дәптерге жазуларын тапсырады.

Барлық сынып оқушыларының белсенділігін арттыру мақсатында дамытушылық сұрақтар қойып, мәселенің мазмұнын ашуға болады:

1. Қазақтар көбірек шоғырланған шетелдерді атаңдар.
2. Қазақстанның шетелдермен қарым-қатынас жасауына қазақ диаспорасының ықпалы бар ма?
3. Қайсы елдегі диаспора белсенділік танытып отыр?

Қазақ диаспорасының қалыптасуы, базалық білімге сүйене отырып нақты деректер арқылы түсіндіріледі.

Мұғалім әңгімесінде назар аударатын мәселелер:

- Мәжбүрлік көші-қон (1960 жылға дейін).
- Еркін көші-қон (1960 жылдан кейін).
- Жаппай сипат алуы.
- Жекелеген адамдардың орын ауыстыруы.

Оқушылардың мәжбүрлік көші-қон туралы түсініктерін нақтылай түсу үшін, 1916 жылғы оқиғаға байланысты патша өкіметінің жазалау саясаты және 1931—1933 жылдардағы аштық салдарынан қазақтардың Қазақстаннан тыс жерлерге жаппай көшуі туралы деректер келтіруге немесе оны үйден орындап келуге беруге болады.

Егер 1926 жылғы санақ бойынша басқа республикаларда 314 мың қазақ тұрған болса, 1934 жылы олардың саны 794 мыңға жетті. Мысалы, 1926—1939 жылдар аралығында қазақтар саны: Ресейде — 2—3 есе, Қырғызстанда 10 есе көбейді. Тақырыпшаны 1997 жылғы 11 шілдедегі «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңында берілген диаспора туралы анықтаманы оқып қорытынды жасауға болады.

Бұдан кейін оқушыларды сабаққа қызықтыру үшін бірқатар қосымша материалдар келтіруге болады. Ирредента ұғымына берілген анықтаманы талдап оның диаспора ұғымынан нақты айырмашылығы атап көрсетіледі. *Ирредента* дегеніміз — тарихи жерде тұратын этникалық топ. Оқушылардың ойын дамыту үшін логикалық сұрақтар қойылады:

1. Басқа мемлекет құрамына өткен қазақ жерлерін атаңдар.
2. Қазақ ирредентасы, әсіресе қай мемлекетте ең көп тұрып жатыр?
3. Қазіргі уақытта ирреденттер проблемасы бар ма?
4. Неліктен ирреденттер тек Қазақстанмен шекаралас мемлекеттерде орналасқан?

Оқушылардың жауабын талдап, толықтырып, түсінік беріледі, картаға қазақ ирреденталары тұрып жатқан мемлекеттер белгіленеді.

Мысалы: Қытай, Ресей, Өзбекстан. Қызығушылықты арттыру үшін жазушы Қ.Жұмаділовтің Қытайдағы қазақ ирреденталарының қалыптасуы, өмірі жайлы жазылған «Тағдыр» романынан үзінділер келтірген тиімді. Өртүрлі тарихи жағдайларға байланысты патшалық Ресей мен Цин империясы Шығыс Түркістан мен Орта Азиядағы иеліктерін айқындап, енші бөлісуге XIX ғасырдың 1883—1884 жылдарында кірісті. Екі ел арасында тартылған шекара сызығы кең жазира даланы, асқар биік тауларды ғана өтіп қойған жоқ, осы өлкені мекен еткен халықтардың тағдырын қақ жарып өтті. Тақырыпты бекіту үшін мұғалім қысқаша қорытынды жасайды. Сұрақ беру арқылы оқушылардың білімі тексеріледі.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Қазақ диаспорасы проблемаларын зерттеумен айналысатын ғылым салаларын атаңдар.
2. Мәжбүрлік көші-қонға мысалдар келтіріңдер.

3. Көші-қон қазір қандай сипат алды?
4. Қазақ диаспорасына тән сипаттарды айтып беріндер.
5. Қазақ диаспорасы және ирредент ұғымдарының айырмашылығы неде?
6. Ресейдегі қазақ диаспорасы мен ирредентасы тұратын жерлерді атап, картадан көрсетіндер.
7. Өзбекстанның қай жерінде қазақ ирреденттері қоныстанған?

Үйге тапсырма. Қосымша құжаттардан қазақ диаспорасы мен ирреденттерінің өмірі туралы хабарлама даярлау.

§ 34. ТМД ЖӘНЕ АЛЫС ШЕТЕЛДЕРДЕГІ ҚАЗАҚТАР

Сабақтың мақсаты. Қазақтардың Қазақстан шегінен тыс жерлерге орналасу кезеңдеріне сипаттама беріп, қазақтардың бір бөлігін шекарадан алыс кетуге мәжбүр еткен жағдайларды нақты фактілер арқылы ашып көрсету.

ТМД елдері мен алыс шетелдегі қазақ диаспораларының құрамын, өмір сүру жағдайларын түрлі мәліметтер, қосымша тарихи құжаттар арқылы түсіндіру.

Ұлттық бірлік, ұлт болашағына қатысты мақсат-мүдде туралы ой тудыру. Қазақстанның тәуелсіздігін құрмет тұту.

Базалық білім. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс, ауыл шаруашылығын ұжымдастырудың зардаптары XVIII ғасырдағы қазақ-жоңғар қатынастары.

Тірек ұғымдар. Қазақтардың шетел асуының үш кезеңі, патша өкіметінің отаршылдық саясаты, Қазақ АКСР-інің құрылуы, голощекиндік зұлмат саясаты, «Қазақ босқындарының Шығыс Түркістандық Ассоциациясы», Түркияның Министрлер кабинетінің қазақ босқындары туралы шешімі, т.б.

Көрнекі және дидактикалық құралдар. Дүниежүзінің саяси картасы, Қазақстанның карталары. Қолдан сызылған карта-сұлбалар. «Шетелдегі қазақ тіліндегі газет-журналдар мен басылымдар», «ТМД және алыс шетелдердегі қазақтар саны», т.б.

Сабақ өткізудің әдісі. Қазақтардың шетел асу кезеңдері тақырыбын аралас сабақ түрінде (баяндау, өзіндік жұмыс, сұрақ-жауап) өткізіп, қалған екі тақырыпты конференция (пресс-конференция, баяндама жасау) түрінде өткізуге болады.

«Қазақтардың шетел асу кезеңдері» тақырыбында қаралатын мәселелер:

1. Қазақтардың Қазақстан шегінен шетел асу кезеңдері.
2. Қазақ диаспорасының қоныстану аумағының кеңеюі.

Мұғалім мен оқушы арасындағы қатынасты қалыптастыру үшін базалық білім негізгі қызмет атқарады. Өткен сабақтағы мәселелерді сұрақ-жауап арқылы талқылай отырып, оқушылардың дамытушылық белсенділігі қалыптастырылады. Базалық білім жаңа тақырыпты игеруге жол салады. Мұғалімнің міндеті — оқушылардың логикалық ой жүйесін дамытуға түрткі болатын мынадай сұрақтар қою:

1. Қазақ-жонғар соғысындағы қандай оқиға қазақ халқын ауыр қасіретке ұшыратты?
2. Қытайдағы қазақ ирредентасы қалай қалыптасты?
3. 1916 жылғы патша өкіметінің зұлмат саясаты кезінде қашқан қазақтар қай елдерге кетті?
4. Ресейдегі қазақ ирредентасы қай уақытта, қалай пайда болды?

Осы сұрақ-жауаптан кейін мұғалім өзі дайындаған сұлбалар мен кестелерді, құжаттарды пайдалана отырып, тақырып мәселелерін баяндайды. Әсіресе стратегиялық маңызы бар теориялық мәселелердің мәнін оқушылардың санасына жеткізуге ерекше көңіл бөлу керек. Мәселені нақтылай түсу үшін оқушылардың өздігінен жұмыс істеуін ұйымдастыруға болады. Оқушыларды үш топқа бөліп, көрсетілген кестені оқулықты пайдаланып орындау ұсынылады.

Қазақтардың шетел асуының кезеңдері:

I топ — бірінші кезең

II топ — екінші кезең

III топ — үшінші кезең

Кезеңдері	Көші-қон себептері	Шыққан аумағы	Орналасу аумағы

Оқушылар дәптерге жазып кестені орындайды, ондағы сұрақтар талданып қорытынды жасалады. Параграфтың келесі тақырыпшасы тарихи құжаттарды, нақты деректерді пайдалану арқылы түсіндіріледі.

Қазақ диаспорасының Үндістан, Пәкстан, Түркияға таралуы Қытайдағы оқиғаларға байланысты болғандығын түсіндіргенде қосымша құжат материалдарын пайдалану оқушылардың қызығушылығын арттырады.

Шыңжаңдағы ұлттық езгіге қарсы күресте басқа халықтармен бірге қазақ халқы да алдыңғы сапта тұрғандығын «Оспан батыр және үш аймақ төңкерісі» атты мақаладан көруге болады («Қазақ тарихы» журналы, №6, 1997). Мәселенің себебі анықталғаннан кейін қазақтардың Үндістан, Пәкстан, Түркияға таралуын карта-сұлбаны пайдаланып түсіндіреді. Мұғалім түсіндіретін міндеттер:

Қазақтардың 1949—1950 жылдардың күзі мен қысындағы Қытай коммунистерімен жүргізген келіссөзі.

Баркөлдегі Қазақ Құрылтайының 1950 жылғы 28 наурыздағы шешімі.

Қазақтардың Үндістанға, Пәкстанға, одан Түркияға өтуі, орналасуы.


Сабақтың ендігі кезеңі оқушылардың шығармашылық білімдерін дамыту мақсатында «күегерлер естеліктерін» талдауға арналады (тапсырма оқушыларға алдын ала беріледі). Алтайдан Түркияға дейінгі қазақтардың үдере көшуінің күегері — жазушы, дінтанушы, қайраткер Халифа Алтайдың «Естеліктерім» атты кітабы бойынша талдау.

Келесі талдау белгілі қайраткер, ғалым-зерттеуші, жазушы Хасен Оралтайдың «Елімайлап өткен өмір» атты кітабы бойынша өтеді. Авторлар өздерінің басынан өткен үдере көшу кезеңін сипаттайды. Алтайдан ауып Еренқабырғаны (Тянь-Шань) бөктерлеп, Такла-Макан шөлін кешіп Гималай тауынан аса босқан жұрт Үндістанға жетеді. Содан Түркияға жетіп, тұтас Еуропаға жайылады.

Оқушылардың естеліктерді талдауының мазмұны мынадай:

- Қазақтардың үдере көшуінің себептері.
- Көшті ұйымдастырушы басшылары.
- Кездескен қиыншылықтар. Халықтың төзімділігі.
- Нәтижесі.

Оқушылардың талдауына қорытынды жасап, қазақ диаспорасының Еуропа мен Америкаға таралуы жөнінде түсінік беріледі.



Тақырыпты бекіту. Оқушының біліктілік сапасын жүйелеп, білімді жинақтау үшін өзара байланысты, бірін-бірі дамытатын сұрақтар қойылады.

1. Қазақтардың Қазақстаннан шетел асуы кезеңдерін атап айтындар.
2. Шекарадан асып кетуге мәжбүр еткен себептер қандай?
3. Осы кезеңдерде қазақтар, әсіресе қандай шекаралас елдерге өтіп кетті?
4. Қытайдағы қандай оқиғадан кейін қазақтар Үндістан, Пәкстан Түркия шекараларына қарай қозғала бастады?
5. Қазақтардың XX ғасырдың 60-жылдарына дейінгі және кейінгі шетел асуының ерекшеліктерін атаңдар.
6. Қазақтардың қазіргі шетелге көшуіне түсінік беріңдер.

Тақырыптың қорытындылануы мұғалімнің тәрбиелік бағыттағы қағидаларымен аяқталады.

Тақырыпты пресс-конференция түрінде өткізу де ұсынылады. Пресс-конференция сабағының ерекшелігі сол оқушыларға алдын ала тапсырмалар беріледі. Құжаттарды, дүниежүзінің елдері туралы анықтамаларды, энциклопедиялық мәліметтерді тақырыптың мазмұнына сай іріктеп алып пайдалану қажеттігі ескертіледі.

Пресс-конференцияны жүргізуші тағайындалады. Қазақ диаспорасының әр елдегі өкілі белгіленеді. Тілшілер, журналистер де белгіленіп сұрақтар қою тапсырылады.

1. Шетелдегі қазақ диаспорасының саны, орналасқан аймақтары.
2. Мәдени-рухани өмірі.
3. Ұлттық өркендеу үдерісі.
4. Проблемалары.
5. Қазақстанмен байланысы.

Кіріспе бөлімінде жүргізуші (немесе мұғалімнің өзі) «Қазақтар: Қанша? Қайда?» деген кестені және арнайы белгімен белгіленген карта-сұлбаны пайдаланып, шетелдегі қазақ диаспорасының саны мен орналасқан аймақтарына шолу жасайды. Электронды тақтаны пайдалану.

I. ТМД елдерінде			II. Шетелдерде		
№	Мемлекеттер	Саны	№	Мемлекеттер	Саны
1	Өзбекстан	967 мың	1	Қытай	1,5 млн
2	Ресей	688 мың	2	Моңғолия	83 мың
3	Түрікменстан	87 мың	3	Түркия	20 мың
4	Қырғызстан	42 мың	4	Иран	3450 мың
5	Украина	10 мың	5	Германия	700 мың
6	Тәжікстан	10 мың	6	Франция	172 мың
7	Әзірбайжан	4 мың	7	Швеция	51 мың
8	Грузия	3 мың	8	Аустралия	40 мың
9	Молдова	2 мың	9	Бельгия	28 мың
10	Армения	500 мың	10	АҚШ	23 мың
11	Беларусь	300 мың	11	Норвегия	20 мың
12	Орта Азия	1 млн	12	Австрия	18 мың
	республика-	100 мың	13	Швейцария	4 мың
	ларындағы		14	Дания	4 мың
	жалпы саны				

2003 жылдың басындағы мәлімет бойынша

Конференцияда қаралатын мәселелерді таныстырады. Әр елдің өкілдері осы мәселелерді нақты фактілермен ашып беруі тиіс.

Өзбекстандағы қазақтар өкілі: қазақтар Өзбекстанның Бұхар облысы, Ташкент облысының Бостандық ауданында, Қарақалпақ Республикасында орналасқан. Мәдени дәстүрлерінде ұлттық салттың сипаттары сақталған. Дүниежүзі Қазақтарының II Құрылтайында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев — «Біз Өзбекстандағы қазақтардың зиялы қауымы — ғалымдардың, әдебиет пен мәдениет қайраткерлерінің қарымды да қабілетті үлкен тобының қалыптасқанын жақсы білеміз», — деп атап көрсетті. Оқулықтағы мәліметтер және қосымша құжат мәліметтері бойынша қазақтардың өмірі туралы айтып өтеді.

Өзекті мәселелер. Өзбекстан мен Қазақстан Республикалары президенттерінің 2002 жылғы екі ел арасындағы Мәңгілік достық жөніндегі келісімшартқа қол қоюы шекара проблемасын шешті, ол нақтыланып, белгіленді.

Ресей Федерациясындағы қазақтардың өкілі: Қазақтардың тығыз қоныстанған аймақтарын атап олардың

мәдени-рухани өміріне ондағы қазақ мәдени орталықтары үлкен ықпал жасап отырғанына мысал келтіреді.

Ресейде қазақтар тығыз тұрған аудандар

Аудандар	Қазақтар саны
Омбы облысы	75 мың
Орынбор облысы	111 мың
Астрахан облысы	120 мың
Мәскеу	8225 мың
Ленинград (Санкт-Петербург)	6331 мың
Алтай өлкесі	15 мың
<i>1989 жылғы санақ бойынша</i>	

Ресейдегі қазақтардың мәдени орталықтары мен шығармашылық бірлестіктері

№	Аудандар	Орталықтар мен бірлестіктер	
1	1980 ж. Омбы қаласы	«Мөлдір», «Аманат», «Жастар» орталығы	«Омбы үні» газеті
2	1990 ж. Орынбор қаласы	«Қазақ тілі» қоғамы	«Айқап» газеті
3	1990 ж. Астрахан қаласы	«Жолдастық» қоғамы	«Ақ арна» газеті
4	Саха (Якутия)	«Ана-Жер» қауымы	«Абай жолы» романын саха тіліне аудару
5	1991 ж. Мәскеу қаласы	«Мұрагер» жастар қоғамы, «Қазақ тілі» қоғамы (1991)	«Наурыз» мерекесін өткізу дәстүрі

Өзекті мәселелер. Ресейдегі қазақ жастарының ана тілін нашар білу үдерісі көрініс беруде, оған КСРО кезінде Ресейдегі педагогикалық училище мен қазақ мектептерінің жабылуы ықпал етті. Қазір қазақ мектептерін ашу, оны қазақша оқулықтармен, мұғалімдермен қамтамасыз ету басты проблемаға айналды.

Қытайдағы қазақтардың өкілі: Қытайдағы қазақтар қоныстанған аймақтар, олардың шұғылданатын кәсіптері жөніндегі деректер арқылы сипаттама беріп қазіргі ұлттық өркендеу үдерісі туралы қосымша құжаттардан мәліметтер келтіруге болады. Қазақстан Республикасының Президенті,

Дүниежүзі қазақтарының II Құрылтайында Қытайдағы бір жарым миллион қазақтың ұлттық өркендеу үдерісінің жоғары екенін айта келіп: «Ана тіліміздің бай, шұрайлы ортасы сонда қалыптасқан. Қазақтың ежелгі мәдениеті, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы қаймағы бұзылмай сақталып отыр», — деп атап өтті. Сонымен бірге қазір Қазақстанда Қытай қазақтарының ауыз әдебиеті үлгілерінің 30 томдық жинағын шығару қолға алынды. Шыңжаңдағы қазақ әдебиетінің өкілі — Таңжарық Жолдыұлының туғанына 100 жыл толу мерейтойы Қытай мен Қазақстанда өтетіні айтылады. 1986 жылы ҚХР-да қазақ тілінде 20-дан астам журнал мен 10 газет шығарылып отыр.

Қазақ тіліндегі газет-журналдар мен баспалар:

№	Газеттер	№	Журналдар	№	Баспалар
1	«Шыңжаң»	1	«Шұғыла»	1	«Ұлттар баспасы», Пекин қаласы
2	«Іле»	2	«Көкжиек»		
3	«Алтай»	3	«Мұра»	2	«Халық баспасы», Үрімші қаласы
4	«Тарбағатай»	4	«Алтай аясы»		
5	«Іле жастары»	5	«Іле айдыны»	3	«Іле халық баспасы», Күйтің қаласы
6	«Іле өрендері»	6	«Тарбағатай»		
		7	«Іле әйелдері»		
		8	«Ғылым өрісі»		

Өзекті мәселелер:

- Ескі әдет-ғұрыптың сақталуы.
- Қытайдың бала тууға мемлекеттік реттеу қою саясаты.
- Жалпы білім деңгейін көтеру.

Моңғолиядағы қазақтардың өкілі: Моңғолиядағы қазақтардың тұрмыс ерекшеліктері: басым бөлігі ауылдық жерде тұрады, мал шаруашылығымен шұғылданады. Тығыз топтасып орналасуы және таза ана тілінде сөйлеуі. 1992 жылдары қазақ тілінде:

1. «Жаңа өмір» газеті.
2. «Шұғыла» журналы.
3. «Баян Өлгий» баспасы жұмыс істеді.

Қазақтар топтасып тұратын Баян Өлгий аймағының құрылғанына 60 жылдан асты. Мұнда қазақ ұлтының көптеген өзіндік ерекшеліктері сақталған.

Атап айтқанда, үй жиһаздары (аттарын атау), зергерлік бұйымдар, ұлттық киім, құсбегілік-саятшылық, ұлттық өнер түрлерінің, т.б. сақталуы.

Моңғолиядағы Баян Өлгий қаласындағы «Қазақ тілі» қоғамы Түркияның Стамбұл қазақ орталығымен, Кельн қаласындағы қазақ диаспорасы орталығымен, Өзбекстандағы қазақтармен байланыс жасайды.

Өзекті мәселелер. Моңғолия қазақтарының көбінің тек ауылды жерде тұруы, өмір сүру деңгейінің төмендігі.

Түркия қазақтарының өкілі: Оқулықтағы мәліметтерді және қосымша құжат деректерін пайдаланып Түркиядағы қазақтардың өмірін, басты орналасқан аймағын атап, кәсіби, мәдени-рухани өмірі, ұлттық дәстүрдің белгілері туралы айтып, ерекшеліктеріне мысал келтіру.

Өзекті мәселелер. Жастардың барған сайын салт-дәстүрден алшақтауы.

Сабақтың тәрбиелік мақсаты. Ұлттық салт-дәстүрді жастар санасына қалыптастыру. Жергілікті халыққа қазақшылықты таныту.

Сабақты мұғалімнің өзі қорытындылайды. Мұғалім қорытынды сөзін дүниежүзі қазақтарының Құрылтайында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың: «Тәуелсіз Қазақстан мен шетелдегі қазақ диаспорасының арасындағы байланыс бұрынғыдан да тығыз, әрі барынша жемісті, нәтижелі болуы тиіс. Дүниежүзіндегі қазақтардың үштен бірін құрайтын бауырларымызды ертең, яғни 50 жылдан кейін, 100 жылдан кейін не күтіп тұр деген сауал көкірегімізде еріксіз оянады» — деген сөзін келтіріп, айтылған мәселелерді шешуге Қазақстанның тікелей көмек көрсетіп жатқанына деректер келтіріледі. 40-тан астам шетелде тұрып жатқан бес миллион қазақтың ортақ мәдениетінің, ортақ әдебиетінің дамуына кедергі келтіретін, әсіресе оқу-білім саласында айқын аңғарылатын жазуға байланысты мәселелер талданады.

Оқушының шығармашылық жұмысынан кейін олардың жинақтаған білімі мен біліктілік сапасын жүйелеп, қорытындылау кезеңі туады. Оқушылардың білімі бағаланады.

§ 35. ҚАЗАҚТАРДЫҢ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ҚҰРЫЛТАЙЫ

Сабақтың мақсаты. Бұл параграфтың саяси және идеялық мәнi мен мазмұнын ашу үшін қосымша тарихи, саяси құжаттар пайдаланылады. Ол сабақтың білімдік-

тәрбиелік маңызын ашып, оқушыларды құжат материалдарымен жұмыс жасауға үйретеді және дағдыландырады.

Оқушылардың танымын тереңдету үшін түрлі тарихи құжаттардан алған мәліметтерді пайдаланып хабарлама және баяндама дайындату.

Сабақ өткізудің әдісі. Аралас сабақ (өңгіме, баяндама, хабарлама, сұрақ-жауап).

Сабақтың жоспары:

1. Дүниежүзі қазақтарының I Құрылтайы:
 - а) мақсаты;
 - ә) нәтижесі;
 - б) дүниежүзілік деңгейдегі қазақтар.
2. Дүниежүзі қазақтарының II Құрылтайы:
 - а) мақсаты;
 - ә) нәтижесі.
3. Шетелдегі қазақтардың атамекенге оралу кезеңдері.
4. Қазақстандағы оралмандар проблемасы.

Бірінші тақырыпша бойынша мұғалім Дүниежүзі қазақтарының Құрылтайы және оның шаңырақ бейнелі рөмізінің мәні туралы түсінік береді. Алматыда 1992 жылы өткен Дүниежүзі қазақтарының I Құрылтайына Азия, Африка, Еуропа және Американың елдерінен 400-ге жуық адам қатысқанын айтып, Құрылтайдың бағдарламасымен таныстырады. Қыркүйектің 29-ы жұлдызында Абай атындағы опера және балет театрында «Қазақтар: кеше, бүгін, ертең» деген тақырыппен ғылыми конференция өтті. Оған Республиканың белгілі қоғамтанушы ғалымдары М.Қозыбаев, С.Сартаев, Ә.Хайдаров, Ә.Жәнібеков қатысып, терең мазмұнды баяндамалар жасады деп оқушыларға өзіндік тапсырмалар (әр баяндама бойынша) беруге болады.

Маңызды Жарғылар мен құжаттар талқыланып Құрылтайдың мақсаты айқындалғанын оқушылар біледі. Құрылтайдың ресми ашылуы 30 қыркүйекте Республика сарайында болып, онда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Құшағымыз бауырларға айқара ашық» деген тақырыпта баяндама жасады. Бұл баяндаманың тарихи-саяси мәні зор. Одан үзінділер оқып сұрақ-жауап арқылы талдау жүргізуге болады.

Оқушылар азаматтық көші-қон туралы және шетелдегі қазақ диаспорасы мен Қазақстан арасындағы байланыстар

туралы біледі. Н.Ө.Назарбаевтың «Біздің Құрылтайымыздың басты мақсаты — бүкіл дүниежүзіндегі қазақ қауымының болашағы жөнінде ойлау, ұлтымыздың тағдыры...» Одан әрі Президент «Біздің бұл дүниеде бір ғана Отанымыз бар, ол — Тәуелсіз Қазақстан» дей келе, шетелдерден келген бауырларға Қазақстанның кең құшағы айқара ашық екендігін айтты. Қай жерде өмір сүру әр адамның өзі шешетін мәселе екенін айта келіп, Президент өз ойын былай қорытты: «Дүниежүзіндегі қазақтар қай елде жүрсе де өзін Қазақстанның өкілі, қазақ азаматы ретінде сезінетіндей жағдай жасау — біздің болашақтағы мәртебелі міндетіміздің бірі. Қазақстан азаматы қай жерде де өз ұлтының озық дәстүрлерін, тілін сақтаса, асыл қасиеттерін ардақ тұтса, атамекенге деген сезімін әлпештей білсе, туған халқы алдындағы перзенттік сезімін өтеп жүр деп білеміз» — деген сөздеріне талдау жасап, сабақтың тәрбиелік мақсаттарын іске асыруға болады.

Дүниежүзі қазақтарының Құрылтайында Қазақ диаспорасынан шыққан қайраткерлер дін зерттеуші, ғалым Халифа Алтай, ресейлік қоғам қайраткері Амангелді Төлеев, Германиядан келген Қаби Сульмер қатысып, құттықтады. Олардың сөздерін жеке-жеке оқушылар баяндайды. Алаш сыйлығының иегері Халифа Алтайдың Құрылтайды «Қазақ халқының тарихында алтын өріппен жазылатын оқиға» деп бағалағанын айтып, Құрылтайдың мәнін ашып көрсетуге болады.

Мұғалім оқушылардың назарын Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығын құру туралы Құрылтай шешіміне аударып, оның төрағасы болып Н. Ө.Назарбаевтың сайланғанын айтады. Мұғалім оқушыларды Құрылтайдың Қазақстан халқына және әлем халықтары мен өкіметтеріне қабылдаған үндеудің мазмұнымен таныстырып, Дүниежүзі қазақтарының I Құрылтайы туралы мәселеге қорытынды жасайды.

Екінші тақырыпша оқушыларға онша қиындық тудырмайды. Базалық білімге сүйеніп оқушылардың ойын дамыту, мәселеге өздігінен нақты талдау жасай білуге дағдыландыру мақсатында мынадай жоспар бойынша талдау жүргізіледі.

1. Қазақтардың дүниежүзілік II Құрылтайының ашылуы.
2. Құрылтайда қаралған мәселелер.

3. Құрылтайда қабылданған шешімдер.

4. Құрылтайда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Бұл Құрылтай қазақ халқының жаңа мыңжылдыққа біртұтас ұлт ретінде нық қадам басқанының белгісі» деген баяндамасы бойынша талдау.

— Дүниежүзі қазақтарының екі Құрылтайы аралығындағы Қазақстан Республикасының дамуындағы жетістіктері;

— Қазақстанның шетелдегі қазақ диаспорасы арасындағы байланыстың нәтижесі және мақсаты мен міндеті.

Ескерту. Қазақтардың II Құрылтайы туралы мәселе қосымша беріліп отыр. Сондықтан ол туралы мәліметтерді газет-журналдардан алу ұсынылады.

Дүниежүзілік деңгейдегі қазақтар мәселесі оқушылардың ізденісі түрінде жүргізіледі. Дайындалған баяндамалар оқылады (баяндамалар оқушыларға алдын ала беріледі, әдебиеттері көрсетіледі). Оқушыларға баяндамаларды тыңдап, қажетті мәселелерді дәптерге жазып, түсінбегендерін белгілеп және баяндаманың мазмұны туралы өз пікірлерін айтуға даяр отырулары ескертіледі.

Баяндама көлемі шағын (ұзақтығы 3-4 мин шамасында) үш немесе төрт баяндама жасалады. Олар оқулықта аты аталған қайраткерлерге арналғаны дұрыс.

Мәселе бойынша қорытынды жасалып оқушылардан жолдастары жасаған баяндамаларға баға беру сұралады. Дұрыс жасалған баяндамалардың мынадай белгілері болуы шарт: материалды тиімді іріктеп алу; қысқа уақытта қайраткерлердің әлем таныған тұлға екендігін көрсете білу; қайраткерлердің еңбектерін сөз еткен кезде сол тарихи кезеңнің ерекшелігімен байланыстыру, мүмкіндігінше өртүрлі материалды тиімді пайдалана білу; оқушының тілі жатық және нақты болуы. Мұғалім өзінің қорытынды сөзінде оқушылардың жасаған баяндамасына қысқаша баға береді және қайраткерлердің өмір тарихы туралы жазылған еңбектерді оқуды ұсынады.

Параграфтың келесі мәселесін қарастыру үшін өткен материалдармен байланыстыру сұрақтары қойылып, тапсырмалар беріледі.

1. Қазақ халқының көп бөлігінің шетел асуының себептерін атаңдар.
2. Қазақ диаспорасы көп шоғырланған елдерді картадан атап көрсетіңдер.

Осы сұрақтар мен тапсырмалар және оларға берілген жауап оқушылардың логикалық ойлау қабілетіне түрткі болады. Осы тұста мұғалім Қазақтардың дүниежүзілік III Құрылтайындағы Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың сөйлеген сөзіне тоқталады.

Ендігі міндет — оқушының ойын қозғауды ұйымдастыру. Кеңес Одағы тұсындағы әкімшіл-әміршіл жүйенің қыспағынан шетелге өтіп кеткен қазақтардың алғашқылары 1960—1965 жылдарда Маңғыстау, Атырау облыстарына, Қытайға өтіп кеткен қазақтар 1956—1962 жылдары Отанына орала бастауы туралы айта келіп, «Мәдени мұра» бағдарламасына тоқталады.

§ 36. ШЕТЕЛДЕРДЕГІ ҚАЗАҚТАРДЫҢ АТАМЕКЕНІНЕ ОРАЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Сабақтың мақсаты.

Қазақтардың тарихи Отанына оралу мәселесінің үкімет деңгейінде шешілуіне түсінік беру және кестені тақтаға түсіру

№	Заңның қабылдануы	Заңның мазмұны
1.	1991 ж., 18 қарашада ҚР Министрлер кабинетінің қаулысы	«Өзге республикалар мен шетелдерден Қазақстанға келіп, ауыл шаруашылығында еңбек етуге ниет білдірген жергілікті ұлт өкілдерін көшіріп алу тәртібі мен жағдайлары туралы.
2.	1993 ж., 15 сәуірде ҚР Президентінің қаулысы	«Иран Ислам Республикасынан және басқа мемлекеттерден Отандастарды көшіріп алуды ұйымдастыру шаралары және көші-қон квотасы туралы» .
3.	1992 ж. ҚР Президенті қабылдаған заң	«Көші-қон туралы».
4.	1993 ж., 21 сәуірде ҚР Президенті қабылдаған қаулысы	Оралмандарды тұрғын үймен қамтамасыз ету туралы.
5.	1998 ж., желтоқсанда ҚР қаулысы	Қазақстан БҰҰ-ның 1951 жылғы конвенциясына және 1967 жылғы босқындар статусы туралы хаттамасына қосылды.
6.	1998 ж., 16 қыркүйектегі ҚР Үкіметінің № 900 қаулысы	Қазақтардың тарихи отанына оралу тұжырымдамасы.

Келесі кезең оқулық мәтінімен өздік жұмыстар арқылы оқушылар қабылданған заңдарға сәйкес, қазақтардың Қазақстанға орала бастауын анықтайды. Бұл оқушының логикалық қабілетінің даму нәтижесін көрсетеді.

Параграфтың келесі тақырыпшасы — оралмандардың өзекті мәселесін пікірсайыс түрінде өткізуге болады. Өйткені оқушылардың ой нәтижесін көргеннен кейін, олардың алған білімдерін жинақтап, меңгерту кезеңі өтеді. Оқушылар екі топқа бөлінеді.

1-топ — оралмандардың өзекті мәселелерін көтереді.

2-топ — оларды шешудің жолдарын ұсынады.

Пікірсайыс әдісі арқылы оралмандардың өзекті мәселелерін нақты деректермен ашып көрсетіп, Қазақстан Республикасында оны шешу жөніндегі іс-әрекеттерге мысалдар келтіру. Осыдан кейін оқушылардың жинақталған білімі мен біліктілік сапасы жүйеленеді, сабаққа қорытынды жасалады.

Тақырыпты бекіту үшін қойылатын сұрақтар

1. Дүниежүзі қазақтарының I және II Құрылтайын өзара салыстырып сипаттама беріңдер.
2. Дүниежүзі қазақтарының Құрылтайы қазақ халқының біртұтас ұлт ретінде дамуына тигізген ықпалы қандай?
3. Қазақтардың тарихи Отанына оралу кезеңдерін атаңдар.
4. Қазақтардың тарихи Отанына оралуы қай уақыттан бері қарай үкімет деңгейінде шешіле бастады?
5. Оралмандардың өзекті мәселелері туралы айтып беріңдер.

Үйге тапсырма. § 41 материалдарын пайдалана отырып кестені толтыру.

Оралмандардың өзекті мәселелері	Өзекті мәселелердің тууы	Өзекті мәселелерді шешудің жолдары
1.		
2.		
3.		

VIII тарау. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЭТНОГРАФИЯСЫ

§ 37. ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ МАЛ ЖӘНЕ ЕГІН ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Сабақтың мақсаты. Этнология, этнография ғылымдары туралы түсінік беру, ХІХ ғасырдың соңынан бастап қазақ халқы мәдениетінің дами бастауы және ұлттық санамыз оянып халқымыздың құндылықтарын оқып үйренуіміздің қажеттілігі туралы мағлұматтар беру.

Оқушыларды шығармашылық жұмыс жасауға дағдыландыру.

Сабақ өткізудің әдісі. Зерттеу — іздену.

Жаңа сабақты оқушыларды қатыстыра отырып сұрақ-жауап арқылы түсіндіру. Оқушыларды 4 топқа бөлу. Мұғалім, алдымен, қазақ халқының этнология ғылымы туралы түсінік береді.

Этнология — тарих ғылымының бір саласы, халықтардың дәстүрлі мәдениетімен айналысатын тарих ғылымының бір саласы этнография — этнология дей келе, мәдениеттің 2 түрге — рухани және материалдық болып бөлінетіні туралы айтады. Сонымен қатар дәстүрлі мәдениет, ол қазақ халқының ертеден бастап мал шаруашылығымен шұғылдануы туралы түсіндіреді.

Оқушылар ауызша бір-біріне сұрақтар қояды. І топ — мал шаруашылығын зерттейді.

1. Мал шаруашылығы неше түрге бөлінеді?
2. Қазақстанның қандай аймақтарында мал шаруашылығының көшпелі түрі орналасқан?
3. Малдың түрлерін атаңдар.
4. Қой, жылқы, сиыр, ешкі, түйе сияқты түліктер Қазақстанның қандай аймақтарында өсірілген? Олардың пайдасы қандай?
5. ХІХ ғасырда мал шаруашылығында көшудің неше түрі болды? Олар туралы түсінік беріңдер.

ІІ топ оқушылары «Қазақтың дәстүрлі егін шаруашылығы» тақырыпшасы бойынша бір-біріне сұрақ қою арқылы дәлелдейді?

1. Егіншілік Қазақстанда қай кезеңнен бастап дами бастады?
2. Қазақстанның қандай аймақтарында егіншілік дамыды?
3. Қай ғасырда, неліктен егіншілік тоқырауға ұшырады?
4. Егіншіліктің қандай түрлері бар? Олар қалай аталады?
5. Жыртпалы және суармалы егіншіліктің бір-бірінен айырмашылығы қандай?

6. Қазақстанның қандай аймақтарында жыртпалы егіншілік дамыған?
7. Суармалы егіншілік Қазақстанның қандай аймақтарында қолданылады?
8. Егіншілік құралдары қандай және оларды қай кезеңде пайдаланады?

Үйге тапсырма. Аңшылық кәсіп пе әлде өнер ме, қалай ойлайсындар? — деген сұраққа ауызша жауап беріңдер.

§ 38. ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ ҮЙ КӘСІПШІЛІГІ МЕН ҚОЛӨНЕРІ

Сабақтың білімдік мақсаты. Қазақ қоғамындағы кәсіпшіліктің түрлері туралы түсінік беру. Олардың ерекшеліктері, айырмашылықтары және ұқсастықтарын мысалдар келтіру арқылы түсіндіру.

Сабақтың тәрбиелік мақсаты. Бұл сабақта оқушыларды үй кәсіпшілігі мен қолөнердің маңыздылығына, қажеттілігіне тоқталып, күнделікті өмірмен байланыстырып тәрбиелеу.

Сабақ өткізудің өдісі. Топқа бөліп, пікірсайыс арқылы сабақ жүргізу. Әр топқа 5 оқушыдан бөлінеді.

I. Шеберлер тобы (қыздар)	II. Ұсталар тобы (ұлдар)
<ol style="list-style-type: none"> 1. Үй кәсіпшілігі 2. Жүннен жасалатын бұйымдар 3. Киіз басу 4. Кілем тоқу 5. Ши, өрмек тоқу 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Темір ұсталығы 2. Тері илеу 3. Ағаш ұсталығы 4. Ұлттық қару-жарақтар 5. Ұлттық еңбек құралдары

Әрбір топтағы қыздар мен ұлдар алдын ала берілген тапсырмалар бойынша іздену-зерттеу арқылы қосымша материалдарды пайдаланып, өз еңбектерінің пайдалылығын дәлелдейді.

Әрбір топқа бір-бірден төреші сайланады. Оның міндеті атқарылған істі бағалау.

Сабақты мұғалім қорытындылайды.

Қазақ қоғамындағы шаруашылық пен кәсіпшіліктің түрі, негізінен, табиғи болды. Ол көшпелі және отырықшы тұрмысқа негізделіп жасалды. Әр қоғамда әртүрлі жағдайда дамыды. Ол адамзат баласының ақыл-ойының, өнерінің жетілуі мен дамуына байланысты болды.

Үйге тапсырма. Қазақтың қолөнері мен үй кәсіпшілігі бойынша әңгіме құрастыру.

§ 39-40. ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ ЗАТТЫҚ МӘДЕНИЕТИ

Сабақтың мақсаты. Қазақ халқының материалдық мәдени дәстүрінің дами бастағаны Андронов мәдениетінен басталғаны туралы айта келіп, сақ, ғұн, үйсін, қаңлы тайпалары мәдениеттерінің қазақтың дәстүрлі мәдениетінің қалыптасуына зор әсері болғандығын, бүгінгі Қазақстан жерін және көрші аймақтарды мекендеген таза түркілік этностар мен мемлекеттер тұсында қазақ халқының дәстүрлі материалдық және рухани мәдениеті ерекше дамып қалыптасқаны туралы түсіндіру.

Сабақ өткізудің әдісі. Модульдік әдістің бір түрі — сөйлесу әдісін пайдалану.

Сабақ 90 минутқа есептеледі.

Кездесу сабағы. Бұл сабақты ұйымдастыру үшін алдын ала әртүрлі ұлт өкілдерінен, мамандығы да әртүрлі адамдарды шақыру. Сөз кезегі келген қонақтарға беріледі. Ең алдымен, қазақтың дәстүрлі материалдық мәдениетінің ең бір көрнектісі және көнесі — киіз үй құру. Ол туралы еңбек пәні мұғалімі сөйлейді:

1. Киіз үйдің құрылысын киіз үйдің суретіне немесе макетіне қарап түсіндіреді.

Киіз үйдің құрылысына жататындар: қанат, қаңқа, кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық, туырлық, желбау, аяқ бау, таңғыштар, бау-басқұрлар. Киіз үйдің құрылысы туралы мәліметтерді оқушылар дәптерлеріне жазып алады.

2. Қазақтың дәстүрлі киімдері мен әсемдік заттары туралы тігінші және зергер сөйлейді.

Олар өз сөздерінде ұлттық дәстүрлі киімдерге тоқталады және оларды әртүрлі суреттерден көрсетіп, түсіндіреді.

Ерлердің киімдері — ішік, тон, шапан, күпі, шалбар, кебенек, шекпен; ерлердің баскиімдері — тымақ, бөрік, тақия, қалпақ, жалбағай; ерлер аяқкиімі — мәсі, етік, саптама, кебіс, шәрке. Түсіндіру барысында оқушылар дәптерлеріне жазып отырады.

3. Әйелдер киіміне қыздар тобы тоқталады. Әйелдердің киімдері — қос етектегі көйлек, камзол, белдемше, шапан, кестелі тон.

Қазақ әйелдерінің баскиімдері — кимешек, күндік, жаулық, сәукеле, байлауыш, шылауыш, тақия, бөрік тақия; әйелдердің аяқкиімдері — мәсі, етік, кебіс.

4. Келесі сөз кезегі ұлттық тағамдар, ыдыс-аяқтар туралы қыздар тобы мен ас әзірлеушіге беріледі. Олар әдейі дайындалған тағамдар мен «Қазақтың ұлттық тағамдары»

деген әртүрлі суреттер жинағын пайдаланып түсіндіреді. (Әдетте, мұндай кезде көрме ұйымдастырылады, сол көрмені пайдалануға болады).

5. Әскери шені бар немесе мектептегі әскери дайындық сабағын беретін мұғаліммен кездесу ұйымдастырып, ұлдар тобын қатыстыра отырып сұрақтар қою арқылы тақырыпшаны ашу.

Тірек ұғымдары. Оңдық, жүздік, мыңдық, түмен, байрақшы, ту, садақшылар, найзагерлер, айбалташылар, қылышкерлер, кернейшілер, дабыл, дауылпаз.

Қару-жарақ түрлері. Садақ, найза, сүңгі, қылыш, семсер, сапы, айбалта, шоқпар, кездік, қанжар, арқан, сауыт, дулыға, қалқан, т. б. сөздерге тоқталып, түсіндіру. Оқушылар мұның бәрін дәптерлеріне жазып алады.

Үйге тапсырма. § 39-40 материалдарын қайталап оқу. Кесте сызу.

§ 41. ҚАЗАҚТЫҢ ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАРЫ МЕН САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІ

Сабақтың мақсаты. Салт-дәстүр дегеніміз — халықтық жөн-жоралғыларының ұстанымдары. Салт-дәстүрлер халықтың өмір-тұрмысынан, шаруашылық тіршілігінен, қалыптасқан қоғамдық қатынастарынан, дүниетанымынан туындайтын мәдени құбылыс екендігі туралы түсінік беру және ұлттық дәстүрлерді сақтауға, сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеу.

Жаңа сабақ оқушыларды топқа бөліп, алдын ала қосымша әдебиеттерден ізденіп, шығармашылық жұмыстар жүргізу арқылы өткізіледі. Сонымен қатар көріністер дайындауға болады.

I топ салт-дәстүрлер	II топ «Баланы жастан»	III топ Өлген адамды жерлеу	IV топ Наурыз мерекесін қарсы алу
<ol style="list-style-type: none"> 1. Бесікке салу 2. Жеті ата 3. Шашу 4. Сүйінші 5. Көрімдік 6. Ат қою 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Қыз ұзату, келін түсіру 2. Құдалық, қалыңмал 3. Ілу, тоймал 4. Тоймал, сұтақы 5. «Өлтірі» 6. Беташар 7. Ұзату тойы 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Иман айту 2. Естірту 3. Қонақасын беру 4. Жаназасын шығару 5. Жетісін беру 6. Қырқын беру 7. Жылын беру 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Табиғатқа табыну. 2. Жаңару, тазару күні. 3. Наурыз-көже.

Қазақтың көктемгі күн мен түннің теңелу мерзімі — 22 наурызда өтетіндігін әңгімелеу.

Осы 4 топ өздеріне берілген тапсырмалар бойынша кесте-сұлба сызып, толтырып тақтаға іліп қою арқылы өз тапсырмаларын дәлелдеп түсіндіреді. Әр топқа оқушылар қосымша сұрақтар қояды. Сонымен қатар әр топ оқушылары «Бесікке салу», «Беташар», «Наурызкөже» туралы көріністер жасайды. Әр топқа 10—15 мин уақыт бөлінеді.

Қорытынды сөзді әділ қазылар анықтайды. Әр топтың дайындығы дәлелденіп, тиісті жүлделі орындар беріледі.

Үйге тапсырма. VII тарау бойынша қайталау. Айтылмаған салт-дәстүрлерге байланысты қосымша материалдар издестіріп, әңгіме құрастыру.

IX тарау. ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ (1991—2011 жж.)

§ 42. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САЯСИ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР

Сабақтың мақсаты. Тәуелсіз Қазақстан Республикасының басқару органдарының құрылымы мен қызметтерін білу, өзіміздің қандай мемлекетте өмір сүріп отырғанымызды, ол мемлекет өзінің алдына қандай мақсаттар мен міндеттер қойып отырғанын түсіндіру, және дербес өмір сүруге әзірленіп жүрген жас ұрпақты мемлекеттік, және қоғамдық өмірге белсене қатысатын саналы азамат, қайраткер етіп тәрбиелеу үшін республикамыздың Заңдарын оқып үйренуге міндетті екендігін ұғындыру және Қазақстан азаматтарының құқықтары, бостандықтары мен міндеттерін, оны пайдаланудың жолдары мен тәсілдерін оқушылардың сана-сезіміне жеткізу, құқықтық білімін қалыптастыру.

Сабақ өткізудің әдісі. Тірек ұғымдар бойынша тақтаға сұлба-кестелерді пайдаланып, оқушыларды бірнеше топқа бөлу арқылы топтық сабақ түрін өткізу.

Тірек ұғымдар.

1. Қазақстан Республикасының саяси жүйесіндегі өзгерістер.
2. Мемлекеттік рәміздер.

3. 1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясы, оның 1993 жылғы Конституциядан ерекшелігі.
4. Азаматтық құқықтар мен бостандықтар.

Көрнекі және дидактикалық құралдар. Қазақстан Республикасының Конституциялары (кітапшалар). Мемлекеттік рәміздердің суреті. Өртүрлі кесте-сұлбалар. Н.Ә.Назарбаевтың «Ғасырлар тоғысында» еңбегі.

Оқушылар 5 топқа бөлініп, тапсырмалар бойынша зерттеу, ізденудің нәтижесінде өз дайындықтары мен ой-пікірлерін ортаға салып, білім деңгейлерін көрсетеді, дағдыларын дамытады. Конференция сабағын өткізеді.

Мұғалімнің кіріспе сөзі. 1991 жылы КСРО ыдырады. Бұрынғы Одақтас республикалардың барлығы да өздерін тәуелсіз мемлекет деп жариялады. 1991 жылғы 16 желтоқсанда Қазақстанның да мемлекеттік тәуелсіздігі жария етілді. Бұл орайда қабылданған Заңда «Қазақстан Республикасы тәуелсіз мемлекет ретінде өз аумағында бүкіл билікке ие болады, өзінің ішкі және сыртқы саясатын дербес анықтап, жүзеге асырады. Жеріміз бөлінбейді және оған ешкім қол сұға алмайды. Барлық ұлттардың азаматтары енді біртұтас Қазақстан халқы болып табылады. Мемлекеттік өкімет Қазақстан халқының еркіне негізделген» — делінген.

1992 жылы 11 желтоқсанда Қазақстан Республикасының тұңғыш мемлекеттік Гимні бекітілді. Ал 2006 жылғы 7 қаңтарда Қазақстан Республикасы Гимнінің жаңа мәтіні жаңа өзгерістермен қайта қабылданды.

Заң барлық азаматтардың ұлтына, тегіне, қызмет түріне, мекеніне қарамастан, тең құқықтары мен бостандықтарына ие болатынын жариялады. 1995 жылғы Конституцияның 1-бабында көрсетілгендей, Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады; оның ең қымбат қазынасы — адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары. Жаңа қабылданған негізгі Заңда атқарушы, заң шығарушы органдардың және соттың қызметі нақты атап көрсетілді.

Ендігі жерде кезек оқушы топтарына беріледі.

I топ — «Мемлекеттік билік және мемлекеттік басқару құрылымы» туралы материалдарды пайдаланып, өз түсініктерін ортаға салады.


Сонымен, 1995 жылғы Жаңа Конституция бойынша Қазақстан — басқарудың президенттік нысанындағы унитарлы мемлекет болып табылады. Мемлекеттің бірден-бір қайнар көзі — халықтың өзі, — деп қорытындылайды олар.

II топ — 1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясы — демократиялық, өркениеттік даму жолына түскен мемлекет пен қоғамның негізгі, басты нормативтік актісі. Ол 9 бөлімнен тұрады. Бұл Конституцияның ерекшелігі — ол, бір жағынан, мемлекеттің, екінші жағынан, қоғамның негізгі Заңы. Барлық Қазақстан азаматтары, басқару органдары, кез келген лауазымды тұлғалар, жергілікті басқару органдары Конституцияны тікелей басшылыққа алып, оның президенттік-парламенттік басқаруға көшуге байланысты өз ойларын ортаға салады.

1995 жылғы Қазақстан Республикасы Конституциясының құрылымын электронды слайд арқылы көрсету



Интерактивті тақта бойынша кестені слайдпен көрсету



Кезек III топ оқушыларына беріледі. Олар «Республика азаматтарының конституциялық құқықтары мен бостандықтары туралы» мәліметтер береді. Осы жөніндегі жасалған кестені пайдаланып, Конституцияның 15—23-баптарына тоқталады. Пікір алмасып, ойларын дәлелдей түсу үшін «Азаматтық құқықтар мен бостандықтар (Конституцияның 15—23-баптары)» тірек сұлбасы үлкейтіліп, тақтаға ілінеді.

Сұлбамен жұмыс істеу барысында оқушылар Конституцияның 14, 10, 17-баптарына тоқталып, олардың маңызын түсіндіреді. Мысалы, 10-бапта: «Республиканың азаматын ешқандай жағдайда азаматтығынан, өзінің азаматтығын өзгерту құқығынан айыруға, сондай-ақ оны Қазақстаннан тыс жерлерге аластатуға болмайды», — делінген.

Өйткені адамды өз мемлекетінің азаматтығынан айыру, оны туған елінен аластату, табиғатқа жат құбылыс. Адамның өз елінде тұруы табиғи құқық. Сондықтан Қазақстан Республикасының Конституциясы адамды азаматтықтан айырып, Отанынан қуып жіберуге тыйым салады. Сонымен бірге мемлекет аумағынан тыс жерлерде өз еркімен тұратын азаматтарға қамқорлық жасап, олардың құқықтары мен бостандықтарын қорғап отырады. Конституцияда адамның ар-ұжданы мен қадір-қасиеті жоғары сатыға көтерілген. Сондықтан Конституцияда: «Адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды» (17-бап) — деп жазылған. Заң қорлаушылықты қылмыс деп тауып, адамның ар-ұжданы мен қадір қасиетін кемсітушілікке тыйым салады деп, оқушылар бұған мысалдар келтіру арқылы, өз ойларын дәлелдейді.

Үйге тапсырма. § 42 материалдарын қайталау (Қазақстан Республикасы Конституциясы).

§ 43. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЙЛАУ ЖҮЙЕСІ


Мұғалімнің кіріспе сөзі. Демократиялық мемлекет құру мақсатымен Қазақстан азаматтарына саяси маңыздылығы кең көлемдегі құқық пен бостандығына кепілдік берілген. Мемлекетті ұйымдастырудың ең маңызды мәселесі — өкілдік, яғни басқару органдарын құру. Ол төменнен жоғарыға қарай сайланады. Сайлауға 18 жасқа толған азаматтардың барлығы қатысады. Олардың жынысына, ұлтына, нәсіліне, біліміне, қызмет жайына, т.б. ерекшеліктеріне қарамастан сайлауға қатыса алады.

Сайлаудың шешуші кезеңі — дауыс беру. Дауыс беру тек қана сайлау бюллетенін жәшікке тастай салу емес, ол азаматтық борыштың актісі. Сайлаушылар қазір депутаттыққа кандидаттарға, олардың бағдарламаларына сын көзімен қарайды. Депутаттыққа кандидаттардың адамдарға, олардың ой-өрісіне, білім дәрежесі мен іскерлігіне, заңды білу деңгейіне байланысты дауыс береді. Қазір, бізде сайлауға дайындық пен оны өткізу ашық және жариялы

түрде іске асырылады. Тікелей және өздері сайлаған өкілдер арқылы халық ел басқару ісіне қатыса алады.

Оқушылар мына кестемен танысып, сайлау жүйесі туралы өз ойларын ортаға салады.

Қазақстандағы сайлау жүйесі



Сайлау жергілікті өкілетті органдар жүйесі, қоғамның саяси жүйесін одан әрі демократияландыруға зор ықпалын тигізеді.

Сынып оқушылары Қазақстандағы саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктер жөніндегі сұлба-кестені пайдаланады. Қазақстанда сайлау жүйесі қоғамды демократиялық бағытта дамытуға жол ашты. Көптеген партия мүшелері өз кандидатураларын ашық түрде Президенттікке, Парламентке ұсынуға құқылы, ерікті. Елімізде көптеген саяси партиялар мен ұйымдар бар. Олар мыналар: («Қоғамдық бірлестіктер туралы» кесте қосымша ілінеді.)

1. 1991 ж.	«Қазақстан Социалистік партиясы»
2. 1991—99 жж.	«Алаш» — Қазақстан ұлттық партиясы
3. 1991 ж.	«Қазақстан Халық Конгресі партиясы»
4. 1991 ж.	«Қазақстан Коммунистік партиясы»
5. 1998 ж.	«Қазақстан азаматтық партиясы»
6. 1999 ж.	«Қазақстан халықтық республикалық партиясы»
7. 1999 ж., 13 қаңтар	«Отан» Республикалық саяси партиясы
8. 1999 ж.	«Қазақстан аграрлық партиясы»
9. 1999 ж.	«Қазақстан демократиялық партиясы»
10. 2000 ж., 30 қаңтар	«Ауыл» шаруа социал-демократиялық партиясы
11. 2000 ж.	«Қазақстан патриоттары партиясы»
12. 2002 ж.	«Ақжол» Қазақстан демократиялық партиясы

13. 2003 ж.	«Руханият» партиясы
14. 2003 ж., қазан	«Асар» республикалық партиясы
15. 2006 ж., 22 желтоқсан	«Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясы

Бұл партиялардың дүниеге келуі саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдардың саяси және мәдени жағына дамуына байланысты.

Мұғалім: — Саяси мақсаттарды көздеген өртүрлі партиялар мен қоғамдық бірлестіктердің құрылуының маңызы зор. Олар мемлекеттің даму өміріне араласа алады, өз ұсыныстары мен пікірлерін бағдарламалар арқылы жеткізе алады. Азаматтар бұл партия мен бірлестіктерге өз еріктерімен мүше болады, ерікті түрде жарна төлейді. Олардың мақсаты әлеуметтік, мәдени, кәсіби міндеттерді шешуге бағытталған жұмыстарды ұйымдастыру.

Мұғалім интерактивті тақтаны пайдалану арқылы кесте-сызбаны сызып түсіндіреді.

Р/с	Сайлаудың өтілетін күні, айы, жылы	Дауысқа түскен кандидаттар	Қатысқан адамдардың саны, %	Жеңген кандидат
	ҚР Президентін сайлау 2005 ж. 4 желтоқсан	1. Е. Өбілқасымов 2. Ө. Бөйменов 3. М. Елеусізov 4. Ж. Тұяқбаев 5. Н. Назарбаев	76,78%	Н. Ө. Назарбаев 91,15%
	ҚР Президентін сайлау 2011 ж. 3 сәуірде өтті	1. Н. Назарбаев 2. Ж. Ахметбеков 3. М. Елеусізov 4. Ғ. Қасымов	89,99%	Н. Ө. Назарбаев 95,55%

Мұғалімнің қорытынды сөзі: 2011 жылы кезектен тыс сайлауда Елбасына, оның ел экономикасын одан әрі қарқынды дамуына, ұлттық қауіпсіздік пен әлеуметтік тұрақтылықты бекітуге арналған, индустриалды-инновациялық дамуға байланысты 2020 жылға арналған жоспарын жүзеге асыруға Тәуелсіз Қазақстан Республикасының халқы толықтай сенім білдірді.

Үйге тапсырма:

1. Оқулық материалы — IX тарау, § 42—43.
2. «Қазақстан Конституциясы». 1995 ж.

3. Ғ.Сапарғалиев. Құқық негіздері туралы.
4. Оқулықтағы сұрақтар мен кестені толтыру.
5. 2005 жылғы 4 желтоқсандағы және 2011 жылғы 3 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Президентін сайлауы туралы мәлімдеме жасау.

§ 44. НАРЫҚТЫҚ ЭКОНОМИКА ҚАТЫНАСТАРЫ

Сабақтың білімдік мақсаты. Оқушыларға экономикалық реформалар, нарық және нарықтық экономикаға көшудің алғашқы шарттары, нарықтық серіктестіктердің, ұлттық валютаны енгізудің маңыздылығын ашып көрсету.

Сабақтың тәрбиелік мақсаты. Демократизмге тәрбиелеу. Оқушылардың дүниеге, қоғамға көзқарасын бүгінгі өмірмен байланыстыра оқыту.

Тірек ұғымдар. Нарықтық экономиканы құрудың алғашқы қадамдары, мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру бағдарламасын енгізу, ұлттық валютаның айналысқа енгізілуі, аграрлық сектордың нарықтық қатынасқа көшуі, мемлекеттің әлеуметтік саласында жүзеге асырылған өзгерістері.

Көрнекі және дидактикалық құралдар. Сұлба-кестелер, қосымша газет материалдары; Президент Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы», «Қазақстан—2030» стратегиялық даму бағдарламасы.

Оқушылардың білім деңгейін көтеруге арналған семинар сабағы.

Мұғалім: — Қазақ халқы ғасырлар бойы аңсаған Қазақстанның тәуелсіздігін жариялаудың тарихи маңызы неде?

Оқушылардың жауаптары:

- Қазақстан мемлекет ретінде БҰҰ құрамына кірді;
- республика экономикасы нарық қатынастары негізінде экономикалық өрлеу жолына түсті;
- Қазақстан халқы азаматтық еркіндікті, әлеуметтік теңдікті сезінді, демократизмге жол ашылды;
- тарихи «ақтаңдақтардың» сырлары ашылды; жазықсыз жазаланғандар ақталды;
- шетелдерге тентіреп кетуге мәжбүр болған Қазақстан азаматтары Отанына қайта орала бастады.

Бұл кезеңде мұғалім: — «Қазақтың ұлттық мемлекеттігін қалпына келтіру кезеңдері» туралы тапсырманы оқушылардың дәптерлеріне жазғызады. Сыныпқа «Қазақ»

стан экономикасы тоқырау жағдайында болды, оның себептері мен салдарлары қандай еді?» — деген сұрақ қояды.

Оқушылар кезек-кезек төмендегідей жауаптар қайтарады:

— халық тұтынатын тауарларды шығаратын өндірістердің тоқтап қалуы;

— өнімнің күрт төмендеуі;

— тауар тапшылығының ұлғая түсуі;

— қаржы жүйесінің бей-берекеттігі;

— технологияның ескіріп, құрал-жабдықтардың жетіспеуі;

— энергия көздерінің жетіспеуі;

— экономикалық байланыстардың үзілуі.

Мұғалім: — демек, балалар, елдегі экономикалық дағдарысты тоқтату үшін экономикалық реформаны жүзеге асыру қажеттігі туған екен. Ол үшін нені дамыту қажет?

Оқушы: — нарықтық экономиканы қалыптастыру, дамыту керек. Нарық дегеніміз — өнім шығарушылар мен өнімді тұтынушылардың, сұраныс пен ұсыныстың арасындағы қатынас, олардың өзара тығыз байланысы. Нарық — экономикалық өмірдің өзегі және демократияландырудың негізі.

Мұғалім: — Қазақстан экономикасын тұрақтандыру мақсатында 1993 жылы қандай маңызды екі шешім қабылданды?

Бірінші оқушы: — Республикадағы мемлекеттік меншік түрлерін мемлекет иелігінен алып, жекешелендіруге көшу.

Екінші оқушы: — Ақша күрт құнсыздана бастады. Республикадан құнды тауарлар жан-жаққа тасылып, Ресейден, Қытайдан, Балтық жағалауындағы елдерден құнсызданған тауарлар республикаға ағыла бастады. Бұл Қазақстанның экономикасын дамыту үшін өте тиімсіз болды. Сондықтан Қазақстанда жаңа ұлттық валютаны енгізу бағытында жұмыс жүргізілді.

1993 жылдың 15 қарашасында республиканың өз ұлттық валютасы — теңге айналымға енгізілді. Бұл елдің өзіндік қаржы жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік туғызды. Ұлттық банк тарапынан реформа барысын реттеп отыру үшін қажетті құжаттар әзірленді. Осылайша, біздің еліміз ескі рубльдік аймақтан шықты. Ескі үлгідегі, яғни 1961—1992 жылғы рубль банкноты айналымнан біржола алып тасталды.

Мұғалім: — Осылайша, нарықтық қатынастың құрамдас бөлімінің бірі банк жүйесін реформалау басталды. Рес-

публикада бірнеше банк құрылды. Олар мемлекет бақылауынан шығарылып, дербестігін алды. Сондай-ақ жеке коммерциялық банктер де құрылды. Мемлекет нарыққа қаржы беру, салық, ақша-қаражат, валюталық және кедендік заңдылық арқылы әсер етеді. Еліміздегі банк аттарын атай аласындар ма?

Оқушылар: — Ұлттық банкі, Тұран Әлем банкі, Қазкоммерцбанкі, Альянс банкі, Алматы сауда-қаржы банкі, Темір банкі және тағы басқалар.

Оқушы: — Нарыққа көшудегі шешуші фактордың бірі — өнімнің бағасы. Нарықта бағаны мемлекет реттемейді; бағаны өз дербестігін әрбір кешен өзінің өніміне бағаны өзі қоюға құқылы. Оның ұстанымы бұзылса, оның дербестігі, ынтасы жойылады.

Мұғалім: — олай болса, балалар, қоғамның экономикалық дамуын реттеуші мемлекет емес, нарық екен. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан—2030» стратегиялық даму бағдарламасында еліміздің экономикасын реформалаудың негізгі стратегиялық бағыттарын анықтап берді. Жеті түрлі бағыттың бірі — экономиканы дамытуда түбегейлі бетбұрыстар мен өзгерістер жасау. Жекешелендіру үдерісіне көшу. Бұл бағыттағы бағдарламаны жүзеге асыру үш кезеңге белгіленді. Оқушыларды қатыстыра отырып, үш кезеңге арналған кесте жасалады.

Кезеңдері	Жекешелендіру бағдарламасы
1	2
I кезең бойынша	Ескі мемлекеттік меншікті таратып, жеке меншікті орнықтыру, шағын кәсіпорындар, жекеменшік дүкендер, шаштараздар, моншалар, сән ательесі, тіс дәрігерлік емханалар, мейрамханалар және т. б. дүниеге келді. Сонымен қатар ірі компаниялар, фирмалар, акционерлік қоғамдар, өртүрлі фермерлік шаруа қожалықтары құрыла бастады, жеке банктер құрылды.
II кезең бойынша	1994 жылдан бастап мемлекеттік тұрғын үйлерді жекешелендіру басталды. Республика азаматтары жан басына 100 купоннан алып, оны орта және ірі кәсіпорын иелерінің біріне құю мүмкіндігіне ие болды. Бірақ купонның үлес пайдасы қайтарылмады, ол қағаз жүзінде қалып қойды. Дегенмен шағын жекешелендіру халықты өзіне көбірек тарту мақсатында жүргізілді. Қазақстандағы шағын және орта бизнесті дамытуға ықпал етті.

1	2
III кезең бойынша	Жеке жобаларға байланысты жекешелендіру үдерісі ірі мекемелерді (5000-нан астам жұмысшысы бар) қамтыды. Сөйтіп, 1994 жылдан бастап ірі мекемелер шетелдік басқаруға беріле бастады. Келісімшарт 5 жылдан 10 жылға дейінгі мерзімге жасалды. 1994 жылы отандық және шетелдік компаниялармен 50-ге жуық келісімшарт жасалды. Республиканың ең ірі деген кәсіпорындарын қамтитын 30 келісімшарт нақты іске асты.

Қазақстанда жекеменшік шаруашылықтардың көбеюі

I кезең (1991 ж.)	3500 кооператив 15000 шағын кәсіпорын 11000 шаруа қожалығы 7000 кәсіпорын, оның 5000 жуығы сауда және қызмет көрсету саласында 160 банкі 37 биржа
II кезең (1994 ж.)	Жекеменшік сектор 90%-ға дейін өсті. Ауыл шаруашылығында жеке сектордың үлесі 35%-ды құрады, акционерлік қоғамдар құрылды.

Оқушылар сабақ барысында осы кестелерді толықтыра отырып, дәптерлеріне түсіреді. Сыныпқа қойылатын сұрақ: Қазақстан халықтарының әлеуметтік жағдайы неліктен нашарлады?

Оқушы жауабы: — Өкімшілік құқық органдарының заңсыз әрекеттері, азық-түлік пен тауар өнімдері бағасының қымбаттауы, жұмыссыздықтың көбеюі.

Мұғалім оқушының жауабын толықтырып, экономикалық нарықтық қатынастың дамуы Қазақстанның әлеуметтік саласына да өзгерістер енгізді. Өзгерістің алғашқы белгісі — жұмыссыздық пен кедейшілік. Ал нарықтық жағдайда бұл мәселені мемлекет емес, сұраныс пен ұсыныс заңдары шешетін болды. Бүгінде әр жұмыс күші иесінен жоғары мамандық, жан-жақты іскерлік, шығармашылық, ізденіс пен тапқырлық, кез келген мәселені шешуде белсенділік талап етіледі. Нарықтық қатынастарға көшу жағдайында өкімет халықтың белгілі бір табына материалдық жәрдем көрсету саясатын жүргізіп отыр. Мұндай көмекті кімдер алады?

Оқушылар: — зейнеткерлер, жалғызбасты аналар, көпбалалы отбасылар, балалар, мүгедектер.

Мұғалім: — Тұрмысы төмен отбасыларға өкімет тарапынан қандай жәрдем беріледі? Мемлекет әлеуметтік жәрдемді өмір сүру деңгейі нашар азаматтарға ғана көрсетеді. Ол үшін мемлекеттің арнайы комиссиялары күнкөріс деңгейін мезгіл-мезгіл анықтап отырады. Мұндай әлеуметтік жәрдем бала тууына, мүгедектікке ұшырауына, жұмыссыздыққа, асыраушысынан айырылған жағдайларға байланысты беріледі.

Мұғалім: — Қазақстанда бюджеттік қаржыландырудан әлеуметтік қамсыздандыруға көшу саясаты жүзеге асырылуда. Бұл саясат зейнеткерлік реформаның дамуына қажетті жағдай жасауға, салауатты өмір салтын қалыптастыруға, білім беру жүйесін нығайтуға, жұмыссыздықпен, кедейлікпен күрес шараларын күшейтуге бағытталған.

Әлеуметтік реформаның бір түрі — зейнетақы реформасы. 1997 жылғы 20 маусымда Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамтамасыз ету туралы» Заңы жарияланды. Осы заңды орындау туралы Республика Үкіметінің 1997 жылғы 27 қыркүйектегі қаулысы негізінде Мемлекеттік зейнетақы жинақтаушы қоры (МЗЖҚ) құрылды. Оның негізгі қызметі зейнетақы жарналарын жинау және зейнетақы төлеу; зейнетақы активін қалыптастыру.

Зейнетақы жинақтаушы қоры және 14 мемлекеттік емес ЗЖ қоры бар. Олардың құрамында (ЗЖҚ-да) 3 млн-нан астам салымшылар бар. Баспасөзде жарияланған мәліметтерді пайдаланып, оның маңызын түсіндіру және оқушы дәптерлеріне жаздыру.

Үйге тапсырма

1. Н.Ә.Назарбаев. «Қазақстан—2030» стратегиялық даму бағдарламасы.
2. Аграрлық сектор және зейнетақы реформалары, денсаулық сақтау жүйесі бойынша реферат жазу.
3. Оқулық материалы: IX тарау, § 44.
4. Оқулықтағы қосымша деректерге көңіл аударып, түсініп оқу.

§ 45. ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ҚАУЫМДАСТЫҚ

Сабақтың мақсаты. Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы құрылуының маңызы мен Н.Ә.Назарбаевтың ұсынысы бойынша шетелдердегі қандастарымызға, мемле-

кеттік қолдау көрсету бағдарламасының қабылдануы туралы түсініктер беру.

Қазақстанның геосаяси жағдайы — елдің қауіпсіздігін сақтау, елдің дамуы үшін сыртқы қолайлы жағдайларды қарастыру және оны тиянақтау туралы мағлұмат беру.

Қазақстан және халықаралық ұйымдар арасындағы қарым-қатынастарда көпшілік таныған нормаларды қалыптастыру жөніндегі оқушылардың өзіндік көзқарасын анықтау.

Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметінің негізгі міндеттерін түсіндіру.

Қазақ халқының әлемнің әр түкпірінде Еуропа елдерінде, Түркия, Қытай, Иран, Моңғолияда тарыдай шашылып жүрген отандастарымыздың ішінде әлем таныған ірі тұлғалар, қайраткерлер туралы мәліметтер беру.

Сабақ өткізудің әдісі. Аралас сабақ.

Сабақ жоспары:

1. 1992 жылы 28 қыркүйек пен 4 қазан аралығында Алматыда өткен Қазақтардың Дүниежүзілік I Құрылтайы.
2. Ұлттық бірігу орталығы — Дүниежүзі қазақтар қауымдастығының құрылуы.
3. Н.Ә.Назарбаевтың ұсынысы бойынша шетелдердегі қандастарымызға Мемлекеттік қолдау көрсету бағдарламасының қабылдануы.

Жаңа сабақты мұғалім түсіндіре отырып, өткен тарауларда тереңірек әңгіме болған қазақ халқының тарихындағы тағдырлары күрделі, ірі тұлғалардың бірі, күрескер, қайраткер әрі қаламгер Мұстафа Шоқай, ислам дінін таратушы Халифа Алтай, Дәлелхан қажы Жаналтай, белгілі оқымысты Хасен Оралтай туралы «Қазақ диаспорасынан шыққан қайраткерлер» деген кесте дайындауға барлық сынып оқушыларын қатыстыра отырып кіріскені жөн. Мұндай әдіс өткен сабақтар мен жаңа сабақтың арасындағы өзара байланысты кеңейте түседі. Оқушылар өткен сабақ материалдарын еске түсіру арқылы алған білімдерін нық бекітетін болады. Мұның жаңа сабақтың мазмұнды да қызықты өтуіне тигізер әсері мол.

Дәлелхан Жаналтай мен Хасен Оралтай туралы кестені оқушылардың өздеріне үйден толтыруға тапсырма беріледі.

Қазақ диаспорасынан шыққан қайраткерлерді слайд арқылы түсіндіру

Мұстафа Шоқай	Халифа Алтай
<p>1. Қазақ халқының тарихындағы тағдыры күрделі ірі тұлға, күрескер, қайраткер әрі қаламгер Мұстафа Шоқай.</p> <p>2. Ол өзінің өмірін Орта Азия мен Қазақ халқының бостандығы, тәуелсіздігі жолындағы күреске арнады.</p> <p>3. Мұстафа Шоқай Қазақ жерінде Түркістан ұлттарының тәуелсіз мемлекет болуы жолында күресті.</p> <p>4. 1920—22 жылдары Түркия мен Францияда болуы.</p> <p>5. 1928 жылы Парижде «Жас Түркістан» журналын басқарды. Оның мақалалары Стамбұл Париж, Берлин, Лондон, Варшавада ағылшын, француз, түрік тілдерінде жарияланып тұрды.</p> <p>6. Ол шетелде эмиграцияда жүргенде мұсылмандардың көсеміне айналды. Ол 20 жыл өмірін Батыс Еуропа елдерінде өткізді, саналы өмірін Кеңес өкіметіне қарсы саяси күреске арнады. Түркістан халқының бостандық пен тәуелсіздігіне арнады.</p>	<p>1. Түркиялық ғұлама ғалым, ислам дінінің білгірі және оны одан әрі таратушы Халифа Алтай.</p> <p>2. Ол жаппай ұжымдастыру кезінде шетелге қоныс аударған. Сонау Такла-Макан шөлі арқылы, Тибет пен Гималай тауынан асып, Үндістан мен Тәжікстанға барады. Түркия жеріне барып тұрақтайды.</p> <p>3. Қазақтарға арнап діни кітаптарды аударумен шұғылданады. Шетел баспаларында «Қазақ түріктеріне тән шежіре», «Кәлам Шәриф», «Құран жолы және иманның шарттары», «Құран Шәриф»... т.б. еңбектері жарық көреді.</p> <p>4. «Құранды» кириллица әрпімен қазақ тілінде көшіріп, Сауд Арабиясы ислам бірлігі ұйымының көмегімен басып шығарады.</p>

Мұғалім Дүниежүзі қазақтарының ІІ—ІІІ Құрылтайларына тоқталып, тереңірек мәліметтер береді.

Оқушыларға ауызша сұрақтар беруге болады:

1. Дүниежүзі қазақтарының ІІ Құрылтайы қашан болды? Онда қозғалған негізгі өзекті мәселелер қандай еді?
2. Дүниежүзі қазақтарының ІІІ Құрылтайы қашан өтті?
3. Н.Ә.Назарбаев қандай мәселеге тоқталды?

Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы құрылып, оның төрағалығына Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев тағайындалды. Ол өз сөзінде бүгінгі қауымдастықтың басты мақсаты — бүкіл әлемдегі қазақ қауымының болашағы жөнінде ой бөлісу, ұлтымыздың 3,5 млн-ы әлемнің 40-тан астам елінде өмір сүріп жатқандығына тоқталып, оларды өз Отанына қайтару туралы айтты.

Қорытындылау. Қазақстанның дипломатиялық қызметі 1991 жылдан 2001 жылға дейінгі 10 жыл ішінде күрделі даму жолынан өтті. 1991—1993 жылдары Қазақстан халықаралық құқық субъектісі ретінде әлемдік қауымдастыққа ену шараларын жүзеге асырды, дүниежүзіндегі жетекші елдермен ынтымақтастықтың келісім-құқықтық базасын қалыптастырды.

1994—1997 жылдары сыртқы саясат қызметінде мықты құқықтық база құру жұмысы жалғастырылды, бірінші кезекке шетелдер стратегиялық ұлттық мүдделерді қамтамасыз ету тетігін қалыптастыру міндеті шықты.

1997 жылдан бастап Қазақстанның сыртқы саясатында үшінші даму кезеңі басталды, ол ел алдында жаңа ғаламдық жағдайлар тууымен сипатталады. Қазақстанның сыртқы саясатындағы бағдары «Қазақстан—2030» стратегиялық даму бағдарламасында ашып көрсетілді.

2003 жылы Алматыда Бейбітшілік пен өзара келісім жөніндегі Халықаралық конференция мен әлемдік және дәстүрлі дін өкілдерінің І съезі болып өтті. 2006 жылдың қыркүйек айында Астанада Бейбітшілік пен өзара келісім сарайында әлемдік және дәстүрлі дін өкілдерінің ІІ съезі, ал 2009 жылы ІІІ съезі болды.

2011 жылы 18 сәуірде Астанада Қазақстан халқы Ассамблеясының ХVІІ Құрылтайы өтті.

Міне, осы маңызды мәселелер жөнінде мұғалім тереңірек мәлімет беріп, сабақтың мазмұнын аша түсуі қажет.

Қосымша газет, журнал материалдарын пайдаланып, реферат жазып келу.

Тақырыптар:

1) 2010 жылы Қазақстан Республикасының ЕҚБҰ-ға төрағалық етуі;

2) 2011 жылы Қазақстан Республикасының Ислам Конференциясы Ұйымы мен Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына төрағалық етуі.

§ 46. ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ МӘДЕНИЕТІ

Сабақтың білімдік мақсаты. Қазақстанның тәуелсіздік жағдайында мәдениет саласында болып жатқан өзгерістер, рухани салалардағы жаңалықтар және “Мәдени мұра” бағдарламасы туралы оқушыларға мәлімет беру.

Сабақтың дамытушылық мақсаты. Оқушылардың білімге, ғылымға деген ынтасын арттыру.

Сабақтың тәрбиелік мақсаты. Адамгершілік пен эстетикалық тәрбие беру.

Тірек ұғымдар. Тарихи сананы қалыптастыру; ғылым мен білім саласындағы жетістіктер мен кедергілер; Президент Жарлықтары мен Үкімет қаулылары, олардың орындалуы; жаңа ғылыми басылымдар, ғылыми-технологиялық саясаттың негізгі қағидалары, міндеттері мен мәнін ашу.

Көрнекі және дидактикалық құрал. Президенттің Жарлықтары; Үкіметтің қаулылары мен шешімдері; «Қазақстан Республикасының білім туралы» Заңы; «Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының құрылуы»; 1995 жылғы Конституцияның 30-бабы; Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы Заңының» 6-бабы; өртүрлі мерейтойлардың аталып өтілуі; Жамбылдың 150 жылдығы; Мұхтар Әуезовтің 100 жылдығы; Түркістанның 1500 жылдығы; Қаныш Сәтбаевтың 150 жылдығы; Тараз қаласының 2000 жылдығы.

Сабақтың нәтижесі. Оқушылар халықтар тұтастығы мен жалпыұлттық татулық, ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы ұғымдарының мәнін түсінеді, қазіргі кезеңдегі дамыған білім, ғылым және мәдениет саласындағы өзгерістерден мағлұматтар алады.

Сызба-кестені интерактивті тақта арқылы пайдалану. Бұл материалдарды оқушылардың саналы түрде меңгеруі; олардың ойларын ортаға салу үшін сабақты іздену, зерттеу түрінде ұйымдастырған дұрыс. Ол үшін оқушылардың білімдік шеберліктері мен дағдыларын қалыптастыруға және өз бетімен қосымша іздену жұмыстарын пайдалана білуге үйрету қажет. Сабақтың мазмұны қазіргі өмірмен тікелей байланысты болғандықтан, оны пікірталас тудыратын сұрақтар қою арқылы конференция сабағын өткізген дұрыс.

КОНФЕРЕНЦИЯ САБАҒЫНЫҢ ҮЛГІСІ

Мұғалімнің кіріспе сөзі: — Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздік алуы тарихи сананы жаңаша қалыптастыруда зор рөл атқарады, бұқаралық сананы өзгертуге, ұлттық дәстүрді қайта жаңғырту, тарихи үдеріс болып табылады. Бұл ретте 1997 жыл — Президент Жарлығымен «Жапнай ұлттық татулық және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы»; 1998 жыл — «Халықтың тұтастығы мен ұлттық тарих жылы»; 1999 жыл — «Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастық жылы»; 2000 жыл — «Мәдениет жылы»; ал 2001 жылы — «Тәуелсіздікке — 10 жыл», ал 2011 жыл “Тәуелсіздік пен жасампаздыққа 20 жыл” деп жарияланды. Мұның өзі өткен тарихтан келешек үшін тәлім-тәрбие алуға, бұқаралық сананы көтеру арқылы қоғамның даму жолын қайта зерделеуге септігін тигізді.

Келесі екінші, үшінші, төртінші тақырыпшалар бойынша оқушыларды 5 топқа бөліп, олардың өздеріне сөз береді. Өрбір топ іздену арқылы қосымша газет, журнал, тарихи, әдеби материалдардан оқыған, жазған шығармалар туралы өз ойларын ортаға салып, қойылған сұрақты түсіндіреді, дәлелдейді.

I топқа қойылатын сұрақ:

— Кеңестік кезеңде Қазақстанның ғылым-білім салалары неліктен дамымай қалды?

Оқушылар оның себептерін айтады: — ғылыми зерттеулердің жүзеге асырылуы КСРО кезеңінде орталықтан қадағаланды;

— Қазақстанның ғылыми-техникалық әлеуетінің басым бөлігі қосалқы түрде болды;

— Ғылым академиясы мен оның салалық мекемелері өзара тығыз байланыста болмады;

— экономикалық дағдарыс салдарынан ғылымды қаржыландыру едәуір қысқартылды;

— 1990 жылдардағы ақшаның құнсыздануы ғалымдардың айлық жалақысын төмендетті, көптеген жас дарынды мамандар бизнеске, шетелге кетті.

II топқа қойылатын сұрақ:

— Ғылым мен білім саласындағы аталған кемшіліктерді жою үшін Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі қандай шараларды жүзеге асырды?

Оқушылар: — Министрліктің ұсынысына сәйкес 1992 жылы Қазақстан Республикасының Президенті «Ғылымды жетілдіру және республиканың ғылыми-техникалық әлеуетін дамыту туралы» Жарлыққа қол қойды. 1992—1993 жылдарда ұлттық ғылыми орталықтар құрылды. Олар — электроника және байланыс; информатика және есептеуіш техника; биотехника; экология және жаратылыстану бойынша; минералдық шикізаттарды кешенді түрде өңдеу; жаңа және ғарыштық технологиялар бойынша орталықтар, — деп, оқушылар бірін-бірі толықтырады.

III топқа қойылатын сұрақ:

— Мемлекет тарапынан ғылыми саланы реформалауда қандай шаралар жасалына бастады?

Оқушылар: — 1996 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасында ғылымды басқарудың мемлекеттік жүйесін жетілдіру шаралары туралы» Жарлығы шықты.

— 1998 жылы «Қазақстан Республикасында бірыңғай ақпарат кеңістігін құру және дамытудың мемлекеттік бағдарламасы туралы» — Президенттің Жарлығы мен Үкіметтің қаулысы шықты.

— Қазақстан Республикасының Үкіметі 2010 жылға дейінгі кезеңге арнап ғылыми-техникалық және қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар бойынша 47 бағдарлама жасады, оларды қаржыландыру 2001 жылы қабылданған «Ғылым туралы» Заңда анықталған.

Мұғалім: — Осылайша, Республикамызда ғылыми-техникалық саясат тұжырымдалды. Бұл саясат ғылымға сүйене отырып, ресурстарды үнемдеуге, жоғары технологиялық өнімдерді экспортқа шығару, шикізат өнімдерін өндіруге маманданған технологиялық бағытты интеллектуалдық-ақпараттық бағытқа ауыстыруға, бұл үшін жоғары білікті мамандарды даярлауға бағытталған, — деп қорытынды жасайды. Сонымен қатар 2010 жылы 7 желтоқсанда Елбасы жарлығымен 2011—2020 жылдарға арналған Білім беру бағдарламасы енгізілді. Ол “Ғылым мен білімнің индустриясы” деп аталды.

Келесі IV топқа қойылатын сұрақтар:

- Тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінде білім жүйесінде қандай қиындықтар болды?
- Халықаралық білім кеңістігіне ену үшін ықпалдастықтың қажеттілігін қалай түсінуге болады?

Келесі V топ оқушылары:

- Үйге берілген 2011 жыл “Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік пен жасампаздыққа 20 жыл” атты тапсырма бойынша талдау жасап, дәлелдейді.

Оқушылар осы сұрақ төңірегінде ойларын ортаға салады: — 1995 жылғы Конституцияның 30-бабында көрсетілген баршаға бірдей міндетті болып есептелетін толық орта білім алуды мемлекет тегін жүргізеді, мектеп бітірген жас жеткіншектің қандай оқуға түсіп, мамандық таңдауы өз еркімен қалауына байланысты.

— Республика мектептерінде барлық тілдер бойынша керекті оқулықтар мен әдістемелік әдебиеттерді басып шығару ең маңызды мәселе болып отыр.

Қазір Қазақстанда еуропалық типтегі білім беру үдерісі қанат жайып келеді.

— 1997—1998 жылдардан бастап жалпы білім беретін мекемелерде ақпараттандыру мен компьютерлендіру бағдарламасын орындау міндеттері жүзеге аса бастады.

Білім берудің қосымша және баламалық мекемелері өмірге келді. Білім алу мен білім берудің әлемдік кеңістігі ұлғайды.

Мұғалім: — Дүниежүзілік білім беру үрдістеріне сәйкес Қазақстанда үздіксіз білім беру жүйесі енгізілуде. Нарық-

тық экономиканы дамыту үшін кадрларды даярлау, қайта даярлау, жас мамандардың іскерлігін жетілдіру жүйесі барған сайын дами түсуде.

Жалпы сұрақ:

Қазақстандағы демократиялық даму, экономикалық реформалар мен білім және ғылым салаларында ғана емес, мәдениетте де үлкен өзгерістер әкелді. Олар қандай өзгерістер?

Оқушылардың жауабы: — Мәдениет саласында жекеменшік нысандары пайда болды. Сөз еркіндігі берілді, дербес шығармашылықпен шұғылдануға жол ашылды.

— Жекеменшіктік нысанға көшуге байланысты мәдени мекемелердің көпшілігі, атап айтқанда, кинематография, туризм, спорт, шоу, теледидар, концерттік ұйымдар, т.б. өзін-өзі қаржыландыратын болды.

— Нақты мәдени жобалар мен бағдарламалар жасалынды, оларды түрліше жолмен қаржыландыру жүзеге асырылды.

— Ұлттық маңызға ие мәдени мекемелерді мемлекеттік қаржыландыру сақталып қалды. Олар — кітапханалар, мұражайлар, театрлар, демалыс саябақтары тағы басқалар.

Бұдан бұрынғы идеологиялық жүйенің күйреуі рухани өмірдің дүр сілкінуіне, ұлттық салт-дәстүрдің табиғи жаңғыруына түрткі болды. Республиканың бүгінгі өмірінде бұған мысал жеткілікті. XX ғасырдың 90-жылдарынан бастап «Наурыз мейрамы» қайтадан салтанат құрды. Ол республикада тұрып жатқан барлық ұлттардың ортақ мерекесіне айналды. Қазақ халқының көне ауызекі өнерінің бірі — айтыс қайтадан дамыды.

Сонымен қатар мемлекеттік “Мәдени мұра” бағдарламасын жүзеге асыру барысында жаңадан археологиялық және тарихи, мәдени жазба ескерткіштерін ашу, оларды қазіргі заманғы аудиожазбаларға көшіріп жазу, зерттеу жұмыстары жүзеге асырылуда. Мысалы, Дамаск қаласындағы Сұлтан Бейбарыс кесенесін, Абылайхан Ордасын қалпына келтіру, т. б. 2011 жылы 30 қаңтар — 6 ақпан аралығында Астана мен Алматы қалаларында VII қысқы Азия ойындары өтті. Қазақстан құрамасы Қысқы Азия ойындарында жаңа рекордтар жасады. Азида ойынына 27 ел қатысты.

Мұғалім оқушылардың ой-пікірін тыңдай отырып, қорытынды жасайды.

Мұғалім: — Олай болса, балалар, ХХ ғасыр қазақ халқы үшін, және қазақстандықтар үшін үміт пен күдікке, қым-қиғаш қайшылықтар мен нәтижелі күреске толы тарихи кезең болды.

ХХІ ғасыр Қазақстан мемлекетінің гүлденуі мен өркендеу ғасыры болуға тиіс. Сөз жоқ, жекетұлғаның, адамның, рухани өміріндегі өзгерістер басталады, рухани сана оянады.

(Ескерту. Бұл конференция сабағын өткізу үшін мұғалім оқушыларға 2-3 апта бұрын тапсырма береді).

Үйге тапсырма. Осы өткізілген конференция сабағы туралы пікір жазып келу. § 46 материалдарын қайталау.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
Қазақстан тарихын оқытудың кейбір әдістемелік мәселелері.....	4

I тарау. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК ЖОЛЫНДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КҮРЕСІ

§ 1. Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстардың даму кезендері, ерекшеліктері, тарихи маңызы	9
§ 2. Қазақ халқының жоңғар басқыншыларына қарсы азаттық күресі	13
§ 3. XVIII ғасырдың екінші жартысындағы Ресей отаршылдығына қарсы ұлт-азаттық қозғалыстар	16
§ 4. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы ұлт-азаттық қозғалыстар	20
§ 5. Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған Ішкі (Бөкей) ордадағы ұлт-азаттық көтеріліс	24
§ 6. XIX ғасырдың орта кезеңіндегі қазақ шаруаларының патша үкіметінің отаршылдық саясатына қарсы күресі	27
§ 7. 1868—1870 жылдардағы Орал, Торғай және Маңғыстау қазақтарының отаршылдыққа қарсы күресі.....	29
§ 8. 1905—1907 жылдардағы революция кезіндегі Қазақстан	32
§ 9. 1916 жылғы Қазақстандағы ұлт-азаттық көтеріліс	35
§ 10. 1917 жылғы революция кезіндегі Қазақстан	39
§ 11. XX ғасырдың 20—80-жылдарындағы көтерілістер, қозғалыстар	41

II тарау. XX ҒАСЫРДЫҢ БАС КЕЗІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЯСИ ПАРТИЯЛАР МЕН АҒЫМДАР

§ 12. 1900—1917 жылдардағы Ресей мен Қазақстандағы қоғамдық-саяси жағдай	47
§ 13. Қазақстандағы саяси партиялар	50
§ 14. Алашорда және Түркістан автономиялары	57

III тарау. 1920—1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ САЯСИ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

- § 15. Қазақстандағы ұжымдастыру 62
§ 16. Голощекин геноциді және қазақ ауылының қасіреті 66
§ 17. Қазақстандағы индустрияландыру 67
§ 18. Қасіретті жылдар 73

IV тарау. 1920—1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ МӘДЕНИ ӨМІР

- § 19. Саяси ағарту мен мектеп жүйесінің құрылуы 75
§ 20. Қазақстанда кәсіптік білім беру жүйесінің қалыптасуы 77
§ 21. Ғылымның дамуы 80
§ 22-23. XX ғасырдың 20—30-жылдарындағы Қазақстан
өдебиеті мен өнері 82

V тарау. ҚАЗАҚСТАНДА ТҮРАТЫН ӨЗГЕ ЭТНИКАЛЫҚ ТОПТАР

- § 24. Патша өкіметінің көші-қон саясаты 85
§ 25. Кеңес өкіметінің көші-қон саясаты. Халықтар
депортациясы 88
§ 26. Кеңестік дәуірдегі жоспарлы көші-қон 91
§ 27. Қазақстандағы көпұлттылық 93
§ 28. Қазақстан халқы Ассамблеясы 98

VI тарау. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПАРТИЯ ЖӘНЕ КОМСОМОЛ ЖАСТАР ҰЙЫМДАРЫ

- § 29. 1920—1930 жылдардағы Қазақстандағы партиялық
органдар 100
§ 30-31. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан.
1940—1980 жылдардағы Қазақстанның қоғамдық
өмірі 103
§ 32. Қазақстандағы комсомол жастар және пионер
ұйымдары 111

VII тарау. ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫ

- § 33. Диаспорология және диаспора ұғымдары. Қазақтың
шетке ауа көшу кезеңдері 113
§ 34. ТМД және алыс шетелдердегі қазақтар 117
§ 35. Қазақтардың Дүниежүзілік Құрылтайы 124
§ 36. Шетелдердегі қазақтардың атамекеніне оралу мәселелері 128

VIII тарау. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЭТНОГРАФИЯСЫ

- § 37. Қазақтың дәстүрлі мал және егін шаруашылығы 130
§ 38. Қазақтың дәстүрлі үй кәсіпшілігі мен қолөнері 131

§ 39-40. Қазақтың дәстүрлі заттық мәдениеті	132
§ 41. Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері	133

**IX тарау. ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
(1991—2011 жж.)**

§ 42. Қазақстан Республикасының саяси жүйесіндегі өзгерістер	134
§ 43. Қазақстандағы сайлау жүйесі	138
§ 44. Нарықтық экономика қатынастары	141
§ 45. Қазақстан және дүниежүзілік қауымдастық	145
§ 46. Тәуелсіз Қазақстанның мәдениеті	149
Конференция сабағының үлгісі	150

Учебно-методическое издание

**Сауенова Роза
Нугманова Нагима Сакановна**

ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНА

Методическое руководство

Пособие для учителей 11 классов
общественно-гуманитарного направления
общеобразовательных школ

(на казахском языке)

Второе издание, переработанное, дополненное

Редакторы *А.Тажидова*
Көркемдеуші редакторы *Д.Болатов*
Техникалық редакторы *А.Сәдуақасова*
Корректоры *Ж.Баймағамбетова*
Компьютерде беттеген *И.Алмобаева*

Баспаға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
№ 0000001 мемлекеттік лицензиясы 2003 жылы 7 шілдеде берілген

ИБ № 2843

Басуға 03.05.11 қол қойылды. Пішімі 84x108^{1/32}.
Қағазы офсеттік. Қаріп түрі «Школьная». Офсеттік басылым.
Шартты баспа табағы 8,40. Шартты бояулы беттаңбасы 8,51.
Есептік баспа табағы 8,11.
Таралымы 1500 дана. Тапсырыс № ...

“Мектеп” баспасы, 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй
Факс.: 8(727) 394-37-58, 394-42-30.
Тел.: 8(727) 394-41-76, 394-42-34.
E-mail: mektep@mail.ru
Web-site: www.mektep.kz